84Қ7-5
С52.

Софы

СМАТАЕВ





# Мейрамсопы – Қарқабат

## Ботама батам!

Уай, ұрпағым! Өсіп-өнер арысым!
Бақ қарасын!
Қыдыр қонып дарысын!
Азамат қып аяласын ел-жұртың,
Жеңісімен аяқталсын әр ісің.
Табысыңмен жақыныңды қуантсаң,
Елең етсін әр даңқыңа алысың.
Еркін елдің ұлы етіп өсіріп,
Өзегіңді өртетпесін намысың.
Жұмағымда аунап түсіп жатайын,
Жер түбінен жеткен кезде дабысың!

Әумин!
Мейрамсопы бабаң



84(5Ка3)7-5
С52

Софы
СМАТАЕВ

# Мейрамсопы – Қаржабай

*Сыр-дастан*

«Алманар»
Алматы
2010

**УДК 821.512.122**
**ББК Қаз 7-5**
**С 52**

**СМАТАЕВ С.**
**С 52 МЕЙРАМСОПЫ - ҚАРҚАБАТ:**
**Дастан. - Алматы: «Алманар», 2010 - 208 бет.**

**ISBN 9965-9742-8-4**

Казақтың классик жазушысы, адуын ақын, айтулы сөз зергері Софы Қалыбекұлы Сматаевтың бұл дастаны - Әз Жәнібек ханның уәзірі болған қасиетті Мейрамсопы бабамыз бен Қаракесектің ұранына айналған киелі Қаркабат (Күнай) анамызға арналған. Ұрпақтарына игілік пен ізгілік тілейтін кос киелі рухқа перзенттік тағзым - бұл еңбек.

**С $\frac{4702250202}{00(05)-10}$**

...ДАНЫ ӘКІМДІГІ
...МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 10520

**УДК 821.512.122**
**ББК Қаз 7-5**

**ISBN 9965-9742-8-4**

**© СМАТАЕВ С., 2010.**
**© «АЛМАНАР», 2010.**

I

Өткен күннің төңкеріліп бұлты кеп,
Тар кеудемнен атылады күркіреп.
Көз алдымнан керуен-ғұмыр көшеді,
Жаспен бірге өңіріме сіркіреп.

«Тарихпен ақын мәңгі егіз!» деп,
Бір түйсікке тіреле ме негіздеп?
Күндіз есті, түнде түсті бөледі,
Мүлгіп жатқан жүрегімнен мені іздеп.

Мені іздейді миды шағып жаңғырық,
Аңызымен ой-бойымда жаңғырып.
Азанымен, азабымен қинайды,
Өзегімді өрт шалғандай жандырып.

Ғ асырлардың жаңғырығы тынбайды,
Дірілдетіп суық Күнді, мұңлы Айды.
Салқын санам сезімімді түрткілеп,
Оянады бір қуаныш... мың қайғы.

Қуалайды бар күдікті бір үміт,
Бір қуаныш мың қайғымен бірігіп.
Үн жетеді томсырайған тылсымның
Қойнауынан қопарыла тіріліп.

Үн жетеді құдіретті бір өктем,
Аулап сырды қобалжыған жүректен.
Қыл ішегін шертті ме екен жанымның
Жалғасқандай Мәңгілікпен дір еткем.

Әмірімен көкей кескен бір үннің,
Өгейсіткен өткен күнге үңілдім.
Жер түбінен желпіп жетті лебізі
Казағынан туа салған ірі ұлдың.

Талай күннен, талай түннен жыл өсіп,
Мың сүрлеуге жалғасады бір есік.
Өткен шаққа ой көзімен үңілсем,
Тар кеудемнен коя берер мұң есіп.

Жел айтатын, жер айтатын аңыз көп,
«Мейрам бабаң болған нағыз абыз!» деп.
«Көл боп шалқыр естелікке көңілде
Бірер тамшы көздің сызын тамыз!» деп.

Талай жылға мінгесіпті ғасырлар.
Ғасыр сырын көшкен таудың тасы ұрлар.
Көкіректен кұр күрсініс атылып,
Еміс-еміс елестейді асылдар.

Атақ-даңқын Ай мен Күнге асырған,
Асылдарды ғасырларым жасырған.
Мен солардың өзі, көзі болсам деп,
Іздеріне-ақ қағбамдай бас ұрғам.

Кызығы жоқ қу өмірдің қинағыш
Шерін, зарын шөпілдетіп жиған іш.
Құлақ болып күйіп-жанып тындаймын
Күңіреніп құлазыған күйді алыс.

Күй ызыңы жан-жүйемді тербеген,
Бойды кернеп, күйік көшкен жерменен.

Баяғының аяңына ілесіп,
Баяғының мұң-зарымен шерленем.

Сұм өмірдін уын судай сіміріп,
Келем әлі көз кеткенше жұмылып.
Ызың-ызың күйден өскен күйіктен
Кете жаздар Ай тұтылып, Күн іріп.

Жасағандай Тәңір Хаққа сиыныс,
Осы күйден табам дәру, сүйініш.
Тұла бойым ұйып, балқып, елжіреп,
Коя берер іле-шала күйіп іш.

Күй-құдірет уысына сығымдап,
Көмейіме өксігімді тығындап,
Боздақ үнді қоздатқанда қойқаптан
Сағыныштың сазы жетті шырылдап.

Өкпем өшіп, алып ұшып жүрегім,
Даламның ба,
Бабамның ба тілегін
Жеткізуге ұрпақтарға бүгінгі
Ғасырлардың қатпарына кіремін.

II

Өзбек, қазақ кезі еді бөлінбеген,
Кейі зарлы, кейі мұң өмірменен
Жабығулы, жамаулы күн кешкен соң
Кібіртіктей беретін көңіл дөнен.

Иесі боп өкім мен жарлығының,
Өзбек, қазақ - көк орда хандығының.
Әбілқайыр орнатты өз тәртібін,
Белден басып даланың заңдылығын.

Шектеп, бүктеп низамның қыры-сырын,
Жанын жаншып шыңғыртты ұлысының.
Көшпелі ұлттың өзегін отқа қарып,
Өшіруге айналды тыныс, үнін.

Бастан ерік кеткен-ді, елден ырық,
Қылғындырып түскен-ді ерге құрық.
Азабынан қазағым арылмады
Жерге еңкейтіп койған соң белден ұрып.

Шеккен сайын шемендеп азап, мұңын,
Аңсай іздеп кешегі азаттығын.
Зар үніне ар үні араласты,
Төңкермекке төбеден мазақ түнін.

Уайым көп жүздерге конақтаған,
Көп үмітті кеудеге жолатпаған.
Арыстандай Айға тік атыла алмай,
Бір аттарды Алашым он аттаған.

Қапасына қамалып күйікті еткен,
Ыза-кегін жүрекке үйіп-төккен
Дайырқожа-Ақжол би - ұлы қазақ
Ар-намысты асқақ қып биіктеткен.

«Көре тұрып жұртыңның жылағанын,
Таба алмасаң жұбатар бір амалын,
Керегі не сұм ханға уәзір боп,
Берекесіз беделді құрағаның».

Осы шердің көкейге түсті де өрті,
Өсе берді күн сайын ішкі дерті.
Қор болған ғой корқауға көзін сүзіп,
Тым болмаса байланбай күштіге еркі.

Қапалы ойдың талпынар биігі бар,
Ашығы бар адамның, тұйығы бар.
Дайыркожа тынымсыз тамыр басып,
Тілектесті іздеді күйін ұғар.

Шыдай алмай қинаған азабына,
Азаттықты аңсады ол қазағына.
Өз алдына отау боп бөлінуін,
Қол сұқпауын өзгелер казанына.

«Көп қорлыққа бас шұлғып көнбес бүгін!»
Осы ой түртіп, жанына бермес тыным.
«Қазағымның хандығын қайта орнатып,
Тудырсақ қой оң жақтан дербес күнін!».

Күрсінуден бетер боп жай күлгені,
Өте берді қайраумен ай, күндері.
Маңайына топталды доптай болып,
«Елім!» деумен еміренер айбынды ері.

Көбейгенде ұлтынын зары, шері,
Лаулағанда өрт болып жаны, кегі,
Көз, көмейден кып-қызыл жалын атып,
Жетті Акжолға Бapprox Барактың Жөнібегі.

Сезіп ерлер шер менен зардың исін,
Көкіректерге қыжылды әркімі үйсін.
Азаттықты алуға арам колдан
Ант берісіп тарасты Арғын, Үйсін.

Зұлымдықты мойынға салған құрық
Кетті ерлерім жоймақ боп, арман қуып.
«Акжол!» десті Акжолдың бастамасын
Өздерін де, өзгені алдандырып.

**III**

Кеуделерден сыр анду із кескенде,
Оп-оңай ғой «сіз бенен біз» дескенге.
Ел айтпаса өсекті, жел айтады
Құлақ түргіш пыш-пышқа түзде өскенге.

Жеткен бойда сыбыс хан құлағына,
Үрей болып өзекке құлады да,
Қара бұлт боп күн көзін жаба койды,
Сыз бен мұзды тоғытып «жұмағына».

Әбілқайыр ордада аласұрды,
Ішке бүгіп ашуын, таң асырды.
Қанша жерге көмбенді жасырғанмен
Алып қашып кетпей ме дала сырды.

Ашылды сыр. Тасынды ісіп кеуде.
Зіл мен ашу кеудеде күшіктеуде.
Хан зіркілін капысыз кадағалар
Табылады бар кезде «пысык кеуде».

Мүлт жібермей өштіктің кас кағымын,
Қобландыны шақырды - бас батырын.
Хан тапсырды уәдені үйіп-төгіп,
Қазағымның «Өлтір!» деп аскак үлын.

Бақталастық асылды жасық етер,
Ар-намысты табанға басып өтер.
Өрге ұмтылар жаксының сондай сәтте
Домалайды-ау төменге тасы бекер.

Бас батырды Ақжолға кырбай кылып,
Акыл-есті бір есер ұрлайды үміт.
«Ханға ұнайсың кас жауын жазым етсең»,
Деген ойды жүрегі тындайды ұлып.

Адалдықты ұстаған ес білгелі
Шарт сынды да, жүректің өшті ілгегі.
Бақастықтың дуылдап кызу қаны
Ардың үні түншығып естілмеді.

Кеудеге зіл, көзге зәр толған күні,
Әзәзіл ой тайдырды жолдан мұны.
Сүр жебесін қадалтып ар ұлына,
Қасиеттен айырды Қобландыны.

Ойнақтатып Ақжолсыз атты ғана,
Тұяк тепкен күрсініп жатты дала.

Дос жүректен қып-қызыл қан ағызды,
Жауыз жебе қабатын жатты ғана.

Үйіргенде ел-жұртын көкжал кабан,
Іздеп еді-ау халқына ақ жолды адам.
Есе тілер ерегіс ерді есіртіп,
Қапияда көз жұмған Ақжол бабам.

Ұлы өкініш жүрегін түйреп қысып,
Бір-ақ сәтте мүжіліп, күйреп түсіп,
Алып кепті ауылға батыр биді
Күйігіне биігін билеткізіп.

**IV**

Қасіреті қайғының түйреп белден,
Ыза жасын ып-ыстық сүйретті елден.
Жәнібекті, Қоданды хан алдына
Ашу мен кек түнертіп сүйреп келген.

Шүйілгенде құн сұрап мынау елі,
Хан ордасын теңселтті мұң әуені.
Айға білер азуын арыстандай
Алты алаштың атақты жырауы еді.

Өксігімен жанының өсіп кегі,
Қар боратып кеуденің тесіктері,
Қодан жырау назасын аңыратты.
Көк Орданың бүрісті есік-төрі:

«Қарақыпшақ Қобландыда
Нең бар еді, құлыным!

Сексен асып таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ғой жұлыным.
Адасқанын жолға салдың
Бұл ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жаққан шырақ
Жалғыз күнде құрыдың!
Қарақыпшақ Қобландыда
Нең бар еді, құлыным!

Құшағымнан ұшып шыққан
Қыраным ең аспанға.
Өң беріп ең, дем беріп ең,
Қуғанға да, қашқанға.
Қазағыңа қанатыңмен
Су сеуіп ең, құлыным!
Жол табам деп ұлысыңа
Ұлардай боп сасқанда.

Қарақыпшақ Қобландыда
Нең бар еді, құлыным!
Бөлтіріктен айырылған
Көкжалдай боп ұлыдым.
Хан жазасы жан қазасын
Тұқыртпастан берді ме,
Көк Орданың бұйрығымен
Үзілді ғой жұлының!
Қалың қазақ өрттей лаулап
Жетті уай, хан, алдыңа
Қауып түсер енді өзіңді
Қанішерлік қылығың.
Қарақыпшақ Қобландыда

Нең бар еді, Дайырым!
Әділ би ең, уәзір ең,
Адалдық - бар айыбың!
Кеме кылып жеткізем деп,
Өткізем деп дауылдан
Үмтылып ең казағыңның
Қалт-култ еткен кайығын.
«Аттандатып» Алашыңа
Озан-ұран тастап ең,
Әбілкайыр ханға бүгін
Естілмейді-ау жай-үнің.
Қаракыпшак Қобландыда
Нең бар еді, Дайырым!

Омырауды канға бояп,
Көзден жасым үзілді.
Жазсын Тәңірім мақшар күні
Бір көруге жүзінді!
Қобланды емес, ханнан ғана
Сұрап сенің құнынды
Көк Орданы қоршап алып,
Арғын, Найман тізілді.
«Азаттық!» деп сен бастаған
Сілекейдей сүрлеуден
Даңғылына айналдырмақ
Аттаңдатып ізінді.
Қаракыпшақ Қобландыда
Нең бар еді, кұлыным!
Жүрегімді жұлкындырып
Жұлын-жүйкем үзілді.

Кастандык пен жауыздықтың
Хан пердесін түргесін,
Ажыратты халқың бүгін
Көк Ордадан іргесін.
Көнбіс қүлдай көзін сүзіп,
Мазак болған қазақ ем,
Пәк жаныңның қазасымен
Кайта оянып кірді есім!
Тас бұғауды быт-шыт етіп,
Талкандадык түрмесін!
Карақыпшақ Кобландыны
Каракеттеп кайгейін,
Батыр емес, хан жырткыш боп
Кан құмартып үргесін!

Адалдық пен әділдіктің
Үстаған соң ақ жолын
«Акжол!» атқа ие боп ең,
Дайыркожам — Акжолым!
Халқың бүгін азаттықтың
Ақ отауын көтерді.
Салар ертең Көк Ордаға
Кызыл өрт гіен ак жалын!
Каракыпшақ Кобландыны
Неге ертпедің, Акжолым!

Ерте алғанда Кыпшағыңды,
Тырп етпес ед хан мынау.
Жұлынар ед мойнымыздан
Тұзағы мен қарғыбау!
«Канға қан!» деп ханның басын

Шауып қана түсірмей,
Неғып мүлгіп тына қадцың,
Үйсінім-ау, Арғын-ау!
Ой-бойынды шырмады ма,
Арыстан боп Айға ұмтылмау,
Жолбарыс боп қарғымау?

Ханды турап, Көк Орданың
Шығармасақ ойранын,
Басылады қарғыс таңба
Сүйектерге, бойға мін.
Кек пен қайрат сөніп қап пед
Арғын, Керей, сендерде,
Түскеннен соң жанға жара,
Жүрекке зіл, ойға мұң.
«Кегім!» деуге жарамайды-ау
Қарақожаң - Құланың.
Дәл өзіндей болар, ұлым,
Жас немере — Мейрамың!

Балаң емес, Мейрамсопың
Үстайды әлі басты үлкен.
Тәубам сонда!
Төге бермей
Көкіректен жасты іркем.
Тар болғанмен жердің үсті,
Көк аспанның асты кең.
Арғын, Алшын! Дауыл боп соқ
Ал, «Аттанға!» бастым мен!»

V

Арғын, Алшын, Жалайыры, Керейі,
Үйсін, Найман — Көк Орданың өгейі
Хан тауында шаңырағын көтерді
Қазақтардың үстем болып мерейі.

Қара жерге еркін тисе майтабан,
Жүрек шіркін асып-тасып айтады ән.
Азат қазақ туын тігіп жаңғыртгы
Орыс ханның Ақ Ордасын қайтадан.

Есенбұғы — хан ед моғол елінің,
Қосты тілек Жәнібекке беріп үн.
Баспақ болды самсап жеткен қазақпен
Асқақтаған көршілердің желігін.

Берді алашқа Шу, Бадам мен Таласты,
Қаткыл өңге күлкі оралып, жарасты.
Қозыбасты кысқы қоныс етіп ап,
Жаңа хандық Қаратаудан әрі асты.

Бір тізгінге, жөндер кездеісінді
Екі колдың жармаспауын түсінді.
Болат ұлы Керей сұлтан хан тағын
Өз колымен Жәнібекке ұсынды.

* * *

Шағатайлық шайқап өзбек^льйТ»ш^Тйй«іп--------- 1
Құлаш жайып кеніткеыйоң,

- І&Ф.

Қанды, Қыпшақ, Қоңыраты құйылып,
Бастагі кетті Қазахия ұлы ісін.

Қаһарланып далалық зор қайратпен,
Тоқайласты орыс, манғұл, ойратпен.
Жылдан жылға Тау, Даласын көбейтіп,
Өксігімді қазақылық жойды өкпем.

Азат тірлік асқақтатар адамды,
Көне низам таза үрдіспен жаңарды.
Жас биі етті жанға тартып Жәнібек
Ертіп алып Мейрамсопы бабамды.

Тұңғышы еді ол Дайыр ұлы Құланның,
Он жетіге толған жасы ұланның.
Атасындай, Ақжол бидей
Адасса ел
Жол табатын түнегінен тұманның.
Тынып қалмай күйкі тірлік күйбеңмен,
Жақсылардан жақсы өнеге үйренген.
Сыйлап ерді, көрді өзі де сыйды елден,
Қасиетін хас Оғланның жиды елден.

Әділеттің жалғастырды сүрлеуін,
Қысқа жіптің келістірді күрмеуін.
Көп тырысты тікенек боп қадалар
Қиянаттың кеуделерге кірмеуін.
Адалдыкка адамзатты ұйытып,
Болдырмады аппақ ардың кірлеуін.

Асыл, асқақ ер боп өсті пайымды.
Жаны жайсаң, елемейтін уайымды.

От пен оқта шыңдалды да шырқады,
Дауда талқы, жаудан жылқы айырды.

Құлаш ұрды айдынында өнердің,
Тіл-санаға,
Ділге дәнін себер дін.
Ай астында әуелетіп ән шырқап,
Күйін тыңдап, сығалайтын келер күн.

Жауды қырған жеке батыр жандай боп,
Айтысқанда түсіп кетер таңдайға от.
Он саусағы перне бойлап кеткенде,
Көкіректен күй таматын балдай боп.

Бастан аттап жеңетұғын алысса,
Бас бәйгені бермейтұғын жарысса.
Тілдің майын тамызатын тамсантып,
Дауға түсіп, тас билікте қарысса.

Шарадай боп ортасында көп тостақ,
Өсіп келе жатты ұлан топ бастап.
Қырандай боп қыр жігіті түледі,
Қыз-қырқынның жүрегіне шоқ тастап.

Алдына сап мыңғырған мал-мүлікті,
Ерге айналды білекті һәм білікті.
Қолына ұстап бүкіл Арғын тізгінін
Ел-жұртының назарына ілікті.

Сонау көктен ақ сүтімен тамса Айым,
Сол бабамды сонша мәрте аңсайын.

Қайран бабам құдірет қой, құдірет,
Өсіп жатты ат-атағы таң сайын!

**VI**

Артқа тастап талай жыл мен ай, күнді,
Сақ-сақ күлді. Ұмытты Алаш қайғынды.
Ойда орыс, қырда ойрат, шүршіті
Маңдайға ұрар сезді шымыр айбынды.

Мөлдір сулы, көк шалғынды, тоғайлы
Құшақ ашты Ақ Ордаға ноғайлы.
Көп жеңістің мол жемісі құт болып,
Қанат жайып Қазахия коңайды.

Сол кезде де ауыз шықпай бір тұстан,
Жердегі емес, төрдегілер қырқысқан.
Тіл, ділі бір туыс өзбек, қазағын
Ардақтаған төрт қақпалы Түркістан.

Дуалында әуені мол бесіктің,
Базары бар,
Азаны бар мешіттің.
Маң-маң басқан түйе үстіне жарбисаң,
Шақырайар тас төбеңді тесіп күн.

Дала ұлына бұйым боп па күн көзі,
Әзіреттің көзді арбаса күмбезі
Ес-санаңды жаулап алып бір сәтте,
Дуана боп кетер едің мүлде өзің.

Сондай шақты шын исініп, кештің бе,
Жоғалады ой-бойыңнан сес мүлде.
Сен Аллаға,
Алла саған сіңгендей
Айналасың мұңлы, нұрлы кескінге.

Өзгешелеу соғып жүрек дүрсілі,
Сергітеді таңсық өксік күрсіні.
Өн-бойынды әдемі бір күй билеп,
Домалайды ыстық жастың бүршігі.

Тән ғана емес, қаның лаулап, жан ысып,
Үміт, күдік тар кеудеңде алысып,
Ырза болып құйын күймен сезесің
Аспан, Жердің ұйысқанын табысып.

Ажырайсың күйбеңдеткен тірліктен,
Бір аңсау бар қантамырда дүрліккен.
Көкіректе үрей толы шаттық бар
От жанады қарашықта нұр біткен.

Әлдебір сыр көмейінде тіріліп,
Тіл мен ділің шертер соны бірігіп.
Кіп-кішкентай бөлшегі боп Дүниенің
Күліп қана қойып кеттің кірігіп!

Күмп сүңгідің тылсым Әлем ішіне,
Еш кірмейтін өңің түгіл түсіңе.
Енгендей нақ какпасынан пейіштін
Перiште боп, елжірейтін кісіге.

Жүрегінді бұлқындырып сығымдар
Сылдыр, сыңғыр құлағында бір үн бар.
Қалғып жатқан сан-сан ғасыр сананда
Тіріледі ғарыштық пәк ұғымдар.

Тылсым сырдан әлгі сыңғыр тіл қатып,
Бір шығасың, сыр-толқынға бір батып.
Сен ғарышқа зымырайсың жұлдыздай
Өзегіңді өзегіне шырматып.

Сыр толады. Нұр орнайды жаныңа.
Мол еркіндік жылу құяр қаныңа.
Сұқтанасың нешетүрлі бояумен
Кеңістіктің сан мың атқан таңына.

Күлімдейсің жылап тұрып егіліп,
Үнді емесің жеткен Көктен төгіліп.
Сезінесің алақанын тосқанын
Суық Ғ арыш ыстық деммен емініп.

Тынды жүрек бір сұп-суық бүктеп от.
Көк пен Жер жоқ.
Өң мен түс жоқ.
Түк те жоқ.
Тәңірінің шалғайына жармасып,
Зымырайсың Кеңістікте нүкте боп.

Ұрмаған соң ұлы дүрсіл төсінді,
Құлақтағы сыңғыр әуен кесілді...
... Бір барқ еткен дауысымен түйенің
Әрең-әрең жинайсың сен есінді.

Көз бағжиып құбыжықты көргендей,
Басқа Әлемнен бұл Жалғанға енгендей,
Ереуілдер қайшыласқан кірпігің
Әлгіндегі әсем Дүние сөнгендей.

Тітіркенер ойың, бойың түршігіп,
Айрылғандай Мәңгіліктен бір шыбық.
... Жылауымен, күлуімен, шуымен
Дүрмегіне іліп алар Тіршілік.

Сен ересің әрең-әрең ілесіп,
Көкіректе өксігі мол мұң өсіп.
Көк күмбезді кесенеге жеткенде,
Ашылады қақ жарылып бір есік.

Ішке қарай аттағанда...
Кенеттен
Түйсігінді сыңғыр әуен және өпкен!
Ұшырғандай ғарышыңа тылсым күш
Қысылады ысып-суып жан, өкпең.

Перзенті боп елжірейсің тағы да,
Кездесіп сен мың сан атқан таңыңа!
Кеңістіктен еміс-еміс үн жетіп,
Құйылады ғажайып нұр жаныңа.

Ай сипалар тұрғанында бүрісіп,
Шуаққа орап жетер саған Күн ұшып.
Адам-Тәңір,
Болмыс-пенде
Табысып,
Ғаламға сен еніп кеттің, сіңісіп!

Еріп кеттің, сіңіп кеттің Ғарышқа.
Мәңгілікпен түстің лезде жарысқа.
Көз алдында сан құбылған ғаламды
Аттап өттің бір кідірмей қарыштап.

Сиқыр әуен, ғажайып ән, сыңғыр үн
Шексіздіктен аулап шолпы сыңғырын
Жеткен кезде:
«Адаммын!» деп дүрсілдер
Бос хаосқа сеуіп жүрек Күн нұрын.

Сол-ақ екен Ғарыш сиреп, сөгіліп,
Мол бояудан қара жолақ төгіліп,
Іліп алып сені төмен құлдилар
Өң мен түстің арасы қақ бөлініп.

Ораласың қара жерге қайтадан,
Жүрек енді сыңғыр үнмен айта ма ән?
Олай-бұлай өтіп жатқан кісіден
Табылмас жан тылсымыңды байқаған.

Дірілдейсің тұл денеңде қан ысып,
Өкпең өшер көмейіңе жабысып.
Білмесінші бір де бірі пенденің
Келгеніңді бір Киемен табысып.

Өткеніңді бір Құдірет тезінен
Түйсігіңмен,
Сезіп көңіл көзімен,
«Тәуба!» дейсің, кездескендей ырза боп,
Не Тәңірдің, не Болмыстың Өзімен.

Серпіп тастап күнәкарлық тұманын,
Жойылады, жоғалады күмәнің.
Жасағанға сенер-сенбес күйіңнің
«Алла - хақ!» деп ұғынасың тынарын.

Жалғыз Хақты бойлап таныр ұғыныс -
Адал жанда болатын тек құбылыс!
Сезбейді оны аяр, арам пенделер
Билеп алып ойын, бойын Ібіліс.

Сүйген құлын тазартып ап, жөндерде,
Жанға - рух,
Нұрды құйып өңдерге,
Мұсылманға хикметті Пір ұқтырар,
Сағанаға алғаш рет келгенде.

Мықтап ұстап ұстынынан тіректің,
Үнсіз жолдап ырзалығын тілектің,
Іштей пенде құлшылықпен қабылдар
Шырмалғанын Құдіретпен жүректің.

Кеудесіне әр боп, нәр боп тараған
Қасиетті сезінеді әр адам.
Ақ, пәк нұрдың мөлдіріне жуынар
Туғандай боп анасынан жаңадан...

...Түркістанда Мейрам сондай күй кешкен.
Көңіл - Көкпен,
Жүрек - Хакпен
Үйлескен.
Бір Алланы жан-тәнімен қабылдап,
Шығармаған баға жетпес сыйды естен.

Бар мен жоқтың қыры-сырын ұққанға,
Өмірінін өзегі боп жұқты Алла.
Мейрам бабам Мәңгілікпен табысқан
Сағанадан сенім байлап шыққанда.

Сергек сезім билеп алып мүлде өзін
Матап, бітеп тастағандай тіл, көзін,
Аттың басын туралады көрмекке,
Құдіретті Арыстан баб күмбезін.

Бір аңсату орнады да түріне,
Қарамады тірі жанның біріне.
Тәуап етіп, бас июге асықты ол
Иассауидай киелінің Піріне.

Көк күмбезге ысып, ұшып жеткенде,
Күйіп тұрып топырағын өпкенде,
Көк төсінен жасындай боп түскен нұр
Тік шаншылды бағана боп көк белге!

Еркін, ырқын ғаламат күш жеңді де,
Көз байланды кірпік қақпай әлгіге.
Тобасы мен тәубаға мың ұйыды,
Жолын нұсқар жорамалдап белгіге.

Үміт, күдік тайталасар сасқанда,
Құдірет қана жетелейді басты алға.
Сезді Мейрам ұрпағының атағы
Кететінін, жететінін аспанға.

Күрмелген тіл шешілгенде тілеуге,
Құлдық ұрды санадағы Біреуге.

«Ұлтым менен ұрпағыма жаса!» деп,
Жалбарынды жарқыраған Тіреуге.

Ырым қылды мынау ғажап нышанды,
Өсек, жала, жалған тірлік тұсалды.
Тар көкірек кең сарайға айналып,
Сергек сана жеңілместей күш алды.

Бір пәктікке жанасқанын жағалап,
Сезген кезде түйсігімен жобалап,
Көк күмбездің қағып алды кірпіші
Қос тамшыны көзден тамған домалап.

Әрең билеп тулап кеткен жүрегін,
Төгіп жатты іштей Хаққа тілегін.
Көз - Бағанда, көңіл Хақта тұрғанда,
Қарып түсті әлдене зат білегін...

Селт еткенде елес, ұғым тыйылды.
Өкіндіріп қалың қабақ түйілді.
Ашылғанда жасты көздің кірпігі,
Бір аппақ нұр жанарына құйылды.

Шоқ жайнатып қара көздер мөлдіреп,
Шуақ шашты әппақ жүзі елжіреп.
Әлгіндегі елес, ұғым тіріліп,
Қайта оралды,
Жанасқанда қол, білек.

Ақ саусақтар тәнді, жанды қарыды.
Сыңғыр әннің қанда оянды сарыны.

«Мынау жанар - Мәңгіліктін көзі ғой!»
Ынтықтырған бір сезімді таныды.

«Су құяйын, бетіңізді шайыңыз.
Дастарқанда күткен ыстық шайымыз!»
Ақ тістердің тасасынан төгілген
Дәмді болар лебізден қай уыз.

Аппақ тіске маржандай боп тізіліп,
Кім қадамас қара көзді сүзіліп.
Қызалақтың алгүл жанған жүзіне
Қарай берді ағасындай қызығып.

«Рахмет, айналайын, ақылдым!
Ә, жуайын. Айта қойшы, атың кім?»
Туыс іздер іңкәр тілек қысып ап,
Бара жатты тұлымшақты жақын ғып.

«Күнай атым, атқып шығар бір деммен.
Күн, ай атты ұмытыппын мүлдем мен.
Бір жасымда жауған қарды қапқанда,
«Қарқабат» деп кетіпті атап бір жеңгем!»

Сақ-сақ күлді нәрестедей тазалық.
Күлкі жуды. Ой, бой кетті тазарып.
Тау, далаға сол күлкімен нәр кіріп,
Бұлықсыды табиғаттың жазы анық.

Жылып қабақ қара көзге нұр жиды.
Сол нұр жайлап жүректерге жылжиды.
Жылы сумен бетін шайған бабамыз
Моншақтарды тамшылатып ыржиды.

Тұлымшақта бар бекзаттық бір айбын.
Төгілетін көмейінен ұнайды үн.
Бұл мешіттің имамы екен әкесі,
Арыстан баб - бабасы екен Күнайдың.

Тартса да Пір дін жолында азабын,
Кеудесінен ақтарылып ғажап үн,
Замандасы Мұхаммедтің жеткізген
Қыр еліне исламның ғажабын.

Қуса-дағы жер мен көктен қызғана,
Бір пайғамбар бола алмайды жүз дана.
Иассауидың Пірі болған сол бабтың
Ұрпағы еді он жастағы қызбала.

Өте шықты күмбездегі үш күні,
Кош айтысты қимай-қимай ішкі үні.
Есте қалды сыңғырлаған күлкісі,
Білегінде жас саусақтың ыстығы.

**YII**

Өксіген күймен
Домбыра зарлап сырды ашты.
Даламен сырғып,
Тауына соғып мұң қашты.
Өмірді жалмап,
Өлімнің сұсы жеткенде,
Көлдерді шөл ғып,
Гүлдерді сусып құм басты.

Жоғалды жарық,
Оралды түнек қамалап.
Зарлады перне,
Зарынан өксік балалап.
Кеудеден шапшып,
Шер кетті көкті аралап.
Удай боп ыршып,
Көзден жас жатты домалап.

Өртенген ойдың
Кеудені шоғы шалғанда,
Өкпе айтып күйік
Күңіренген күймен заңғарға,
Ұрланған үміт
Ұлардай елді шулатып,
Домбыра сарнап,
Қош-қошын қосты арманға.

У  болып көзден
Запыран жастар тамғанда,
Сынғанда тілек
Тірек боп тұрған жандарға,
Еңірер үні
Төңірегін түгел тоздырып,
Көмейлеп шерін
Өксігін тұтпас жан бар ма?
Күңіреніп Әлем,
Дүрлігіп Дүние кетпей ме,
Налыса жүрек
Жылатар жалған Жалғанға.

Безектеп боздап,
Шанақтан шоршып шығар үн.
Сұңқылдап бейне
Аққудай іздер сыңарын.
Пернеден өксік
Қыл шектен күрсін атылып,
Жүректі тербер
Жоғалып өшті құмар үн.

Өзегін түртіп,
Өңешін жұлқып көңілдің.
Бебеулей ұзап
Саусақтан шапшып төгілді үн.
Озғанын айтып
Дүниеден мәңгі сапарға
Пәниден мынау
Аз күндік қонақ өмірдің.

Жаңғыртып тауды,
Тулатып көлді аңырап.
Кеуделер күйге
Дауыс қып қосты жамырап.
Жап-жасыл көлге
Айналар еді-ау жинаса,
Еңсені езген
Көздерден тамшы тамып-ақ!

Симапты-ау арыс
Жалғанда жалған жалғанға.
Қайтарып алған
Кеудеден сығып жанды Алла.

Алашы жылап,
Наласын Көкке жатты атып,
Қазалы көрді
Кеудені қазып салғанда.

Күңіренді аспап,
Шанақтан шерлі үн шығып.
Өксікті жасты
Көмейлей жұтып, тұншығып.
Көз жұмған оқыс
Алғашқы қазақ ханымен
Бірге өліп мәңгі
Кеткендей тыншып тіршілік.

Сарнады аспап:
«Не деген, жалған, кесірлі ең.
Жағамды жырттың,
Жауызды жақтап есірген.
Үзілген үміт
Ұзарар ма екен қайтадан
Жалғанар ма екен
Алданып арман кесілген?

Серпіле алмай
Шеріне көніп шерменде,
Аспанда Ай мен
Көктегі Күнге «сөн!» дер ме.
Азалы жүрек
Азабын қайтіп көтерер
Қазақтың ханы
Сия алмай кетсе шеңберге?

Түнекке батты
Жамылылып тұман төңірек.
Табар ма жолды
Жылаулы бұл жұрт еңіреп?
Жұлдыз боп туып,
Қазағын өрге сүйреп ед,
Жұлдыз боп аққан
Не деген қысқа өмір ед?

Құдірет қандай
Ағызды жарық жұлдызды?
Бастайды енді,
Қоштайды енді кім бізді?
Ғұмырдың дәмін
Енді-енді тата бергенде,
Өңешті тіліп,
Қолқамды неге жұлғызды?

Бұғаудан босап,
Азаттық жолын тапқанда,
Азаптың сұғын
Көкірекке неге қақты Алла?
Жәнібектей асыл
Оғланын байтақ Алаштың
Түсірді неге
Қапыда ажал-қақпанға?

Өңешті өртеп,
Күңірентіп қосып зарға мұң,
Салды ғой зілді
Жүректі тіліп қармағын.

Келмейді енді,
Көрмейді-ау бізді еңіреген
Көз жұмды мәңгі
Қазағым, абзал ардағың!..»

Безектеп боздап,
Шанақтан күйік төгілді.
Даланы тербеп
Домбыра сарнап егілді.
Ағыл да тегіл
Кірпіктен жастар секіріп,
Өкірткен өксік
Қаптатты қырда көп үнді.

* * *

Азалы күй жан-жүйені түйреді.
Іштен шерді жас қып сыртқа сүйреді.
Хан қазасын естірткенде домбыра
Қазағымның қабырғасы күйреді.

Өртке оранып ел мен жұрттың өзегі,
Көл тартылып, теріс ақты өзені.
Көк түріктің көкбөрісін жәукемдеп,
Сатқындықтың сатып кеткен көжегі.

Өзгелерден артық көріп өз қамын,
Өзектестің көре алмастан озғанын,
Бақастықтың қызғанышы құтырып,
Орыстарға шалып берген боздағын.

(Күншілдіктің бұлты оралып сан рет,
Қайғы-шерді жұтқан Алаш еңіреп).
Мейрамсопы естірткенді күйімен
Көз жұмғанын қапияда Жәнібек.

Мына хабар сұмдық еді не деген,
Дерт гүрзісі соққан елді төбеден.
Болып еді Жәнібектің қазасы
Айырғандай дана басты денеден.

Ел жылады, жел жылады егіліп,
Қара жердің қабырғасы сөгіліп.
Кеуделерден өше берді көп үміт,
Көкіректің көмбесінде көміліп.

**VIII**

Қаптады қырда
Оранып нұрға алгүлдер.
Таптады қонып
Көк майса құрақ, шалғынды ел.
Көгінде бұлты
Көлінде аққу жүзгенде,
Қылықты қыздай
Көрікке көз жоқ «Қандым!» дер.

Сағымы ойнар,
Сабасы күмп-күмп жаз мынау!
Желпінтер күйді
Қос шекті бос қып наз бұрау.
Жанары жанып,
Үзіліп белі кетердей

Естілер шіркін
Күлкісі қыздың саздылау.

Ұзату үшін
Аяшын әсем, аяулы,
Кеше кеп қонып,
Жаңғыртқан жұртын бай аулы.
Естіген бойда-ақ
Хабарын тойдың болатын
Тұс-тұстан жетті
Көліктісі мен жаяулы.

Жаз шықса, тоймен
Қазақтың өткен әр күні.
Сері боп шалқып,
Сал болып шырқар әркімі.
Тұсауын шешер
Ән-жырдың бүгін, құда боп
Табысып жатса
Алшыны менен Арғыны.

Сақтаған арды
Жүректе берік құрыштай.
Өтірік, өсек,
Арамға жүрген жұғыспай
Азамат еді
Алшынның Қаракесегі -
Дарыған Қыдыр,
Бақ қонған қалап Құдысбай.

Іңгәлап жетіп,
Кеудесін билеп зәру үн.

Немере көріп,
Тапқан-ды жаны дәруін.
Құда боп енді
Асасып құйрық-бауырды,
Ұзатпақ қолдан
Нұрфая қызын - аруын.

Кеуделеп жыртып
Даланың көкшіл сағымын.
Соңына ерткен
Алаштын асқақ сан ұлын
Уәзірі болған
Күйеу боп түскен бұл жігіт
Жәнібек сынды
Кешегі қазақ ханының.

Тәуелсіз тұсқа
Ұрандап бастар қазағын,
Немересі еді
Ақжолдың-Дайырқожаның.
Қайындап келген
Жас күйеу - Мейрамсопыны
Иектеп алды
Ес-ырқын шырмап таза мұң.

Болашақ жарға
Ынтыққан көңілі ұдайы...
Ашыла беріп,
Жабылды кенет шырайы.
Ой-бойды шайқап,
Құйындай күйге түсірген

Ойда жоқ жерден
Кездесе кеткен Күнайы!

Келеді-ау әман
Төре мен қожа өр кілең.
Жігітті бірақ
Айырған басқа еркінен.
Тамсантты ерді
Кешегі бала қарындас
Он төртке толып,
Көз тартқан айдай көркімен.

«Аға!» деп келіп,
Күлімдей күлді жанасып.
Үкілі бөркі
Өзіне сондай жарасып.
Бір уыс шоқты
Ақтара салды кеудеге,
Танадай көзден
Сығалай қалған қарашық.

Ұзатты дала
Думанға толы бір күнді.
Оралды бейуақ
Көбейтіп сыңғыр күлкінді.
Көпшілік қалап
Мейрамға аспап ұстатты.
Домбыра кенет
Жүйткуден айнып, бұлқынды.

Бұлқынды аспап,
Күлкінді қымтап жапты да.
Қадалды саусақ
Оқыс бір қағыс тапты да.
Жүректің қылын
Үзердей керіп тартқылап,
Түйдек бір ызың
Құйылып кетті аптыға.

Құйындай ұйтқыр
Дыбыспен жетіп жұлқыныс.
Дүркіреп тулап,
Қос шектен атқып мың тыныс
Аспан мен Жерді
Төңкеріп тербеп косардай,
Тауларды шайқап
Кетердей туды сілкініс!

Ғажап қой, ғажап
Домбыра сөйлеп кеткенде!
Егіліп жүрек,
Сөгіліп кетпес жоқ пенде.
Мына аспап енді
Сәуе айтып туар ертеңнен,
Тереңдеп барып,
Бір соғып қайтты өткенге.

Шанақтан өрді
Қойқаптан жетер баяғы үн.
Құтырды аспап,
Ұмытып майда аяңын.

Мұңлықтың мұңын,
Зарлықтың зарын қоздатып,
Естіртті елге
Еңірегендердің баянын.

Жүректі жүрек
Тапқанмен іздеп тосылмай.
Ару мен түлек
Үзілген шермен, қосылмай.
Аяулылардың
Қаяулы жаны ышқынса,
Дір ете түспей
Тындарсың қалай, шошынбай!

Боздады қос шек,
Тамырды шертіп қозғады.
Көмейді көміп,
Кеуделеп өксік қоздады...
Жарқ етіп жанды
Жанары сергек арудың,
Жалт қарап сезді
Қыз сырын қырдың боздағы.

Өзгерді ырғақ,
Әуені күйдің құбылды.
Елжіреп төкті
Саусақтар сылқым тың үнді.
Кеуделен қуды
Өксікке толы мұңыңды.
Ашылды қабақ,
Торлаған тұман түрілді.

Ғажап қой, ғажап
Домбыра сайрап кеткенде!
Жігерді қайрап,
Айналтар күзді көктемге.
Алаулы жүзді
Қаны ойнап тапты іңкәрлік,
Саусақтан жігіт
Жүректін сөзін төккенде.

* * *

Жым-жырт калса кыбырсыз құба далаң,
Сол даланңдай күрсініп тынады адам.
Күпті көңіл кеудеңе мұң тоғытса,
Көкіректі өкініш сыналаған.

Қайғы калмай жүрекке құламаған,
Қазақ жоқ кой даланда жыламаған.
Ата-анадан Күнай кыз,
Ал Нұрфая
Анасынан айырылған сұм обадан.

Оба жеткен қазаққа ажалы боп.
(Неткен ұлт ек қамаған тажалы көп!)
Жылдан асты қос қызды гүл жайнайтын
Қысып алған уысқа азабы үдеп.

Жетім көңіл канды жас бұлататын.
Өксігенде кеудеден мұң ататын.
Өрімталдай қос құрбы іздеп келіп,
Бірін-бірі аялап жұбататын.

Досқа достын жетсін деп өң көмегі,
Күнай тойға асығып келген еді.
Нұрфаяның нұрланған жүзін көріп,
Қуанғаннан көз жасы дөңгеледі.

Жасырмастан Нұрфая түрді сырын:
«Жаңа отаудың, жат жұрттың түрлі сынын
Бөліс, Күнай, менімен!» деп өтінді,
Ертіп барып, қайтуын құрбысының.

Осы өтініш ой-бойды қажап сінді.
Дірілі бар жүректің азап сынды.
Жұрт көзінен жасырып кала алар ма,
Домбырадан естілген ғажап сырды.

Сырты күлді. Ішінен күрсінсе де,
Қымтай ма енді жүректі дүрсілдесе?
Қараңғыға қамай ма қамкөңілді?
Күй тербеген жанына нұр сіңсе де?

Бүркей алар шындықты қалай, кайтіп?
Көздегі ұшқын құлпырса тарай кайтып.
Не болады ішкі сыр арай бетке
Шыға келсе бір күні орай қалқып?

«Не боп кетті, апырай, маған бүгін?
Жауап таппай жүрегім қамалды мың.
Қорқамын ба кетердей тік қарасам,
Тас-талқан боп құрбыма адалдығым.

Нәрестедей кеудемде асыраған,
Құпиямды қашанғы жасыра алам?
Қыздың сырын ұғар ма кінә тақпай,
Бір-ақ сәтте қуанып тасымаған?

Әрі-сәрі орнады-ау далбаса күн.
Шаттығымды шыңғыртып арбаса мұн,
Өзекке өрт сап өзімнің,
Һәм өзгенің
Бөтен жарға мен неге жармасамын?

Сырын ашкан Мейрамым - бөтенім бе...
Тұр ғой жаным кетпек боп жетегінде.
Күйіменен еркімді баурамап пед,
Қиып өтіп бұғауын некенің де!..

Сұп-сұр болып әп-сәтте өң қаны ойнаған
Әне, Мейрам... мен жаққа қарайлаған.
Жанды әкетті-ау...
Тәнімді құр сүйретіп,
Қосарланып құрбыммен қалай барам?..

Қалындыққа ілесіп қайда барам,
Тілегімді табармын қай даладан.
Күймеймін бе күйікке күйік жамап,
Қалыңдығы болмасам аймалаған?

Құр сүлде боп еремін кімге, неге,
Еңіреген жүрегім мұңды еме ме?
Қалай шыдап көнермін көріп тұрып,
Айналғанын қос кеуде бір денеге?..

Бұл қызығын құрбымның қызғанбайын,
Шалмасыншы жүрегін ызғар дәйім.
Сына болып екеуін айырғанша,
От кеудемді сөндірер мұз қармайын.

Бақытымнан баз кешіп,
Мерейімнен,
«Күтуші қыз» атанып, ерейін мен.
Менен мүмкін Мейрамның көңілі қалар,
Көздің жасын моншақ қып терейін мен.

Түсіп қайтем біреудің қырманына,
Таласпайын басқаның гүл-бағына.
Бағы жансын адал дос - Нұрфаяның,
Айналайын сол үшін құрбанына.

Күймен енген жанымнан өтер елес,
Өксік жұтып, өкінтіп кетер өңеш.
Күнай емес, Қарқабат ендігі атым,
Қар қапқаным бір жаста бекер емес...»

***

Атажұрт, оң жақтағы үй - бәрі қалды.
Кеудеде марқұм ана зары қалды.
Көшкенде көз алдынан қайран дәурен
Теңселіп ат үстінде талып алды.

Дүние кеткендей-ақ аударылып,
Әттең-ай, бірге жылап жаумады бұлт.

Қолқасы қопарыла үзілгенмен,
Жүрегі болашақтан аулады үміт.

Көбейген айқас-шайқас ырыстай мәрт,
Кез еді ол өзбек кеткен, жұғыспай сарт.
«Көрем бе қызымды енді, көрмеймін бе?»
Дей ме екен, еңіреді Құдысбай қарт.

Қиын-ау жас ағызу сақалдыға.
Өксікпен тамақтағы қақалды ма,
Сылқ етіп тізесіне шөге кетті,
Бір аттап Нұрфаяға тақалды да.

Сөйледі саусақ, сақал дірілдеген.
Ақты жас қоса жосып іріңменен.
Кәрі-жас, жан-жануар, тау-даланы
Улантып шер қалмады тірілмеген.

«Жоқтатты-ау толмас орнын шешең бүгін
Тағдырға кетті-ау әттең есен, күнім!
Апарып салар еді-ау анан болса,
Тілерім: қайда жүрсең, есендігің...»

Жан даусы Нұрфаяның құраққа ұшты.
Ұмтылып ерден жерге құлап түсті.
Еңбектеп, пора-пора аңырап кеп,
Әкесін құшағына жылап құшты:

«Киелім, бәйтерегім - көкем менің!
Жанымды жылытумен жетер демің.

Қайтейін, жат жұрттыққа жаралмасам,
Оң жақтан басқа жаққа кетер ме едім.

Үміт бар алдымнан таң атар деген.
Әлі де бал мен зәрді татар денем.
Әйтеуір дәтке қуат бөтен елге
Бет алдым өзің берген батаңменен.»

Айқасты қыз бен әке құшақтары.
Қидалап іштi қайғы пышақтары.
Нұржамал - ақ жеңгесі шыдай алмай,
Асығыс Нұрфаяға үш аттады.

«Еркежан, егілмеші, еркем менің,
Күйреуік деп жүрмесін ертеңгі елің.
Мен өзім апарамын анаңдай боп,
Басамын жанның от боп өртенгенін!»

Құп көрді соны ағасы күліп келіп,
Қабағын қарындастың түріп беріп.
Әлгінде селк-селк жылап тұрған туыс
Әп-сәтте шырайланды үмітке еріп.

Қолымен үзеңгіге шалдарының
Ақ жақты. -Ілгеріден қалған ырым.
Бір сүйді маңдайынан Құдысбай қарт
Нәресте немересі - Қамбарының.

Шар етті жас бүлдіршін іңгәсімен.
Шал қалды шығармастан үнді есінен.
Қыз кетті, Қамбар кетті, келін кетті,
Күрсінген қарттың көнді тынды осымен.

Құлазып тынды көңіл жетімсіреп,
Жас ақты моншақ-моншақ бетін сүреп.
Бір күдік ет жүрегін шымшып бұрап,
Тұрғандай: «Тұра алмастай өкінші!» деп.

Көш-керуен - қыз жасауы қырдан асты.
Шаңымен аспандағы күн таласты.
Қонақтап көк шалғынға көлеңкелер,
Самал жел ақ селеуде сырғанасты.

Шанытты шанмен бірге арай көкті.
Артына қимастан қыз қарай кетті.
Естіліп әлде сыңсу, әлде аңсау
Ыстық жас жуып жатты талай бетті.

Сән кетті Нұрфаямен, күй де кетті.
Ауылда кеше ғана күй бөлек-ті.
Тәңір хақ бір сезікті сездіре ме,
Әкеге күдікті үрей үймелетті.

«Аға ма жылап ағып саздан бұлақ,
У-шуға неге толды жазған құлақ?
Апырай, не сұмдыққа бастар екен,
Ұшты ғой дәл төбемнен қаз қаңқылдап?..

* * *

Тауысты үш тәулікті күн айнала.
Сарылтты сұрқай түспен құр айдала.
Шаң қапкан көп жүздердің өңі қашқан
Сақтаған әрін, әлін Күнай ғана.

Айтпақшы, Қарқабат-тын ендігі аты.
Ерекше ой, зердесі, әл-қуаты.
Кәрі бар көз байлайтын назаланса,
Болғаны бар айыбы - әйел заты.

Халі бар айырылғандай қимасынан.
Еруде тезек терген, қи тасыған.
Қосты өзін күтушілер қатарына
Жетектеп бас түйені бұйдасынан.

Түсінді, түсінбеді Мейрам мұны,
Көңілдің бұралаң ғой ой даңғылы.
Құрбыға қиянаттық қылмаймын деп,
Өтер ме өксітумен қайран күні.

Жандай-ақ тым кіріптар, жоқ амалы,
Төр менен дастарқанға жоламады.
Сушыға, отыншыға көмектесіп,
Көбіне жерошақты жағалады.

Өзгерер көрік-көңіл күмпілдесе,
Менмендік өкпе керіп бүлкілдесе.
Айнытып астамшышык билеп алар
Күйкілік ақылменен іркілмесе.

Әр кезде өктемдікке құмар қыла,
Нәрсізді айдар Жалған кіл арлыға.
Кешегі ақсүйекті, қожа аруын
Жұмсамақ болды бүгін күң орнына.

Жас келін бас изейді жеңгесіне,
Көңілдің көп үңілмей көмбесіне.
Өзегін үзіп берер құрбы қызы
Айналды қаймана жұрт өңгесіне.

Сезгенде өзгергенін Нұрфаяның,
Бас шайқап, тарта басты жұрт аяғын.
Кеуденің босағаны қандай жаман
Қойшыдай ұстап қалған құр таяғын.

Бір сырды Нұрфаяның сезінгенін,
Сыртынан бұған суық сөз ілгенін
Ұққан соң мұңлық сұлу құрбысының,
Үн-түнсіз қабылдады безінгенін.

Мейрамға сыртқы ажарын алдырмады.
Шоқ шашар қарашықты жандырмады.
Жігіттің жанарында қайнап тұрып,
Бір ысып, бір суыған жанды ұрлады.

Берер ед бір-ақ түнге мың арманын.
«Жо-жо-жоқ! Төлемейді құмарға құн!»
Асықпай күтті ақырын тағдырының,
Еркіне тапсырды да бір Алланың.

Ақ күнін, асқақ күнін жерледі де,
Бас шұлғыр мінез тапты төрдегіге.
Көңілдің түкпірінде бір үміт бар
Мойытпас құрбысына ергеніне.

* * *

Шөл қысты. Міне алмастай ырғып атқа,
Тыныстың ыстық демі тұр құлақта.
Ес кетіп, жан алқымға таянғанда,
Кез болды Қарқабаттар бір бұлаққа.

Шіркін су! Екенсін ғой тірлік қаны.
Бересің жерге нәрді жылжып тағы.
Ажалдың шеңгелінен арашалап,
Құтқарып қалар судың бір жұтқаны.

Мал мен жан шөлін басып, жиыпты есін.
Нұржамал емізді ұлын, иіп төсін.
Құйқаның тансық иісі тамсандырды,
Жалмажан нән қошқарды үйіткесін.

Түн жетіп, бұлақ үстін қорыл басты.
Таласып сүйекке иттер арылдасты.
Іздеген жан болмады мына қостан
Аулақта атты баққан қарындасты.

Бұлт жапты түнгі аспанды түнеріп кеп,
Қарғаның қанатына түрі еліктеп.
Сәулені бір қара күш жұтып қойды,
Түйрейдей қара жерге тіреліп кек.

Жел тұрып, құрай сыңсып, аңырады.
Тұс-тұстан ызың-қиқу жамырады.
Дүние азан-қазан болып кетті
Аспанның шарт сынғандай шаңырағы.

Тулаған диюдай боп түн бір бұзық!
Ой-бойдан ес-сананы шыңғырды үзіп.
Жылқылар қос аяқтап шапшып, үркіп.
Шығандап кетіп жатты шылбырды үзіп

Басып-ап қиярымен жыланды асқа,
Шаншылып құлап түсті қыран тасқа.
Жанышты қыранды да, жыланды да,
Мінгені Қарқабаттың Құланқасқа.

Ағызды Құлан күлік екіленіп,
Кетердей жартасты да екі бөліп.
Тұяқтың дүбірімен ізге түсті,
Қап-қара қарғыс түннің бетіне еніп.

Қызға да, құнанға да қанат бітті.
Дуылдап тұлабойда қан атқытты.
... Не керек түні бойы қуып, ұстап,
Түгендеп ат-көлікті санап шықты.

Бұлт көшті нөсерлете жауып өтіп,
Жасынмен түйреп түйдек қауып өтіп.
Дүние дүр сілкінді жуынды да,
Құлпырды дала жайнап, тауы бекіп.

Таң кірді қырмызысын жайып көкке.
Шұғласы алаулады тайып бетте.
Жылқыны алдына сап үйірген соң,
Жүзінен Қарқабаттың айықты өкпе.

Түбінде тұлпар болар Құланқасқа,
Шоқырақ көп тулақтан құнан басқа.

Меншігі - Күнай қыздың, бәсіресі ол
Қызынтып, көз сатқызған ұрандасқа.

Жануар қайшылады құлақтарын.
Аулады пысқырып қап жырақтан үн.
Сес беріп иесіне жер тарпыды,
Қаматып Қарқабатты сұраққа мың.

Алса да бал ашудан арнап сабақ,
Тұрмады жорамалдап, бармақ санап.
Түсе сап ат-көлікті теп-тез ғана
Матады қос-қосынан қалмақшалап.

Содан соң жорғалатып жүріп кетті.
Еңкейіп қос құрайды іліп кетті.
Өрлеген шартабақ Күн арқан бойы
Жіберді биіктете түріп көкті.

Шоқытып иектегі қырдан асты.
Суменен бұлақтағы нұр таласты.
Таланған, тоналған көш ұйпа-тұйпа!..
Сойқанға шомып, толып тұр жар асты.

Қос құлап, жүк шашылып, жайрап жатақ,
Тастапты бар еркекті байлап, матап.
Жауы көп, ұры-қары, қарақшы көп,
Шығарын білмейтін кез қайдан шатақ.

Айдала, алыс елдің жатағынан.
Ұстар тұс баталыны сақалынан.



Ұры емес, ежелгі жау - жоңғар қолын
Қарқабат білді дэли-шапанынан.

Олар да көріп қызды дуылдасты.
Даланы ойран-топан шуыл басты,
Ұмтылды екі-үшеуі қылыш ұстап,
Төменге сай қуалап дүбір қашты.

Жоғары Қарқабаттың түрілді ерні -
Өзектен бір ап-ащы гүріл келді!
Сод сол-ақ екі құрай аунап түсіп,
Аю боп, жолбарыс боп тірілген-ді.

Ақырды аю маймақ төмен аттап,
Жолбарыс аузынан от төге қақтап,
Атылды екі жыртқыш жалын шашып,
Әп-сәтте қан жоса ғып төбені аппақ.

Қорқыныш ес тандырды, дуалады.
От пен шоқ жоңғарларды қуалады.
Бір атқа бір-екеуден мінгенде ойрат
Көліксіз қалып қойды бір адамы.

У да шу сай-саланы кезіп кетті.
Ой-бойды үрей жаншып, езіп кетті.
Жартысын ат-көліктің мұнда тастап,
Қаскөй жау тым-тырақай безіп кетті.

Қарқабат иек қақты шұлғып қана,
Сол сәтте тына қалды мүлгіп дала.

Қос жыртқыш қос құрайға айналды да,
Жөнелді өз орнына жылжып қана.

Тұрса да жүректе қан қайнап, тасып,
Қарқабат ылдилады жайлап басып.
Үн-түнсіз мөлигенде еркек біткен,
Бағжиды қара көздер ойнақтасып.

Бір қыздың асты аруағы бар кісіден,
Теңселіп кеткендей боп жер күшінен.
Әлгі ойрат жігіттердің шешті қолын
Жалт еткен отты көздің белгісімен.

Өткен соң бір кесапат сау басынан,
Жанылып саудалайтын сауғасынан,
Қазақтың қызға бірі бас имеді,
Айрылып қасиетті тәубасынан.

Жалғыз-ақ бас шұлғыды ойрат шерік,
Ырқына Қарқабаттың жайнап көніп.
Тапсырды жігіттерге тұл аттарды,
Қиқулап құла түзден айдап келіп.

Осылай бір аңызға сыр жамалды.
Айтатын ақындарға жыр жаңарды.
Сыр, жырды қайтсін тергеп әйел шіркін
Бір күдік шырмап алды Нұржамалды.

Кеудеден қуа алмасаң ажал ізін,
Күйкісің,
Құл тірліктің мазағысың!

Жеңгесі Нұрфаяға қабақ шытты,
Несіне ерітті екен деп қожа қызын.

Кетпейтін бойдан үрей, ойдан соты
Қалды артта бұлағы бал қайран шоқы.
Іздейді көз астымен Қарқабатты
Білдірмей Нұрфаяға Мейрамсопы...

IX

Арқаға биыл
Сүмбіле тумай күз жетті.
Даладан сайғақ
Саялар сайын іздепті.
Суылдап өсек
Дуылдап тарап желменен
Жеткізіп жатты
Жүректі жыртар жүз кепті.

Саздауға біткен
Сар құрай сыңсып сарнады.
Даланың сол ғой
Солқылдап жетер зарлы әні.
«Үзілді дей ме-ау
Үңірейген кеуде үміті,
Қиылды дей ме-ау
Қыршынды қиып арманы».

Қылғынды жылжып,
Күдікшіл қырдың бұлағы.
Бұлқынды сұр бұлт,

Сіркіреп ағып жылады.
Анасыз қалды,
Панасыз қалды елсізде,
Құралай көзін
Шық басқан киік лағы.

Селдеткен сұр бұлт
Шемен ғып шерді жеткізді.
Маңырап лақ
Кеудеге бүлік өткізді.
Күдікке толы
Күбірмен аққан тасбұлақ
Тамшылап тиіп,
Күйдірді мұңмен бет-жүзді.

Арқаға биыл
Сүмбіле тумай күз келді.
Сүрлеумен ақсап,
Шұбырып қанды із келді.
Жанардан жасы,
Көмейден өксік атылып,
Көміп бір кетті
Қасірет пен қайғы жүздерді.

Қамады бұлты
Қарғадай қара қайғының.
Қанатып жанды
Қанатын кере жайды мұң.
Қараңғы көрдей
Қап-қара суық хабар кеп,
Сөндіріп кетті
Көгінен жұлып Ай, Күнін.

Көрсетпей нұрды
Аспанды бүркеп бұлт алды.
Жоғалтып кетті
Қаралы бір түн мың танды.
Тоғайды өртеп,
Еменді түптен қопарып,
Қалдырып шетте
Дән болып ұшқан бір талды...

Арқаға биыл
Сүмбіле тумай шер жетті.
Шер жетті елге,
Кеудеде күйік тербетті.
Көмейден күрсін,
Өкпеден өксік төгіліп,
Зарлаған жоқтау
Жаңғыртып жатты жер-көкті.

Жаңғырды дала
Өкірген мұңлық үнімен.
Боздады боз тал
Қосыла зарлап түнімен.
Ұлыды құртқа
Жаралы жалғыз күшігін
Иіскеп қойып
Шыға алмай жатқан інінен.

Шыңғырып қалып,
Нұрфая талып құлады.
Өрт болып жанып,
Нұржамал сарнап жылады.

... Құлапты тауы
Әкемен бірге көр құшып,
Арысы өліп
Суалып қапты бұлағы...

Ауылға бүгін
Сумаңдап суық тіл кепті.
Арқалап жетіп,
Өткерді ауыр міндетті.
Көшкенін айтты
Бір ауыл жанның бақиға,
Өшкенін айтты
Құдысбай қарттың құрметті.

Жеткізді сол жан
Жайлауға жаудың енгенін.
Өзбегі, сарты,
Ойраты бұлт боп төнгенін.
Қапыда қалған
Қамсыз да мұңсыз қазақтың
Айқасып шарт-шұрт
Шайқаста шейіт боп өлгенін.

Ақсаңдап келіп,
Жеткізді сол жан мынаны:
Қадалып жебе
Сұлапты дала қыраны.
Құлаған ұлын
Құшаққа қысып Құдысбай
Қып-қызыл қыпты
Қанды жас төгіп тұманы.

Әкенің зары
Күйретті тіліп жер-көкті.
Түйрепті ойрат,
Әкеге қылыш сермепті.
Сылқ еткен басы
Төсіне құлап ұлының,
Шапшыған қаны
Көгалға сапты өрнекті...

Айрылтып елден
Құдысбай - асыл жағаны,
Тұяқтан жұлған
Құрыштай алтын тағаны.
Найзалап түйреп,
Аямай қырып еркекті,
Малымен бірге
Әкеткен бала-шағаны.

Ойрат, сарт, естек
Қиқулап жетіп қиырдан,
Далаға дүбір
Дауыл боп лықсып құйылған.
Даласын қорғап,
Атойға басқан Алаштың
Толағай басы
Доптай боп талай қиылған.

Бірікпей басы,
Кеткен соң көздің еті өсіп,
Хан сайлап өзін
Әр сұлтан болса текешік.

Тұс-тұстан қаптап,
Қазақты әне жау шауып,
Бір үйдің емес
Ауылдың қалған оты өшіп.

Тағдырдың әлде
Тәңірдің жетіп үкімі,
Тас-талқан болды
Ғұмырдың қимас бүтіні.
Мың жылға кетер
Рудың үрім-бұтағы
Бір түнде-ақ құрып
Тып-типыл болды тұқымы.

...Шар етіп сол сәт
Ұзатты Қамбар іңгәні.
Жетімнің енді
Іңгәсі - мәңгі мұңды әні.
Өшпепті ру,
Өлмепті Құдыс атасы,
Қалыпты жерде
Қамбары - мынау бір дәні.

Алшыны болып
Нәресте ертең өсер ме?
Арғын боп өніп,
Кетер ме сіңіп осы елге?
Үйсін боп Арғын,
Үйсіні еніп Найманға,
Шашырар ма қазақ
Кездесе берсе кеселге?..

...Келген жан ақсап
Құдысбай қарттың жиені.
Аяғы сынып,
Ырсиған бастың сүйегі.
Жаутандап көзі
Қамбарға қарай қадалып,
Ақырғы рет
Кегжиіп қалды иегі.

Хабарды осы
Кеудеден сығып жеткізіп,
Сылқ түсті сол жан
Өмірден өзін өткізіп.
Алдынан тосты
Кешегі құрбан туыстар,
Артында қалды
Көрмеген әлі көп қызық..

Нұрфая өксіп,
Төсіне басты жеңгесін.
Сезді ме жүдеп,
Екеуден түк те өнбесін.
Дауыс қып созып,
Қарқабат төкті жоқтауын
Зарлы да шерлі
Ақтарып көңіл көмбесін:

«Қайран да қайран
Қонысы құтты ел еді.
Төрдегі төре
Төменгі ермен тең еді.

Ойран сап ойрат
Опат боп қайран Құдекем,
Зарлатса шері,
Өкпені қапты-ау шемені!

Сарна да зарла,
Көкең жоқ енді, құрбым-ай!
Ғұмырды қақшыр
Тоймастай жердің құрдымы-ай.
Жазар ма жанның
Қызыл тіл сарнап жарасын,
Қамқоршың болсын
Көңліңді демеп бір Құдай!

Азамат еді-ау
Нұржамал, сенің алғаның!
Үзіліп үміт,
Кесілді-ау бүгін арманың.
Баурында балаң -
Алданыш болар алдағың.
Жаныңды жебеп
Көз қыры түссін Алланың!

Қанды жас аққан
Кездестік қандай кезге біз.
Өзекті жанға
Тілейік ғұмыр өзгеміз.
Жетім мен жесір
Айрылып қалдық ел-жұрттан,
Ендігі күнді
Берер не бермес жездеміз.

Тоқтады-ау бүгін
Бақ пенен сорды тандар күн.
Мекенсіз қалған
Үмітті біздің жалғар кім?
Жеңгенің енді
Желегін қашан, кім ашар
Кім сипар күліп,
Маңдайын сәби Қамбардың?

Қайран да қайран
Алаңсыз, қамсыз күндер-ай!
Кеттің бе бізді
Қайғыға қамап, мұңға орай.
Қашар ма бұлты
Зорлықтың төнген төбеден,
Тәңірдің таңы
Атар ма бізге мұңдалай?»

Еңбектей жылжып,
Бас салды қызды Нұржамал.
Кешірім сұрап,
Өтініп жылап тұр жанар.
Күтуші емес,
Бүтінші екен Қарқабат
Өзгеден бұрын
Өзегін өртеп бір жанар.

Нұрфая сонда
Екеуге қарай ұшты кеп,
Жеңге мен қызды
Еңіреп жетіп құшты кеп.

Айқасып кетті
Ып-ыстық болып үш құшақ,
Табысып кетті
Қайғыға бөккен үш жүрек.

Иекпен иек,
Түйісті маңдай, бастары.
Бірігіп ақты
Кесек лағыл боп жастары.
Сол тамшы сүйреп,
Тазартты өкпе, кірбіңді,
Қалдырмай сызды
Іш түгіл қабақ, қастағы.

Табысқан үшеу
Кезекпен сүйді Қамбарды.
Ұғысқандарды
Күлімдеп сәби аңғарды.
Асығып Мейрам
Домбыраны алға өңгерді,
Көзімен шалып,
Күрсініп күлген жандарды.

Он саусақ орғып,
Аспапта жүйткіп, жосыды.
Тірілді замат
Дыбыстың оқшау, тосыны.
Кеудеден өксіп,
Зар менен шері атқанда,
Дүбірден безіп,
Түршігіп әлем шошыды.

Азан да қазан
Күңіренді күйдің ызыңы.
Шарқ ұрды бір сәт
Шанақтан шапшып қыз үні.
Табысқандарды,
Жабысқандарды аялап,
Естіле берді
Өкпесіз үннің үзігі.

Күрсіңді аспап,
Көздерде жасты бұлатты.
Нұр сіңді күйден
Кеудегеқұйды шуақты.
Күй сіңді қанға,
Исінді күйші үшеуге,
Құшағын ашып,
Сендірді, сенді, жұбатты.

...Арқаға биыл
Сүмбіле тумай жетті күз.
Хабармен суық
Жауын мен жасты төкті күз.
Жарасын жанның
Сипалап жазып азайтты
Қожадан туып,
Қазақ боп өскен текті қыз.

## X

Табысып кетеді-ау жымдасып көк пен жер
Енгенде қайталап көкжасыл көктемдер.
Қыз дәурен құлпырып оралар далаға,
Қызғалдақ шашқанда шашу ғып көк белдер.

Қазбауыр бұлт жүзіп майысқан мамырда,
Нәр сеуіп өтеді-ау жүрек пен тамырға.
Кеудеден өшеді кінәмшіл өкпелер,
Әп-сәтте айналып елгезек бауырға.

Ашылды, жайнады албырап гүл, міне,
Қырқаға жастықтың жалауын ілді де.
...Нұрфая жүзінен мерейлі төкті нұр,
Мейрамға жанарын төңкере күлді де.

Күлгенде нұрланып аяулы жан жары,
Жарқырап түрленді нұр құйып жан-жағы.
Жүректің қыл шегі елжірей дірілдеп,
Ағытты тиегін сезімнің жандағы.

Іңгәлап пәниге бүлдіршін ұл келді!
Ұл келді. Дүние сәнденді, түрленді.
Көтерді аспанға көкенің төбесін,
Кеңейтті болашақ жайылар іргенді.

Ұл туды іңгәлап торсықтай шекесі,
Ұрпағы, жалғасы. Бүгінгі бөпесі.
Анасы Әлемді аялар құшақта,
Ғаламға жар салар жадырап көкесі.

Бұлқынып бұл жүрек дүрсілдеп тұрғанда,
Кеудесін тесердей жұлқынып ұрғанда,
Ғаламға жар салған ырза боп әкеге,
Жетер жан бар ма екен дәл қазір бұл маңда.

Жүзінде нұр ойнап шұғладай қырмызы,
Ұлына төнеді ынтығып ындызы.
Қадірін асырып тағы да Алаштың,
Ана боп кетті ғой қазақтың бір қызы!

Қуанды Нұржамал, жымиды Қарқабат,
Жездесін, құрбысын еркелей алқалап:
«Көз ашқан ордада төлбасы тұңғышқа
Жасаған жар болсын! Мархабат, мархабат!

Ер болар бұл сәби шын сүйген Алласы!
Мандайда тұр қалы - Тәңірдің таңбасы!
Ұрпағы кешегі әулие Қоданның,
Ел сүйген әділ би - Ақжолдың жалғасы!»

Жоғалып көңіл мен пейілдін тарлығы,
Қаптады тұс-тастан кәрі-жас, барлығы.
Ағылды, төгілді. Ашылды, шашылды
Ардақты Алаштың ақсүйек Арғыны.

Сойылды қой, жылқы қос-қостан байлаулы,
Қан ақты бұлақ қып өзек пен сайлауды.
Қазақтың тойындай той бар ма әлемде,
Қан базар ететін жаз бойы жайлауды!

Тартқанда жігіттер гулесіп көкпарын,
Тақым мен тоқымнан тутанды от-жалын.
Арқасын қоздырды бұйра жон Арқаның,
Кеуденің өрт қылып лаулаған шоқтарын.

Кетті аңыз қияндап қырлардан қырға асып,
Қаулайтын мөлшерсіз дақбыртпен сырласып.
«Келді - деп - Алаштың айтулы оғланы,
Енді - деп - ғұмырға бір ұлан шын ғашық!»

Жаңғыртты сол дүбір ежелгі даланы,
Қарсы алып сәбиді, аңсаған баланы.
Таза ғой қуанса сәбидей түз елі,
Көңілдің жоғалып кірбіңі, алаңы.

Табысты тағы да жарасып көк пен жер,
Мейірін бір ұлға еміреніп төккенде ел.
Қуанып бөбекті Қуандық атады,
Шашу ғып гүлдерін шашқанда көк белдер.

Қуандық - Мейрамның сүйкімді бөбегі,
Жалғаған жаңаға үлгілі көнені.
Бұл бөбек айналып киелі бабаға
Ұрпағы дүрілдеп өседі, өнеді.

XI

Бәрі өткінші бәрі жалған елестің,
Елес қусаң ескермейді сені ешкім.
Ойыңды ұрлап жеткен сол бір елесте
Көміледі ашығың мен көмескің.

Елеңдетпес сәбиіңнің күлгені.
Ашылмайды көп құпияң ділдегі.
Сен өзіңше, әлем, ғалам өзінше
Өкпеңе өтпес айтқанымен кім нені.

Отырасың өң мен түсте мәңгіріп,
Өткен күннен іздеп, аңдып жаңғырық.
Кейде шоқ боп тұтанады бір үміт,
Өшіреді сол шоқты үрлеп сан күдік.

Осындай хәл Нұржамалды талады.
Тыпырлады таусылғандай амалы.
Қара түнде аңсар желік шарлады
Иір-қиыр із-түзі жоқ жағаны:

«Мұң шаққым бар Жасағанға шыңғырып,
Торға түскен тұзақ күйді білдіріп.
Суық көрдей суық төсек шошытқан
Жібереді-ау бірте-бірте жынды ғып.

Тұл денемді тулатқыза ту қылып,
Өртенемін көрпе астында булығып.
Суытамын кесек тас қып жүректі
Өзегіме өз қолыммен у тығып.

Шомылдырып пора-пора жасыма,
Жоламайды көлеңке де қасыма.
Қара түнде қап-қара ойлар қаптайды,
Қасіретім қара жауып басыма.

Түнеремін тұмшаланып түнге ене,
Қамаламын ой-бойдағы түрмеме.
Тас төсекте ыстық қолды аңсайды,
Сипатардай сауырынан тұл дене.

Аңыратса ащы күймен әр сарын,
Төгіледі өзекті өртеп қанша мұң.
Тымақтының исін іздеп жаныққан
Кім тыншытар құрғыр тәннің аңсарын?

Кетсе кетсін кесек ет боп тілініп,
Жүрек емес шорши берсе ол бүлініп.
Әр төсектің ыңқыл үнін аңдысам,
Әр көрпенің бүлкіліне үңіліп...

Өткенім бе өртеп өзек өрісін,
Шеккенім бе ой азабын, kерісін.
Текесақал қандырар ма құрышты,
Саусағы осып жон арқамның терісін.

Кім азайтар бойды ұрлаған азапты,
Кім әкелер төске басып азатты?
«Шайтанкөлге» мылқау түнде шым батып,
Алайын ба біржолата тозақты?

Өртеді-ау от,
Алау жалын өртеді.
Дауасы жоқ неткен сұмдық дерт еді!
Мынау түннен бір уаныш таппасам,
Тумай кетсін тұншықтырар ертеңі.

Жел соғады-ау еркегі жоқ іргеден.
Ұры иттей боп ұйқынды ұрлар дүрбелең.
Қайда қашып жан сақтаймын, Құдай-ау?
«Шақшалы» іздеп безектесе бұл денем?!.

Тұмшалайды желік тілеп түн неге.
Берсін дей ме жасқа шылап мұңды еме.
Теке исіне жерік болған аусарды
Қанша ұстармын кеуде дейтін түрмеде?

Күшті екен-ау мынау пәлең күйіктен,
Тас денемді ағыл-тегіл иіткен.
Зинақорлық батпағына батам ба,
Пәктік атты құлап сонау биіктен?

Батсам батам таба алмасам дауасын,
У жайласын жаным жұтар ауасын.
Ұрғашы етіп несіне Хақ жаратқан
Таппай қойса Адам мендей Хауасын...

...Қандай ұзақ, қандай жауыз азап түн.
Жеңілдім бе желігінде мазақтын.
Ойрат құлдың неге енбеймін қойнына,
Бұйырмаса бір қортығы қазақтың...»

Нұржамалды беймаза ойлар шырмады.
Жүрек қысты, жанды бүрді, тырнады.
Шыңғыртады-ау он сегізге толмаған
Шыбын жанды жесірліктің құрбаны.

Тозды ма екен ар мен жанның тұмары,
Жеңді ме екен жеңсікке аштық сынағы.
Көксетті ме өткен күннің ләззатын
Балдәуреннің тойғызбаған құмары.

Аңсар дейтін албастыдай басты ылаң.
Қоршап алды желікмасы — тас тұман.
Күйікті құр кеміргенше, қызығын
Құлды құшып тапсын күйек астынан.

Осы ойына тірелді де бекіді.
Қайтара алмас одан Тәңір өкімі.
Жат такымның жабағысын аңсады,
Жаншылмаған күнтиместің кекілі.

Бар лыпасын жыртып шешкен бағана,
Тыр жалаңаш атқып шықты далаға.
Тызылдады. Тас бұлаққа жүгірді,
Тікен кіріп, табанынан қан аға.

Қойып кетті көлшік суға күмп беріп.
Аппақ тәнді ақ тамшылар түртті еміп.
Толған айдың толықсыған табағы
Ұялды ма, кіріп кетті бұлтқа еніп.

Суды жұтты ықылықтап, құнығып.
Мына халін кім түсінер, кім ұғып.
Ешкімді де ештеңені елемес
Кетсе-дағы аспан зарлап, түн ұлып.

Өртін сорды түннің суық бұлағы.
Сақ-сақ күлді. Еңіреді, жылады.
Еміс-еміс санаға-ес жүгіріп,
Жылт еткендей болды кеуде шырағы.

Елегізіп, төсін басып бір түрлі
Шықты судан. Үйге қарай ұмтылды.
Тұлабойда дуылдаған үн өшіп,
Азан-қазан ертіп алған түн тынды.

Бола қалды түн де, бұл да бұйығы.
Жоғалды азап, күйретердей күйігі.
...Есігіне жеткені де сол еді,
Жыбыр етті от қарыған иығы.

Жалт бұрылды. Кірпігі ұшты жоғары.
Күйіп барад қызып, тулап жоны әлі.
Жанарынан жалын шашып төніп тұр
Кеше келген ауылының қонағы!

Бағасы асқан бай тұқымның бағланы.
Көз тоймастай бөріктінің қабланы.
Қарсы алдына қалап соны қадаған
Тағдыры ма күтіп жүрген алдағы?

Көз тайқыды. Таусылғандай шыдамы.
Қайта оянды кеудедегі түн әні.
Жерден тапса көктен ғана іздерді,
Көтермес пе батпан-батпан күнәні.

Үш ұйықтаса түске кірмес, Құдай-ау,
Жеткені ме тез осылай мұны аяу?!.
(Шер жамылған сұлық жүзге нұр тұнып,
Оп-оңай-ақ болғаны ма ұялау).

Қол қаусырды аппақ тәнге оралып,
Ойнақтады өн-бойға қан таралып.
Әйел, еркек жанасса да сан рет
Әр кездесу өзінше бір жаңалық.

Оның сырын ешкім ашып білмеген.
Көз сөйлейді, күрмеледі тіл деген.
Жаның келіп дәл мұрныңның ұшына,
Шығар-шықпас үздігеді мүлде дем.

Біздің Жамал сондай тылсым шақ кешті.
Жұмарлады жігіт кенет ақ төсті.
Ынтығу жоқ, ұмтылу көп тағылық
Қарақшыдай жолдан тосқан тап көшті.

Нәпсіге еру - екіленіп төс ұру -
Елжіреусіз, ессіз-түссіз есіру.
Бұқадай боп ұрғашыны бас салса,
Болмас ондай еркектікті кешіру.

Дәл осыны ұқпады ма, ұқты ма,
Жапты өңірін, ұялғандай бұқты да.
Төстен қолды қағып тастап Нұржамал
Шапалағын сарт еткізді «мықтыға».

Оянды ма бір түйсігі кешіккен,
Өзіне де, өзгеге де өшіккен.
Қолаң шашы толқи лықсып құбылып,
Жоқ боп кетгі жаба қойған есіктен.

Сан өзгерер суынуы, жануы,
Ес жинауы, естен мүлде тануы
Болса-дағы тазалығын сақтаған
Қайран ғана қазағымның аруы!

Кеудесінен тауып әсем тылсымды,
Жамал біздің қуанды да күрсінді.
Қара түннің қақыратып түнегін
Адастырмас көкірекке нұр сінді.

XII

Тыныш тірлік бола қап алай-түлей,
Өкпені өксік, кеудені талайды үрей.
Ат тұяғы даланың төсін тесіп,
Шаң боратып жетеді қамай, күрей.

Бірі қашып хандардың, бірі келіп,
Өліге иман бергізбей, тіріге үміт.
Кеше ғана таяқ жеп каңсылаған
Бүгін шыға келеді іріленіп.

Қазақ ізі сан ғасыр тағдырында
Алтын Орда жерінде, қалды құмда.

Моғолстан елінде, Жетісуда,
Батыс Сібір қазақтың хандығында.

Сұрақ туса әуесқой: «Ноғайлы кім?»
Қазақ сіңген ішіне ноғайлының.
Әлімұлы, Байұлы - ұрпағы оның,
Ұмытса да дәл бүгін ноғайлығын.

Тамырыма ноғайлық үңіле мен,
Өркештенем, назданам, іріленем.
Еркіндіктің ерлері іліп алып,
Табыстырар ерліктің түріменен.

Көрсеткен ол бағыттап дұрысымды,
Кешкен талай айқасты, ұрысынды.
Киевінді, Мәскеуді қалтыратып,
Мөлтендеткен үш ғасыр Русінді.

Шуақ шашса Әлемнің бәріне күн,
Ентігеді өкпе мен әлі демім.
Күнді торлап бұлт болған орысыңмен
Қан шайқаста мерт болған Жәнібегім.

Алшыныңмын, Арғынмын, Ноғайлыңмын,
Шуағына шомылған арай күннің.
Бабалардың сиынам аруағына,
Көзін іздеп бүгінгі жоқ айбынның.

Найман, Керей, Жалайыр, Үйсініңмен
Азаттықты аңсағам түйсігіммен.

Әмір темір, Мұхаммед Шайбанидың
Озбырлығы санама күй сіндірген.

Қыпшақ, Уақ, Қаңлымын, Қоңыратпын,
Езілгем жоқ өлсем де аңырап мың.
Еркіндіктің кеудеме дәнін егіп,
Жапырағын жайқалтып жамыраттым.

...Бір азырақ ауытқып кеттім білем,
Мұң мен зардың ежелден көптігінен.
Көнбіс ұрпақ қинай ма бабаларды,
Өксігінен солардың көп бүгілем.

Күн тұрғанда әзірше көкте күле,
Кім иланар күйзеліс шеккеніме.
Тауарихтың қойнауын ақтарайын,
Қиялыммен сүнгиін өткеніме...

Бұлт торлады сіресіп жауып көкті.
Соғыс бұлты қаһарын сауып төкті.
Ойдан өзбек, қиырдан Моғолстан
Балтырынан қазақтың қауып кетті.

Отырарды, Сауранды қамап алып,
Толып кетті лықсып жау далаға лық.
Моғол ханы Сары Жүсіп шақылдаса,
Қасында жүр Шайбани домаланып.

Тегін емес олардың біріккені.
Бар мақсаты - қазақтың іріккені.
Содан болар жасын боп түкіргені,
Жалын болып төгіліп бүріккені.

Қақпаларын өрт шалды кенттердің,
Тор салмаққа еркіне ерікті елдің.
«Жау шаппайды ешқашан!» деп сайраған
Адыра қап сәуесі көріпкелдің.

Құйылған жау шаңдатып ойдан, қырдан.
Аң мен малды кезіккен сойған, қырған.
Қамалдағы қол саны жеткіліксіз
Не өндірер аз адам майдан құрған.

Найза гулеп, жебе ұшып, ысылдады.
Шыққалы тұр жан мұрын ұшындағы.
Айрылған ба Алашым қайратынан
Жәнібек пен Керейдін тұсындағы.

Бұйрықсыз-ақ жүгірер бұрын тіпті,
Тындамайды көп сұлтан Бұрындықты.
Хан тағынан дәмелі сол шіркіндер
Тартып, жұлқып әкетпек мұрындықты.

Көп қошқардың бастары бірікпесе,
Әркім өзін асқар ғып іріктесе,
Берекесі сол елдің безе қашпай,
Қай заманда үлес боп кіріпті есе?

Кірмейді есе. Жүндейді ондай елді.
Талай арман қиылып, оңбай өлді.
Сезді қазақ өшерін ес жимаса,
Татулыққа бірігіп қонбай енді.

Төресі емес, қарасы атқа мінді.
Бермес үшін сор жамап жатқа күнді.
Сауын айтып, «Аттанға!» басқан кезде,
Алаш сесі далаға ақтарылды.

Мейрамсопы Арғынын дүркіретті.
«Ақжолдаған!» ұранын күркіретті.
Аспандағы жасыннан асып түсер
Кек жалынын кеудеден бүркіп өтті.

Азаттықты аңсаған арманды елін
Найза, қылыш, жебемен шалғанда өлім,
Он мың қолын тасытып тау суындай
Ойқастата ұмтылды Тарланкөгін.

Тарланкөгі - пырағы қаһарлы ердің,
Көз құртына айналған шаһарлы елдің.
Тарландағы Мейрамға қарсы ұмтылма,
Тым ертерек келмесе беталды өлгің.

Көп тұяқтар тепкеңде тулап, турап,
Қара жерден шаң ұшты будақ-будақ.
Дуадақтар топылдап жолда қалды,
Жер жастанды құрайлар құрғап, құрап.

Қара көзде от жанса шарасы кең,
Айбатымен кетпей ме жарасып өң.
Тау тұрса да төңкеріп тастардай боп,
Қазақ кегі жөңкіді даласымен.

Озан-ұран қоздырып талай қанды,
Сұсты жүздер нұрланып, арайланды.
Алашының бұрқанған айбынына,
Тау, даласы сүйсініп қарай қалды.

Жел сипады ерлерін желпіп қана.
«Аллажарын!» көл айтты көлкіп қана.
Ақ батасын аталар беріп жатты,
Ақ тілегін қалқан ғып ертіпті ана.

Жері қорған ерлерге, тауы - қалқан.
Көлі қорған ерлерге, бауы - қалқан.
Елі, желі тұрғанда қалқаны боп,
Басып кірген болады жауы талқан.

Қиқулады, «Құндыздап!» ұрандады.
Медет қылды пірлерін, бір Алланы.
Көк пен жерді оқ, кекпен табыстырды,
Туған жердің тастүлек қырандары.

Жер шайқалды тұяқтың дүркірінен,
Көк аспанның кем түспей күркірінен.
Сонау шаңнан ажалын таныгандай,
Жас төгілді Жүністің кірпігінен.

Өлмес құлы болсаң да қай пәнидің,
Кетер сөніп басыңнан тайғанай күн.
Соны сірә сездірді-ау Арғын сұсы,
Түсі қашты Мұхаммед Шайбанидың.

Шабар хал жоқ дәл қазір екіленіп,
Жанға кірмек ажалы, етіне еніп.
Бассауғалап жөніңе жөнелмесең,
Анау дауыл тастайды екі бөліп!

Жалт қарасып, қабақтар ұғынысты.
Қашып, пысып бастайды тығылысты.
Көжек қылар көкжалды аяқ асты
Заман солай тудырған құбылысты.

Сардарлардан ым-белгі берілді де,
Ашты жолды ләшкері шегінді де.
Әлгі дәліз қуыспен тұра шапты
Басшылары жасақтан бөлінді де.

Қандай тәтті жандары төрелердің,
Әттең шіркін соларды төрелер кім?
Зәндемісін көргенде, келеді-ау бір
Қылыш ұстап үстінен төне бергің.

Сарт еткенде маңдайдан сын ағашы,
Арын сату - төренің сыбағасы.
Көн қатайса қалпына бармай қоймас,
Болғаннан соң әке - жын, сұм анасы.

Тап әлгінде тұрған топ жасқап көкті,
Құрбандыққа әскерін тастап кетті.
Іштен, тыстан ұмтылды қазақ қолы
Көкірегін күйдірген бастап кекті.

Жөн сілтерлік басшысыз осындайда,
Қайран жүрек сескеніп, шошынбай ма.
Ұйқы-тұйқы боп кетті шегінген жау
Бет бақтырмас манағы қосын қайда.

Найзалады қазақтар, жебеледі.
Қонып жатты ажалдың көбелегі.
«Темір масақ, үшкір оқ төсін тесіп,
Бұл қыршындар, апырай, неге өледі?

Неге өледі біреудің боздақ ұлы,
Ғұмырының тыйылып тез дабылы?
Қара жерден Көк төсін тілердей боп,
Анасының аңырар боздап үні.

Ұлы емес пе бұлар да боз даланың.
Бұларға да нұр төккен бозбала күн.
Құлақ құршы қансын деп қырамыз ба,
«Жан сауғалап!» естуге боздағанын?

Дәл осылар бұл жаққа не іздеп кепті,
Жаз түгілі кимесе күз телпекті.
Момыны ғой әр байдың күштеп еріткен,
Әр адамға жіберіп жүз тентекті.

Кімге? Неге? Демейді мөлиіп құр.
Қамшы астында қиқандар көн иық құр.
Қай жерде де қан құсар тек қарашы,
Төреге ерген кембағал, кемиық бір.

Шабақтаймыз онда біз неге ғана,
Қанға бөксін дейміз бе көне дала?
Көне дала қан ішіп, ұйып қатса,
Қан жұтпақ боп жүрміз бе өле қала?

Қып-қызыл боп аспанның қызаруын?
Қан бояудың, сұмдық-ай, ұзаруын.
Қан ағызды-ау көзінен талай ана,
Әкеткенде атқа сап біз аруын...

...Әй, мынаусы ұра ма шоқпарымен?..
Аянышпен ішімді ақтарып ем.
Ал ендеше қапыда қалма, Мейрам,
Жау боп шықты-ау алдыңнан атқа мінген.

«Ая!» дей ме-ау? «Ағатай, ая!» деді-ау.
Қазақтығы, апырай, аян еді-ау.
Қандасым ғой, Жасаған, аңдасым ғой,
Зар, мұңымен жаныма таяп еді-ау.

«Қолым міне, қарағым. Аяғаным...
Кім екенін аңғар тек қай ағаның.
Үзілмесін ғұмырың қыршын жаста,
Көмейіңе жалғассын баяғы әнің!»

Бас изеді. Аман-сау іні кетті.
Сарнаған үн кең сайды күңірентті.
Бір түйсікті сезді ме Мейрамсопы
Қатқыл ерні еріксіз күбір етті:

«Тоқта, ерлерім!» Оң қолы шошаң етті.
Жалт бұрылды сарбаздар тоса бетті.
«Қазақ бұлар. Қандасың! Ағайының!
Арындамай, қайырым жаса!» депті.

Қашты ілезде жүздерден өшпенділік,
Ажал болып қамаған сескендіріп.
Қарсы жақтан «Ух!» деген жалын атты,
Көрге тіреп, өзектен өшкенде үміт.

Ах, дариға-ай, кең екен аспан асты
Туыс қылып қосатын басқа басты.
Татулық пен ынтымақ бірлікте екен
Ал жаулассаң, соғарсың тасқа басты.

Сезді жаудың Арғыны, Алшыны мен.
Құшақ жайды. Табысты бар шынымен.
Арғынды Арғын, Алшынды Алшын құшып,
Бір тазарды ет жүрек, малшынып өң.

Қақты арқаға түйеші жылқышыны.
Қаны ойнақтар босатса мұң кісіні.
Әзіл-қалжың далада ал тұтансын,
Тазалықтың әрқашан күлкі - шыңы.

Бала қылған төсінде жүрген ұлды,
Баласы мен Даласы бірге күлді.
(Қайран қазақ Далаңа сездіре бер
Уыз үнмен өмірге кіргеніңді.)

Қас боп тұрған екі қос досқа айналды.
(Ұмыт, Алаш, қан жүктер өшті айланды).
Ел-жұртымен тік көшіп келмек болып,
Серт байласып әулие тасты айналды.

Тылсым тасты айналып, келісті «жау»,
Қыңыр бұқа болмасқа, теріс бұзау.
Малын, жанын, лаң емес, алып келіп,
Игілікке толтырсын өрісті «жау».

«Қап, әттең-ай, Шайбани, Жүністерді
Қағып түсіп, босатып күмісті ерді,
Аяқ-қолын сұмдардың байлап тастап,
Берер ем-ау жаяуға міністерін!

Қарашысын қамал ғып қашып кетті.
Кеудемізді, амал не, басып кетті.
Тамағынан бауыздар төбеттерді
Күн туар ма, Құдай-ау, басып кекті.

Соғыс өртін солар ғой будақтатқан.
Даламызда лаңын шумақтатқан.
Төрелер ғой қып-қызыл қанға жерік,
Қазақты атқан, қожаны, сунақты атқан.

Ән іздейді сәбидің шырылынан.
Күй аулайды бөрінің ырылынан.
Ақ төсінен тоят ап тойынған соң,
Аруымды сүйрейді бұрымынан.

Жау жыға ма өкіртіп, ар жыға ма,
Бармағыңды тістей бер қан жыла да.
Ақ сақалын атаның қанға бояп,
Анаң шашын байласа қанжығаға.

Сұр жебемен сәбиді шабақтаса,
Алғаныңды алқымдап тамақтаса,
Құл тірліктен сор тірлік артық болмас,
Атпай қойсын ондайда таң атпаса.

Көк сүңгі емес, өлтірсе түйреп қамыс,
Құрайдай боп қырылса күйреп таныс,
Қыбырлаған кеуденде ояна алса,
Атқызар ма жауыңа сүйреп намыс?

Бастар ма сол ақыртып кек жолына,
Айналдырып өр түрік көкжалына?
Не әйтпесе күшік қып қыңсылатып,
Жемтік қылып тастар ма олжалыға?

Аса алмасаң үйкүшік ілдалдадан,
Қайыр күтсең қол жайып күнде Алладан,
Ауыл-үйден бір аттап шыға алмайтын,
Болғаның ғой нағыз сен мұңдар надан.

Ерттеп мініп сұлтаның, ханыңменен,
Ойбайлатар шеріңді зар илеген.
Есің шығып мәңгіріп, есек болып,
Бөлек-бөлек қалады жаның, денең.

Қараң етіп шыға алмай қыр басына,
Қор боласың көз салмай ұрғашыға.
Төре біткен төрдегі шіреніп кеп,
Жаудырады қамшыны бір басыңа.

Талшық таппай талқандық тарығып ең,
Жаныштайды жаныңды салығымен.
Биліктінің өңешін толтырумен
Басталады сен үшін анық үнем.

Иығынды бүкшитіп қиқандасаң,
Жауырынды майлардай күй тандасаң,
Төленгіттер тап беріп домалатса,
Ойық, тілік көбейер құйқанда сан.

Хан болмаса қарасар қарашыға,
Айналар ол ханыңнан табашыға.
Қасығынды аузыңа жеткіздірмей,
Құйып алар құтынды шарасына.

Құтырынар құнығып кеткеннен соң,
Талай қазақ өңештен өткеннен соң.
Шөпжелке үшін жауына жайлау сыйлап,
Жер-анасын өңменнен тепкеннен соң!

Ындыз ауып тұрады-ау шөпжелкеге,
Күркілдеген кеудеден көп жел төге.
Аяшыңды алыстан шалып қалса,
Мініп ала қояды көкжелкеңе.

Уәдемен жығады үйіп-төгіп,
Көндіреді ақыры иіп, сөгіп.
Қызығынды, қызыңды әкеткен соң
Күңіреніп қаласың күйікке еніп.

Шектен шықты Жүніс хан тым-ақ енді
Шалқалатып қыздарды жыға берді.
Асқынды ғой, қуқаптал өзін көрмей,
Хақты сөгіп, бермеген мұрагерді.

Қап, әттең-ай! Жіберіп алғанымды-ай!
Қашан құлақ тосады зарға Құдай.
Көз алдына көкесін көрсетер ем,
Миы болса басында бармағымдай.

Салар ем-ау шеңгелді өңешіне,
Құй қағар ем соққылап төбесіне.
Көптің кебін кигізіп ақырғы рет
Мінгізер ем келместің кемесіне.

Амал нешік, құтылып тағы кетті.
Әлі біраз шулатар лаңы көпті.
Калай ғана, апырай, жер көтерер,
Жерін сатқан қанішер лағнетті!

Қанасына қағынып симай ғана,
Пана болмай, пұл болса мидай дала.
Сол даласын қанына суарсам ғой
Ақтық рет қаратып қимай ғана.

Жер қимастай сол ханда бар ма жүрек?
Шыннан қашып жүрген соң, арға жүдеп.
Сақалынан Тәңірдің тартуға әзір
«Құдайыңнан кем емес хан тәжі!» деп.

«Аллаң да Өзім!» деп тасып лепіреді-ай.
Көктен биік күпсінген көкірегі-ай.
О сұмдық-ай, қызарып қалай туған?
Дәл мен құсап әй, мынау өкіне ме Ай?!.

Адастырып әкетіп бұлдыр сағым,
Болса болған шығар-ау құр бұлтаңым.
Көк аспанның шырағы-ау, ант етемін:
Жауыздықтың құртам деп бір сұлтанын!

Жоя алмадым, әттең-ай, ханды мына.
Өз кінәмнан жаныма тамды күнә.
Ел қарғысы бәрібір тұзақ тастар
Кеуде соққыш, менменшіл пандығына.

Халық кегі жібермес, табар әлі,
Адалдықтың ашынып қабар әрі.
Ел-жұртымның жендеті жер жастанып,
Көктен жерге шаттықтың тамар әні.

Тас болса да жанының есігі тым,
Жетер зауал. Алдамас осы үмітім.
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Қазағымның болар-ау қосы бүтін!»

Бет сипады. Күрсінді Мейрам бабам,
Көкірегін өкініш ойрандаған.
Көз алдында жайылды сайран далам,
Қапалана күрсінді қайран данам...

***

Жорыққа қол кеткелі айдан асты.
Шырмады үміт-күдік, қайғы Алашты.
Ауылға ерін тұл ғып ат келе ме,
Боздақтар қалдырады қайда басты.

Қиын-ау сарбаз жолын тосу деген,
Жүрегің үркіп бітер шошуменен.
Ән қайда... дауыстап та сөйлей алмай,
Ұрланып шығар-шықпай өшуде дем.

Аман-сау келер ме деп тірі арыстан,
Үміт пен күдік немең жиі алысқан.
Күліп кеп Тарланкөктен түсіп жатса,
Жарылып кетсін жүрек қуаныштан.

«Тәңір-ай, жалғыз тілек жанға батқан
Айырма біз сорлыны оң қабақтан.
Жалғызды сақтап қалшы кезіктірмей
Ажалға, жақсыларды таңдап атқан...

Қолдай гөр қол бастаған киеліңді.
Өзің ол - өзегімен! Сүйе ұлыңды.
Жолына жаным құрбан.
Бауыздай сап,
Ажалға қалқан ғып тос сүйегімді!

Жіберме Әзірейіл жендетіңді.
Орнатпа қара жауып жерге түнді.
Жаным - ол, жарым емес жалғандағы
Көзімен аялаған мен жетімді.

Аяшы біздей зарлы ұрғашыны,
Көлкіген көзде жасы, мұнда сыры.
Төсінде даласының отау құрып,
Мақсұтқа жетер ме екен бір ғашығы!?

Шыбын жан шыңырауды қиялаған,
Өмірді өз еркімен қия ма адам.
Сақтап қал, қол салғызбай, Жасаған Хақ,
Қос жанды бір жүректе ұялаған.

Ананы, аруларды боздатып кеп,
Онсыз да тоя алмай жүр азды атып Көк.
Тәңір Хақ, қысастарға тосқауыл боп,
Өшірмей үміт шоғын, маздатып кет.

Әйелдің буырқанған сезімі - шың.
Шығармас сыртқа сырын өз ішінің.
Жалынам өксігімен Нұрфаяның,
Өтінем және азырақ өзім үшін.

Бұрып кет, Хақтағалам, бір жаланды.
Үрейден қабат-қабат мұң жамалды.
Мейрамның жолына арнап жанын қияр
Қуант тез, күрсіндірмей Нұржамалды.

Үш мұңлық! Үшеуміз де тірі жанбыз.
Табынған осы үшеудің пірі жалғыз.
Жасаған, көкірекке күйік құймай,
Жалғызды жазым етпей, тірі қалғыз!

Назарын салар бәлки, салмас мүлде.
Сипалмас суық түнде жамбас мүлде.
Әйтеуір көлеңкесін көріп жүрсем,
Тірлікке ырзалығым қанбас мүлде.

Көкесін көрсетші әкеп бөбегіне.
Тіледім көз жасымды төге, міне.
Жетермін. Жете алмаспын дегеніме,
Ғұмырдың Ол жоқ жерде керегі не.

Кеудемнен күн мен түнді өткіземін.
Тыншытып жан азабын, еккіз емін.
Көңлімді көншітейін көріп қана,
Еліне абыроймен жеткіз ерін.»

Қарқабат жалбарынды Тәңір хаққа.
Тіледі байламауын өмірді оққа.
(Тірліктің мағынасы арта түсер,
Осындай ару болса әр ұрпақта).

Ару-тын!
Ол - бүгінде Анам менің.
Киелім!
Өр бастауым!
Ауам, демім.
Тап-таза жүрегінен жаратылғам,
Ән, жыр боп келіп тұрар жауам дегім.

Ұлы Анам!
Аруағына бас ұрарым.
Анамнан асыл әнім, тасығаным.
Жасқантпай жаналғышқа қарсы айдаған
Қорғаным,
Қасиетім,
Хас ұраным!

Азырақ пәлсапалап кеттім білем,
Сезімнің Анам берген көптігінен.
...Жайнады жаз жайлауы Сарыарқаның
Шалғынға бүлдіргенін төкті кілең.

Сығалап көк сағымның мұнарынан
Арқар тұр ұзап кетпей сыңарынан.
Азулы айғырлары керқұланның
Шайнасты шыққанынша құмарынан.

Күн сүйді сахараны көкте жүзген,
Тоқтамай талай ғасыр өткен ізбен.
Ауылды алты аққу үш айналды,
Асығып ұшып шыққан Көктеңізден.

Аққудың суылынан қанатының,
Тапты ма, ұйып қалды дала, тыным.
Қарқабат - қайран қазақ қаракөзі-ай,
Қарашы таусылғанын тағатының!

Бұлақтан ал жүгірсін шелегімен,
Ып-ыстық өңешіне енеді дем.
Кеудесін бір қуаныш жайлап алды,
Шапшыған теңіздей боп кемерінен.

Бар ауыл аң-таң болып қарап қалды.
Ішілмей дастарқанда тамақ қалды.
Ұры итті сумаң етіп үйге ұмтылған
Қамшылап бір бозбас ұл сабап та алды.

«Сүйінші!» Жетті дауыс шырылдаған.
Өксікке, өкінішке ұрынбаған.
Кәрі-жас елең етіп, жалт қарасты,
Көз түгіл қалмай жүрек бұрылмаған.

Жүздерге нұр жүгірді жымыңдасқан.
Аңқиды ауыз, көздер жұмылмастан.
Үй-үйден атқып шыққан қазағына
Құмартып тас төбеден үңілді аспан.

«Сүйінші!» Қандай әсем, қандай ғажап!
Түскендей бір тәтті зат таңдайға жат.
Дүние бір-ақ сәтте құлпырады,
Ешқашан болмағандай маңдайда азап.

«Сүйінші!» бір серпіліс ала келді.
Тау көшіп, өзен шалқып, дала келді.
Көз жасы қуаныштың тасығанда,
Көп ерін сіміріп ап, қана берді.

Қарқабат жетті ауылға асып, тасып.
Шаттығын көңілінің ашып, шашып.
Қыз жолы жіңішке ғой.
Жіберер ед
Әуенге көмейдегі басып-басып.

Әннен кем емес еді ақтарғаны,
Тылсым боп көкіректе жатталғаны.
Келгені алты аққудың - жақсы нышан
Қанаттың суылында жатты арманы:

«Келеді жорықшылар аман-есен.
Кеудеге зор қуаныш тамады әсем.
Нұрфая, Қуандықты қолыңа алшы,
Дәл бүгін Оны көріп, толады есең!»

Ауылды бір жақсы күй кернеп кетті.
Лепіртті, елеңдетті, тербеп кетті.
Бәрібір үрей шіркін ұрлықшы ғой
Жүзінде кейуананың шер көлбетті.

Арулар бір-ақ сәтте шырайланды.
Кешегі суық ажар былай қалды.
Көңілдің құлпыруы адамнан ғой,
Өмірдің құбылуы - Құдайдан-ды.

Ізгілік сипағанда қасқа жанды,
Бар Әлем ұмытады басқа заңды.
Той ғана ой мен бойды билеп алып,
Ал жусын төрт-бес қолдап тас қазанды!

Баяғы шұнақ ойрат мақтап құлды,
Нұрфая жылқыға тез аттандырды.
Шығартты қызыл-жасыл кілемдерді,
Ақтартып тең-тең болып жатқан пұлды.

Сақадай сай боп ауыл дайындығы,
Сай сайға көшті, қашты уайым, мұңы.
Шыдамсыз алабұртқан кей жүздерден
Кей-кейде жылт етеді жәй ындыны.

Нұрфая иек артты құрбысына,
Жымиды ырза болған түрді ұсына.
Қарқабат сұмдық сұлу келбетімен
Сол сәтте ұқсап кетті нұр құсына.

Келіншек жасырмастан сұқтанғанын,
Сезгендей бойжеткенге құт тамғанын.
Қадалды мөлдір, әсем, ақ тамаққа
Тамсантып сұлулықтың жұтқан балын.

«Апырай! Неткен ғана көрікті едің!
Көзің - от. Жүзің - алау. Көрік - демің.
Әй, сенде бір ғаламат бар-ау, Күнай,
Бейнеңді дәл мынандай көріп пе едім.

Жанарды суырғандай ажар мына,
Аспандай бұлты қашқан тазарды да:
«Әлемде менен асар қыз жоқ қой!» деп
Бара ма алып ұшып базарлыңа?

Жаныңды жалын атқан танып тұрмын.
Қуанам. Қуанғаннан жанып тұрмын.
Баянды бақытынды адаспай тап,
Ғұмырлық кәусарыңа қанып, құрбым!»

Қос ару құшақтады бірін-бірі,
Даланың сипағандай гүлін гүлі.
Әйелдің иығына иек сүйеп,
Күнайдың баяу шықты дірілді үні,

«Жан құрбым, шарпып тиді-ау жанға лебің
Сезгендей күйіп барам Аллам демін.
Төбемді тигіздің де көк төсіне,
Болдың-ау қан құйғандай қанға менің.

Артық-ау өңгелерден пәктік өзгең,
Әйелдік аулақтанған жат мінезден.
Әрқашан асып түсер адалдығың
Өтірік алдай алмас тәтті сөзбен.

Тұрғаным, Нұрым, сені қинайын деп,
Бір сырды түршіктірер силағым кеп.
Қоймады айтпасыма бүгін енді
Миымды қашаған соң қинай үдеп.

Созбайын. Не деп босқа шашылайын.
Жеңгеңнің шөре-шөре басы - уайым.
Аңсай ма жар төсегін көп күрсініп,
Өксікпен өткізіп жүр асыл айын.

«Мейрам!» дер, қарамастан басқа маңға.
Кірсе де тоқтамас ол тас табанға.
Жібермей, қосармысың қосағыңа,
Ағаңның басқан төсін басқа адамға.

Қайтейін, айтқызып тұр аянышым.
Сені ойлап ауырады баяғы ішім.
Өзің шеш: Үзермісің үміт қылын,
Өксітпей берермісің таянышын?»

Құрбының қинады рас аршылғаны.
Денесі Нұрфаяның қалшылдады:
«Сезгенмін. Қызғанғанда қайда барам,
Жеңгемнің, құдай ондап, жансын бағы...»

...Соны айтып жым-жырт қалды қайысқан үн.
Жетті айдан жылқышылар сойыс малын.
Ауылды қаурыт тірлік кетті кернеп,
Танытып қуанышқа ойысқанын.

XIII

Аспан тұр аппақ шаңытып,
Қонбайды көкке түзде бұлт.
Аптабын дала ағытып,
Сорады сордан тұзды еміп.

Сарғайып кетті төңірек,
Сояу боп көк шөп қатайып.
Аңызақ жетті еңіреп,
Жусанның басы сақайып.

Бұлақтың үні булығып,
Үзіліп өзен, буланды.
Жататын маңды шу қылып,
Ұмытты құстар думанды.

Дүниені түгел шөл қысып,
Қабағы түсті жандының.
Шалғандай жазда елді үсік,
Қойнына басып алды мұң.

Жайлауы - жаны қазақтың
Айты мен тойы бітпейтін.
Ішіне сүңгіп ғажаптың,
Белінен бәрін бүктейтін.

Сол жайлау бүгін нәр татпай,
Сұрланып сұрқын алдырды.
Жұрт біткен көкке жалтақтай,
Қараумен көзді талдырды.

Берсе де талай тасаттық,
Жалынып пірге, Тәңірге.
Жаңбырсыз жастан қасап қып,
Жібімей қойды тар ірге.

Айықпай мұнар дірілдеп,
Аңызақ шарпып, жатты үрлеп.
Ішкені елдің ірің боп,
Жоғалды қырдан шат дүрмек.

Биікте ұшпай қыраны,
Кеткен соң ауып киігі.
Құмығып тынып қыр әні,
Боздаумен шықты күй үні.

Тыншымай гулеп бораны,
Құм басып кетті жотаны.
Тұлып қып көнге орады,
Бұралып өлген ботаны.

Ботасын жоқтап бозінген
Боталап жасы боздады.
Айрылды шаруа төзімнен,
Бетінен тамып боздағы.

Бұлақсыз, отсыз мал қайда,
Қашанғы түлік шыдайды.
Шарасыз күймен шалғайда,
Қарғайды қазақ Құдайды.

Қарғайды қатал тағдырын
Бұғаулап малға жалғаған.
Тілдейді қырсық жаңбырын
Жаз бойы нәр боп тамбаған.

Тәңірді, Көкті қарғайды,
Күтуден әбден талған соң.
Көкірек ұлып сарнайды,
Күйіктен күйіп-жанған соң.

Көтерем күйден не пайда,
Тірліктен үріксе әл бітіп.
Қаматып жұртты жат ойға,
Ажалға қойса андытып.

Қияға ұшар киялды
Құрдымға салса құрықтап.
Безерсің тастап ұянды,
Аулақтап ұзап, ұлып қап.

Мазасы қашты әр үйдің,
Кеудеден өрбіп дүрбелең.
Бесіктен шыққан қариды үн,
Үргендей бөрі іргеден.

Жан біткен мүлде түнерді,
Көрместей болып бір-бірін.
Құм қылып қажыр, жігерді,
Жоғалтып алды бірлігін.

Бәйбіше жұлып тоқалды,
Тоқалы ұрды баланы.
Сыйламай жастар сақалды,
Жат тірлік жапты даланы.

Әр тұстан жетіп күнде бір
Айқай-шу естен тандырды.
Таусылмай қойған мол дүбір
Дал қылды әбден, талдырды.

Аулақ-тын ұрыс, керістен
Әзірше Мейрам ауылы.
Тұтанып сонау өрістен,
Жетер ме даудың дауылы?

Ойлайды соны Қарқабат,
Қуандық ұрса Қамбарды.
«Кетер ме бірлік тарқап-ақ
Ұйытқан мынау жандарды?

Кетер ме тірлік ыдырап,
Аналар қорғап баланы.
Жетер ме қарғыс зымырап,
Көмкеріп алған даланы?

Бүгіннен қуып ертенді,
Өкпеге құйсақ егесті.
Енер-ау қаулап дерт енді
Ой-бойдан қуып кеңесті.

Туар ма қоздап қызғаныш -
Кескінің сойы ол ең ескі.
Көбейтіп сорды қызған іш,
Тартар ма күнім көмескі.

Ашудан өтке қан құйып,
Төгер ме кегін жанарға.
Сан ысып жаның, сан күйіп,
Өшпендік оты жанар ма?

Бұлбұл боп ұшып сайран күн
Шашар ма күлін орданын.
Тұс-тұстан талап Мейрамның,
Бұзар ма көңіл корғанын.

Жүректі зілі күйдіріп,
Түсер ме салмақ арысқа.
Әйтпесе, мынау күйді ұғып,
Қызар жан бар ма намысқа?

Кім шығар кекпен жұлқынып,
Тәңірге, Хаққа зар айтып?
Кеткенін көктен бұлт ығып,
Көңіл мен жерді қарайтып.

Апырай, Хақтың өзі ме,
Өкпеден сыққан пендесін.
Көрсетіп тұр ма көзіне,
Күнәдан жиған көмбесін?

Қыбырлар тірлік иесін,
Шығарар десек ұшпаққа.
Ұмытып мейірім, киесін
Аштықпен, шөлмен қыспақ па?.

Қырмайды жұртын неге оңда,
Тағы да топансуында.
Тоғытып ажал-тоғанға,
Жұтқызып зәрлі уын да...»

Өксіді іштей булығып,
Қазақтың нәзік аруы.
Кеудеде күдік тұр бұғып,
Табылмай елдің дәруі.

Батты да үлкен қайғыға,
Кішкентай жүрек тілініп.
Жастыққа басын қойды да,
Көздері кетті ілініп.

Сол сол-ақ түс пе, елес пе —
Сағымға аппақ кетті еніп.
Қыз тұрған оқшау белеске,
Иілді төмен Көк төніп.

Күңіренген күй ме, күйік пе,
Қоздатты ғалам ызыңды.
Жарқ етіп бір нұр биікте,
Зар ызың кенет үзілді.

Әлгі нұр баяу қалықтап,
Сүңгі боп жерге жетті енді.
Құлпырды маңай, жауып қап
Жып-жылы шуақ бөктерді.

Сүңгі-нұр кенет тіл қатты,
Айналып адам-бейнеге.
Даланы әсем үн жапты,
Ішінде жүзіп ой-кеме.

Қас аппақ, ақ қар сақалы,
Еседі мейір ақ түстен.
Әуендей таза мақамы
Секіріп жатты ақ тістен:

«Естідім өксік үнінді,
Шерінді ұқтым, ұрпағым!
Таныдым, таптым ділінді -
Аңсаған жұрттың нұр таңын.

Шерлене бермей сен енді,
Қатайып қанат қақ, күнім.
Тірейсің көкке төбеңді,
Жетесің Хаққа тап бүгін!

Қол жайып бердім батамды.
Арыстан бабпын, бабаңмын.
Күрсіне бермей беталды,
Асқанын білгін бағаңның.

Мін-дағы Құланқасқаңа,
Шапшып шық «Қыранқияға»
Қарама көктен басқаға,
Кеудеңді төсе ұяға.

Тілекті жеткіз Аллаға,
Жалынған жанның үнімен.
Жарқ ете қалып тау, дала
Бір белгі берер түнінен.

Жар болсын Жаппар Құдайым,
Өзіндей - елге дәнді еккем.
Қарқабат - күнім, Күнайым,
Өшейді ешбір енді өкпең.

Ұрпағың өсіп, қаулайды,
Төгеді нұрын тегіс Күн.
Жауын да дауын жаулайды,
Мекен ғып тұтас Жер үстін!»..

Ақ бейне аппақ сүңгі боп,
Қысып ап екі өкпесін,
Жарқ етіп, тіп-тік сүңгіп от
Жоғалды тіліп көк төсін.

Қуарып әрі қуанып,
Кеудені сілкіп бір толқын
(Кетпей ме көзің шыланып,
Толғанда кенет күрт олқың).

Сондай бір кешіп жағдайды.
Сілейіп Күнай тұр әлі.
Хақ қолы жанап маңдайға,
Жанғандай ғұмыр шырағы.

Алдыңнан күтіп әлдене,
Сап ете қалар тап кейде.
Үмітті егіп' пендеге
Жетті де кетті ақ бейне.

«Табасың - деді-ау - іздесең.
Аласың - деді-ау - үлесті!»
Құлпыртты сенім жүзді әсем,
Батылдық бойға ілесті.

...Кірпіктер әлсіз қыбырлап,
Айырды түстен, елестен.
Суылдап шилер сыбырлап,
Сыңсыды тыста жел ескен.

Жөнелді жаяу жылқыға,
Есіктен атқып шықты да.
Жел есті кенет жұлқына,
Аспанды бұлтқа тықты да.

Боради құмның бораны,
Бет-жүзді осып, зуылдап.
Жусанды, шөпті орады,
Кеміріп жауып, жырымдап.

Кеуделеп үңгіп Қарқабат
Қойнына құмның сүңгіді.
Жүгенін, ерін арқалап,
Ентіге басып, ілбіді.

Қиялап шығып қырқаға,
Демікті біраз ышқынып.
Дабылды соқты зыр қаға,
«Құраулап!» сонсоң ысқырып.

Жел тынды. Ішін тартты да,
Кеш түсті жерге түнеріп.
Аспанға иек артты да,
Алысқа жатты үн өріп.

Дабылын дабыл қаққанда,
Ысқырық шықты үш рет.
Даланы түнек жапқанда,
Жануар-ай жетті кісінеп.

Жүгендеп, ерттеп Құланды,
Жөнелді қарғып мінді де.
Өзі ме, жел ме бір әнді
Ұзатты түнге ілді де.

Тепкілеп бесті жер төсін,
Шабысты түзеп үдетті.
...Тұқырта айтсам келтесін
Бір сәуле түрді түнекті.

Найзадай түйреп түн қойнын
Жарық қып таспа сүрлеуін.
Босатты жібін түрлі ойдың
Ағытып тастап күрмеуін.

Асыққан көңіл сия ма,
Тар жолға түнде ұзаған.
Тік салды «Қыранқияға»
Ізгілік іздеп қыз адам.

Тұлпар ғой қайран бестісі,
Қияға тура өрледі.
Тиердей тасқа төс тұсы
Бауырлап, тұяқ сермеді.

Жаны ғой - аты қазақтың,
Теңгермес қыздың құнына.
Жол тауып түнде өзі аттың
Ап шықты қия шыңына.

Шыққан соң шыңға қиялап,
Түсе сап аттан басты алға.
Кеудесін төсеп ұяға,
Қадады көзін аспанға.

«Жаратқан ием, Тәңір Хақ,
Зар илеп саған жалынам.
Жалғанды мынау жарылқап,
Айырма адам, малынан.

Нәр жұтпай семді қара жер.
Қойғаның қалай суыңды ап.
«Су!» дейді сусап дала, бел,
«Су!» дейді желім суылдап.

Құйылмай көктен жаңбырың,
Қурады тірлік тамыры.
Ажал ма - алар тағдырым,
Алламның жетіп әмірі.

Әйтпесе төмен үңіліп,
Жағдайын жұрттың көр, Тәңір.
Өмірден кеткен түңіліп,
Тілегін елдің бер, Тәңір.

«Су!» дейді жер, көк суылдап,
«Су!» дейді сәби шырылдап.
Жетпесең бүгін суынды ап,
Тіршілік жерде қырылмақ...»

Жарқ етті Көкте бір ұшқын,
Қақ бөліп қара түнекті.
Орната салды нұр ұстын -
Аспан мен жерге тіректі.

Зымырап жетіп ұстынмен
Бір сәуле шыңға тірелді.
Далаға сәуле-ұшқынмен
Ғаламат әсем тұр енді.

Ұядан сол сәт жарқ етіп,
Атылды көкке жас қыран.
Әлемге бейне ол ант етіп,
Күнайдың ұшты астынан.

Саңқ етті дала қыраны,
Бұлқынды аспан күркіреп.
Күркірі көктің - қыр әні!
Ал құйсын жауын сіркіреп.

Көк жасын шашып көкте әйнек
Көк найза іреп бұлт төсін,
Дүрілдеп жаңбыр төкті-ай кеп,
Шығарып шыңның сілкпесін.

Су шіркін - жердің нәрі ғой,
Жаны ғой жарық жалғанның.
Жасқа күш беріп,
Кәріге -ой,
Сергітер жауын жауған түн.

Сезді ме соны Қарқабат,
Төседі қолын бетіне.
Қап-қара шашы тарқап ап,
Орала тиді етіне.

Әндетті үнсіз, жүрекпен
Тылсымды шешіп сыр бүккен.
Мөп-мөлдір жастар дір еткен,
Үзіліп жатты кірпіктен...

XIY

Ит үрді де босағаға ауды рең.
Есік алды жота-жота, тау кілең.
Топ басында Мейрам кетіп барады,
Жорғалайды астыңдағы Салкүрең.

Біле қойды Биағаның жағдайын.
Салкүреңге ер салғанда әрдайым
Әкетеді Мерекеңді колқалап,
Жер түбінен көтерілген дау дәйім.

Тағы кетті. Өмір осы тынымсыз,
Жұмақ төрің тарта қалар бүгін сыз.
Әрі-сәрі Қарқабаттың тірлігі,
Ол үндемей,
Жүріп жатыр бұл үнсіз.

Өшпей, жанбай қалт-құлт етіп тілегі,
Бір күзеліп, бір түзеліп тірегі,
Түрілердей жан пердесі болғанда,
Тұтаса қап түнереді түнегі.

Сол түнекке оралғанда қара бұлт,
Қыл өңештен жан бергендей, жан алып,
Қара көзден жалт ететін бір ұшқын
Түнегіне шуақ шашар, таралып.

Шуақ тосқан өзгереді өң неге,
Тәңір қашан он қарайды пендеге.
Күй аңсасаң, неге жанды күйзелтіп,
Мұң орайды жүректегі пернеңе?

Жеңе берсе қуанышты уайым,
Жете алар ма арманына Күнайың.
Жан мен тәнді бір айырып, бір қосқан
Қалай, қайтіп қадірлемек Құдайын.

Тілегінен жұрдай етіп тіріні,
Турап, түйреп ұсақтаса іріні,
Қара көзден қып-қызыл боп қан ағып,
Қара түнді орнатпас па ірің і.

Ойыншығы ма жер мен көктің ұрғашы.
Кеуде - бітеу. Мұң мен шері - сырласы
Сыртқы көркі, ішкі өрті еленбей,
Қызықтырса жалт-жұлт еткен сырғасы.

Қызығы не тұмшалаған өмірдің,
Өзегіңе өксік тықса жебір күн?
Сыңғыр күлкің көмейінде қақалса,
Сол көмейді келеді-ау бір кеміргің.

Орансаң да үлде менен бүлдеге,
Жарқ етпейді арайланып Күн неге.
Қарай қалып Әлем қашан сүйсінер,
Қос дененің боп кеткенін бір дене?

Тірілер ед қуаныштың түрлі үні,
Қос жүректің орнай алса бірлігі.
Аспан астын ән толтырып мерейге,
Шашу шашып құлпырар ед қыр гүлі.

Иттер үріп, сиыр мәлік мөңіреп,
Өзгермейді у-шуы көп төңірек.
Тыңдай алса, ғалам шошып кетер ед,
Өксігенін бір кеуденің еңіреп.

Естілмейді, жан ыңқылын білмейді,
Өксік түгіл жер жаңғыртсын үн мейлі.
Ел - меңіреу, тау - саңырау, жұр- марғау
Ұясынан ұшып кетсін Күн мейлі.

Бүгінгің - дәл айнымаған кешегің.
Шатастырған күн мен түннің есебін.
Тындағанмен әйелдердің өсегін,
Жылымайды жалғыз жатқан төсегің.

Осы төсек шығар емес ойынан,
Бар жылуын ұрлағандай бойынан.
Суық көрдей шәйі көрпең тосады-ау,
Қайтқан кезде әлдекімнің тойынан.

«Той!» дегенің - тұл арманның жеңсігі.
Тоймен толар жетім көңіл кемшіні.
Шіркін бір той бола қалса, дүние-ай!..
Оралар ед екі-үш түнге меншігі.

... Жетті сарнап отау үйден бебеу үн.
Өмір осы, білер өзі не деуін.
Толғақ буған әйел, әне, тұр зарлап,
Тәңірінің қалап, тілеп жебеуін.

Өмір осы, тыншымайды, бітпейді.
Ой мен бойға әрекетін жүктейді.
Дігерлеп кеп дедектетіп қояды,
Өксігінді өңмендете жұт мейлі.

Анау бебеу тесердей боп төбеңді
Жетіп жатса, қозғалмай көр сен енді.
... Қарқабат та бір күрсініп алды да,
Жүгіре аттап отау үйге жөнелді.

Нұржамал тұр құрған құрға асылып.
Қара шашы ақ иықта шашылып.
Шырылдаған даусы кенет тынады,
Көмейлеген ыңқышымен басылып .

Нәзік дене су боп ағып терменен,
Нәр сыза алмай қызыл ерін шөлдеген.
Толғақ буған аналардың азабын
Қалай ғана көтереді жер немең?!.

Туар кезде дүниеге шарана
Жан азабын шегер неге бар ана.
Енбес болып мынау һарам Жалғанға,
Қарсыласқан пәк сәбилік шара ма?

Төбесімен түйіскенде жерменен,
Біле ме екен туатынын шерлі өлең.
Ең алғашқы бүлігі ме бөбектің,
Тазасынан айрылғысы келмеген?

Бұлқынысы кек-қыжылды жинай ма,
Кек-қыжылмен жан анасын қинай ма.
Тар құрсақта еміренген уілі
Шар ете қап кең дүниеге симай ма?

Жалғандығын сұм Жалғанның сезе ме,
Пәк көңілмен зұлымдықтан безе ме?
Тірлік қышап тудырмаса еріксіз
Қоймас еді-ау бұл пәниге өзі ене.

Өмір - қабы Ақиқат пен Жалғанның.
Өлшер бәрін қапқа нені салған күн.
Ақ, қараның сен қайсысын көп салсаң,
Сол ыңғайға ғұмырыңмен жалғандың.

Шар еткенде қалап алсаң Шындықты,
Көкіректен аластарсың Сұмдықты.
Таза болсаң, адал болсаң арыңа,
Түтінің де тік көтерер түндікті.

... Жә, азырақ тағы кеттім ауытқып,
Жас әйелді толғақ қысты қауып тік.
Көп қиналмай аман-есен босанса,
Мейрам аулы дүрілдер ед сауық қып.

Әйелдер-ай, қайран ғана аналар!
Құтханасы - мейірімнің паналар.
Тағы шықты ұлы айқасқа Ажалмен
Келсе-дағы Әзірейіл жан алар.

Бірі сипап, бірі қайрап, дем беріп,
Белден құшып алды бір өңгеріп.
Ыстық деммен сұп-суық тер шарпысып,
Құбылады азабымен өң-көрік.

Шыңғыртады шыбын жанды азабы.
Шайқастырып ескі менен тазаны.
Ғажабымен, тозағымен сынайтын
Осы ма екен Тіршіліктің мәз әні?!.

Осы сәтті үміт, күдік таласқан
Тоса ма екен тосқауылдап кәрі аспан?
Туғыза ма томпылдатып ұл-қызын
Кіндік қаны жер-анамен жарасқан.

Шығара ма жарық нұрға түнектен,
Өсіп-өнсін деген әсем тілекпен.
Дүниенің у-шуына қоса ма,
Жалғастырып жұдырықтай жүрекпен.

Сол дүниең ұлғаяр ма, кемір ме,
Жас іңгәнді жолдағанмен Тәңірге?
Әй, бәрібір қарсылығы жойылмас
Жылап кірер адамзаттың өмірге.

Қия алмайды Нұржамал да өмірді.
Ыңқыл, өксік көмейінен төгілді.
... Осы бір сәт оқыс шыққан бір дауыс
Көміп кетті маңайдағы көп үнді.

Уай, адамзат, құлақ салшы, тындашы,
Естілді ғой жаңа адамның іңгәсі.
Дүниеге жан иесі оралды,
Дүниенің сырласы һәм мұңдасы!

Шар етті де түртті әлемнің құлағын.
«Таптым!» дей ме жерден жайлы тұрағын.
«Аштым!» дей ме жарық дүние есігін,
Әлде айтты ма жауап таппас сұрағын.

Тоқталмайды іңгәсімен шарылдап.
«Келдім - дей ме - қуанышты ап, зарымды ап».
«Туды - дей ме - бір ұрпақтың бастауы,
Ақ түйенің бүгін қарны жарылмақ!»

Кандай ғажап, кандай әсем шарылы!
Сыйған соған әке көңілі, жар үні.
Қуантады көкпар тартқыш жастарды,
Күрсіндіріп еміренген кәріні.

Елжіретер ана жүзін шаршаған,
Бір-ақ сәтте бақытты ғып баршадан.
(Аналарды ардақтауға тоймайық
Келсе-дағы дүниеге қанша адам).

Қарқабат тез кесті бөбек кіндігін.
Жаңа өмірдің шымылдығын түрді күн.
Шуақ тапты бүлдіршінді түндіктен
Танытқандай табиғатпен бірлігін.

Құйылды нұр сонау көктен шұбырып,
Кеткендей нақ аспан жермен бірігіп.
Сол шуақты шұбырып кеп төгілген
Қысып апты кіп-кішкентай жұдырық.

Нұр мен шуақ шұбырды-ай кеп, шұбырды,
Қоздырғандай кеуделерде дүбірді.
Өзіне өзі қайран қалды Қарқабат
Тоқтата алмай еріндегі күбірді:

«Көрдім нышан мынау тылсым ғұмырдан
Туды бүгін жер бетіне ғұмырлы ән.
Анау шуақ жып-жылы боп жайылған
Ұрпағы ғой - өсіп, өніп шұбырған.

Оң қарасын нәрестеге ғұмыр-сын.
Бұған қасты жасынымен Күн ұрсын.
Бақ пен ырыс еншісінен бөлінбей,
Бір өзінен бір тайпа ел шұбырсын!»

Жүрек қылын қозғағандай күй табы,
Күлімдеді, Жамал бетін сипады.
Тойлы ауылдың тіршілігін бастап күң
Үйтіп жатты сирақ пен бас құйқаны.

Балбөбекті ақ ұштаппен құндақтап,
Нұрфая тез күліп жүзін бұрды аппақ:
«Күнайым-ай, жаның қандай таза еді,
Жібердің ғой мына сәтті қымбаттап!

Қуанышты дәл бүгінгі жебеп тым,
Шуақ құйса, сәбиді өзі елеп Күн,
Бар жақсылық ілесетін соңынан
Шұбыртпалы болсын аты бөбектің!»

Ал Нұржамал күле алмады, өксіді.
Қара көздің домалады көк шығы.
Қос құрбының баурап алды жүрегін
Бүкпесі жоқ ақтарылған тек шыны.

Аймалады, тайғанады жанары.
Үнсіз ғана шырқап кетті жан әні.
«Тірі болып - ірі шығар!» деді екеу
«Тұлпар болып өсер - деді-ау - жабағы!»

«Айналайын, аймалайын, қыздарым!
Қудыңдар ғой жер бетінің ызғарын.
Ер боп кетті-ау еңіреген жетім ұл,
Ән боп жетті-ау күңіренген құздағы үн.

Айналайын, аймалайын сендерді.
Екеуіңе жан қиярмын мен де енді.
Қарқабатым - марқабатым, құрбымсың!
Нұрфаяжан, аялай бер жеңгеңді.

Өздеріңнен, сөздеріңнен айналдым.
Мынау күнім - бар ықыласын жайған күн.
Бұл жалғанның кызығына жан тоймас,
Келмес мүлде өксітердей қайғы алғым!»

Бар алғысын Жамал солай білдірді.
Қос құрбыны егілтті де күлдірді.
... Жымиғандай бөбек ернін таусады,
Сол қимылмен жүректерге нұр кірді.

Сәби келді. Мейрамсопы баласы!
Еміренді, тебіренді даласы.
Бүгін - бөбек. Ертеңгі елдің данасы.
Ақындар мен батырлардың бабасы.

* * *

Ұстатпай қойды-ау
Алыстап кеткен бір арман.
Елесі ойда-ау,
Көрінбес өзі мұнардан.
Шығарар ма екен
Өксікті еміп, дірілдеп
Өкініп жүрген
Жүректі бір күн құмардан.

Жабар ма мұнды
Жарылқап жетіп қиырдан.
Табар ма күнді
Шуағы көктен бұйырған.

Қонар ма жанға
Еркелеп келіп іңкәрлік.
Қамар ма түнге
Жарығы кеміп сұйылған.

Тыйылар қашан
Сорғалар көз жас түндерге.
Құйылар қашан
Кеудеңді жылтып Күн жерге.
Аялап тисе,
Алақан ыстық табымен,
Таппаса шіркін
Күрсінтіп келер мұңды емге.

Жаңғырса таста
Елжіреп, балқып күлгенің.
Ерісе жаста
Ықылық атқан бір демің.
Оралар еді-ау
Оралмай қойған арманың,
Жоғалар еді-ау
Жоғалмас дейтін мүлде мұң.

Қап-қара көзді
Ырза боп тіксең аспанға.
Кеуденді шаттық,
Жүзінді шуақ басқанда,
Ып-ыстық қылып,
Күйдіріп бетті ағызса,
Күйінішке емес,
Сүйінішке толы жасты Алла!

Дәл одан артық
Болмас-ау іздер керегі.
Осы бір тілек -
Ашыққан жанның қорегі.
Жетсе ғой даусы
Жер менен көкті тулатып,
Кездесе бермей
Тәңірдің ылғи кереңі.

Қайтеді енді
Тағдырға қатал жалынып.
Үзілмес үміт,
Біткенмен көңіл тарығып.
Жаңғырса тірлік
Жылатып барып жұбатып,
Айтар ма сазды
Қуанып әлде жабығып?

Осылай жүдеп
Қарқабат түнде дөңбекшіп.
Өксиді жүрек
Өзі де үнсіз келді өксіп.
Жадырай қалса
Кейде бір әлсіз үмітпен,
Денені сығар
Сұп-суық шыққан тер тепшіп.

Жандырып есте
Шырақ қып тірлік кей кезін.
Қадайды сонда

Сол сәтке елтіп ой көзін.
Жылынып кетер
Ып-ыстық болып күйіп қан
Аялап сипар
Мейрамның аңсап қой көзін.

Таниды содан
Шуақтап атар таң нұрын.
Ашылар күнін
Тұманын түріп алдының.
Шашынан иіскеп,
Ұстатса қана етектен
Жар болып жарға
Қосар ед мәңгі тағдырын.

Ұстатса ғана
Мызғымас көңіл тірегін.
Аспаннан күткен
Тапқызса жерден тілегін.
Құрбан ғып өзін
Сездіріп таза пейілін
Кеудесін тіліп,
Берер ед алып жүрегін.

Айтады соны
Түнеріп төнген аспанға.
Жамырап туар
Жұлдызын төгіп, шашқанда.
Айтады соны
Әулие тұтқан бабаға,

Санасын улап,
Кірпіктен ұйқы кашқанда.

XV

Қыс келді аязымен қаңтарлатқан.
Тірілтіп көп өсекті хаңдарды атқан.
Сусыған алакүшік жауып кетті,
Жаз бойы сан айқаста қандарды аққан.

Сығанақ, Отырарды азатты еткен
Бұл күнде Созақ, Сауран қазаққа өткен.
Дүрілдеп Дешті Қыпшақ даласында
Дәуірлеп, айдап шыққан мазақты өттен.

Алты ай жаз аттан түспей Бұрындық хан,
Жүсіпті, Шайбаниды ұрып жыққан.
Дәмінен тәуелсіздік татқаннан соң
Айрылмай хан билігі - мұрындықтан.

Жыртқандай жолбарыстын тарғыл жонын,
Дәл тауып жүрер жолдың әр күңде оңын.
«Ақжолдап!» тау суындай ақтарылды,
Майданға Мейрам бастап Арғын қолын.

Ышқынды кейде үркіп, жаны састы.
Тауға ұрды, тасқа соқты тағы басты.
Қызыл қан қызыл танда жылып ағып,
Бұл емес, қояндай боп жауы қашты.

Ел түгіл дала қажып дүрбелеңнен,
Қу тірлік күн күн сайын күрделенген.
Бірде «Ойбай!» бірде «Аттан!» титықтатып,
Таппайды тыныштықты бір денеңнен.

Ұйтқыды сахарада шаң бораны.
Қан ішіп қара жердің қанды араны.
Соғыстың сойқандығы - сұмдығы ғой
Кеудеден қия берді жанды орағы.

Салған соң ұрысқа айдап кінәз, бегі,
Қырылған өз қазағы һәм өзбегі.
Білуші ед ажалдыны іздеп тапқыш
Жебеден ысқырынған әуез нені.

Ажал оқ оң-терісті тексермейді.
Өлтірген садақ емес, әскер дейді.
Біреудің жалғыз ұлын жалмап жұтып,
Қырғын сап, қанға бөгіп, төске өрлейді.

Бастайтын сол сойқанға хан, сұлтаны
Ішкізіп, құсқызатын қан сорпаны.
Қашанда қасап болар қара халық
Қылышқа кеуде төсеп, қан сарқады.

Таласып Сыр бойының кенттеріне,
Салды олар алаулатып өртті еліне.
Күйзелген тұрмыстары бір жамбастап,
Шаруаның араласқан дерт деміне.

Болғанмен айқас, шайқас азап бүгін,
Басқанмен әйелді зар, қазақты мұң,
Қанымен еркіндіктің туын жуып,
Алаштың сақтап қалған азаттығын.

Көл мен жер өзінікі. Тауы мынау
Шаппайды бүгін, ертең ауылын жау.
Ақпайды кеудеден қан, көзден жасы,
Таппайды даң қылатын қауымын дау.

Бәрібір өксігі көп даласының,
Қайғының қауып жеткен наласы мың.
Айрылған қосағынан қаралы жар
Қадайды қара аспанға қарашығын.

Әке ернін аңсауменен шекесі құр,
Іздейді жетім қалған көкесін ұл.
Зарлайды жас келіншек ақ отауда
Болған соң бір-ақ түндік некесі тұл.

Өзгеге жамбастатып ат, тонын да,
Көп боздақ мәңгі ұйықтады сақ қорымда.
Найқалған бозбаласы боз даланың
Тұтқын боп кете барды жат қолында.

Күн күйіп аналардың күйігінен,
Құлардай құлазыды биігінен.
Құла түз күңіренді бірге босап,
Дүркіреп құланымен, киігімен.

Бақ қонбай бұрынғыдай баталыға,
Мұң-зардың кеуде айналды жатағына.
Ұлының орнын сипап қалған шалдың
Ер жасы сарқып тамды сақалына.

Осылай сол бір жылдың өтті жазы.
Өртеніп еркеліктің кетті назы.
Ажалға қарсы атылар қарасының
Тындамас хан жарлығын жоқ-ты лажы.

Айналып көп қабірге қайран шоқы,
Соғыстың өтті солай ойран соты.
Қоштасты көп қыршынмен, жерге беріп,
Сөгіліп қабырғасы Мейрамсопы.

Тірілді көкіректе көне күйік.
Мұң басты түрілместей денені ұйып.
Өзі де ауық-ауық талықсиды,
Сақ етіп қарасанға жебе тиіп.

Жеткен-ді содан бабам үйіне әрең.
Берердей ұйтқыды жел Биіне дем.
Қазақтың бір тұтқасы төсек тартса,
Болмас па əні - сақау, күйі - керең

Сол күйді боран тыста азынатты.
Әуенді құм дауылдың сазы тапты.
Қарқабат көздің жасын сығып алар
Қораға қамап жатып қозы-лақты.

Білдірмей тірі жанға күрсінгенін,
Жүректің қымтап жабар дүрсілдерін.
Көргенде тірі оралған Биағаны
Жасырды жан-жүйеге нұр сіңгенін.

Күледі өксіп жылап, жасын еміп,
Нұрланған аппақ жүзді шашы көміп.
«Мейрамы сылтымастай тұрып кетсе,
Жүрсе ғой сонда шіркін қасына еріп!..»

Әрине, бұл тілегі қиял ғана,
Сезімді ноқталаумен тияр сана.
«Шіркін-ай, домбырасын қолына алып,
Өзіме сондағыдай күй арнаса!..»

... Күптей ғып қара санды жапты іріңі.
Алдырды емші, тәуіп, көп кәріні.
Бірінің еш көмегі болмаған соң
Қарқабат дайындады шөп дәріні.

Іздеді биемшекті, рауғашты,
Азанда жалаңаяқ қырау басты.
Тазагүл, жаужапырақ, тамырдәру
Түйілген шүберекке орауды ашты.

Маңайын қазандықтың бу ғып түрлі,
Қайнатты біраз шөпті, булықтырды.
Қоюын тостағанға салып алып,
Орнынан «Ия, пірім!» деп ырғып тұрды.

Қарады Мейрам қызға жайлап қана.
Көз бен көз қоя берді сайрап жана.
Үн-түнсіз Күнай санды аша берді,
Ушыққан үңірейді жайрап жара.

Сипады, сүртті алақан, аялады,
Үзілді тән азабы, ой алаңы.
Ұшынан саусақтардың жылу тарап,
Тыншып жан саусақтарды саялады.

Саусақтар сорып жатыр дертін, өртін,
«Апырай, қонғандай-ау көркіне Күн!
Аруға дәл мынандай қызығады, ә
Шықпайтын осы ауылдан әркім-әркім.

Ерекше-ау өзгелерден, жөні бөлек.
Қарашы, ықыласын төгіп әлек.
Көндімді білдіре алсам ақ тілекпен
Жарқ етіп жарасар ма көнді елеп?..»

Қарқабат қоймалжыңды жақты санға,
Қимылы ой сергітіп, жақты жанға.
Саусақтар санда билеп, илеп жатыр
Түскендей шүйіліп кеп ақ құс аңға.

Мән беріп әсем қыздың еміне еңді,
Ер жігіт іштей толқып, еміренді.
Қыран көз кірпік қақпай аймалайды
Қызарып алабұртқан тек реңді.

Жан сырын жаны ауырмас білмес пенде,
Сезімсіз мүлгіп, қалғып күн кешкенде.
Дүниенің тылсымының бар жұмбағы
Ашылды саусақ пен сан тілдескенде.

Ет жүрек елжіресе еміреніп,
Кетеді-ау ыстық жасты еміп, өніп.
Жылт етті қарашықта жалғыз тамшы
Кеткенде жүйке босап, тебіреніп.

Ақ тамшы домалады жылып ағып,
Алақан лез жасырды іліп алып.
Көз бен көз шарпысқанда, бірге соққан
Тынысы қос жүректің білінді анық.

Үлбіреп қызғалдақтай қызыл ерін
Құлпыртты таң нұрындай қыз реңін.
Көмкеріп қайқы кірпік қара көзді,
Дірілі кеудесінің үзді демін.

Қаз мойын, құлаш бұрым, ашық мандай,
Бал шырын беретіндей шашып тандай.
Кас-қабақ сәл түйіліп, қайта ашылды
Құстай боп көкке ұшуға асыққандай.

Қыпша бел, жұмыр иық, бүйрек төсті
Бір толқын дірілдетіп билеп көшті.
Ырза ғой Тәңіріне, тағдырына
Бұйыртқан екеуіне сирек кешті.

Қадалып қол бұлғаған кірпігіне,
Мейрамның жауап қатты мұрты күле.
Дүниенің алмас еңді бар асылын
Үздіккен бұл кірпіктің бір түгіне.

Қолыңа ұстағандай шақта Күнді,
Түнертер тілемессің жатқа мұңды.
Дәл қазір қос жүректі орап алып,
Әлемнің нұр шуағы ақтарылды.

Билеп ап жан мен тәнін сезім, үміт
Мейрамның қоя берді көзі күліп.
Кеудесін тік көтерді, қолын созып,
Тіл қатты шыдай алмай, төзімі іріп:

«Күнайжан, әперші анау домбырамды.
Дәл тапсам келістіріп оң бұрауды
Күй тілі құдірет қой, ғаламат қой
Шертейін сырым етіп сол бір әнді!»

Елжіреп атамаушы ед бұлай бір жан,
Ішінен медет қылды құдайды жан.
Әп-сәтте бір күрсініп, мың құлпырып,
Ұстатты домбыраны Күнай жылдам.

«Зың» етті аспап баяу, тына қалды.
Тыныштық үй ішіне тұна қалды.
Кім білсін үркітті ме зілі мықты
Шешетін бір түйінді сынақ алды.

Шанаққа төнді саусақ тық-тық тиіп,
Бұлақ күй тапты жаңды шүп-шүп сүйіп.
Жорғалап жотада өрлеп үркек әуез,
Шапшыды бүркіт-әуен ытқып биік.

Сорғалап сол биіктен төмен құлап,
Саз өксіп, қоя берді әуен жылап.
Күрсінткен көкіректі күй үнінен
Ашылды бітеу кеуде, кереңқұлақ.

Құлақ пен кеуделерді ашып алып,
Күй кетті көк аспанға асыла тік.
Құйылды қан тамырға дуылдатып,
Жүректің қыл пернесін қасып алып.

Күй кенет құйқылжыды еркеленіп,
Мұздатып тұла бойды, өртеп еніп.
Сыр ашты бала шақтан болашаққа,
Қуантып бүгінінен ертеңі өніп.

Күлдірді көмей қапқан өксік үнін.
Көңілдің күлкі оралтты көп шығынын.
Қайғының қара қанат бетін тіліп,
Ойнатты зар мен шерге кек шыбығын.

Тербетіп, тебірентіп бойды ірейді.
Үргедек кеудедегі жойды үрейді.
Санаңа сипап жетсе күй-құдірет
Бой сергіп, жан тазарып, ой түлейді.

Күй күлді.
Күй күрсінді.
Күй егілді.
Ерітіп балқытардай сүйегіңді.
Жүректің нәзік қылын баяу сипап,
Кеудеге ащы, тәтті тиеп үнді.

Тыншытты азынаған арық қысты.
Түнектен күй атылып жарыққа ұшты.
Көзінен Қарқабаттың бір тамшы жас
Солқ етіп жер сілкінте тамып түсті.

Жерге емес. Енді сол жас ер төсіне,
Айналтып қаракөзді еркесіне.
Екеуін күй жетектеп кете барды
Ежелгі ғашықтардың өлкесіне.

Шыдамай шымырлатқан күйге емініп,
Келген-ді кос келіншек үйге кіріп.
Көрді олар лаулап жанып, аулақтанып
Кеткенін қыз бен ердің күйге мініп.

Нұржамал Нұрфаяны сүйеп қапты,
Болғанмен күй нәзік тым, тиек қатты.
Түсініп нәзік күйдің қатал сұрын
Әйелдер бір-біріне иек қақты.

Сыршыл саз бұлықсыды еркеленіп,
Күйдірді төрт жүректі өртеп еніп.
Астына бір түндіктің жиып бәрін
Бірліктің келе жатты ертеңі еніп.

XYI

Дүниенің кім жеткен тылсымына,
Табиғаттың тірескен қырсығы ма?
Тостағанды төрт кырлы ойып, қашап
Құя салған бір көлді қыр шыңына.

Жиналар су сол көлге тегі неден?
Көбеймеген, буланып кемімеген.
Тулап шапшып түн болса аласұрып,
Күндіз қарар тып-тыныш көгіне әлем.

Арқау болған қаншама күй, аңызға,
Бауыр басқан тылсым көл қия құзға.
Әлде өзіміз сұқтанып, жас ағызып,
Әр жүректен бір тамшы құямыз ба?

Кедей үркіп, жүретін бай табына,
Мекен бопты осы көл шайтаныңа.
Тірі жанның кезікпей дұрысына,
Бұйыруын қарашы сайқалына.

«Шайтанкөл» деп атаған бағзыдан ел.
Тұмсық тыққан емініп қар, мұзға көл.
Бұлт жамылған сол көлге апармақ боп,
Тар соқпақпен асылар жар-құзға бел.

Көз жасыңды көл қылып төккіз мейлі,
Түнде көлге тірі жан өткізбейді.
Құзға тіреп, тасқа ұрып маңдайыңды
Сыңараяқ соқпағы жеткізбейді.

Қамап тастап бір үрей маңға мұңды,
Жолатпайтын ұзатып таңға түнді.
Аспанға атқан толқыны көлге, сүңгір
Ырылдағыш, өкіргіш аң да жынды.

Жылау, күлу, ырылдау - түннің үні.
«Шайтанкөлде» ит-құстың күллі мұңы.
Сақ-сақ күлсе шайтанның сары қызы,
Құзды илеген диюдың жындылығы.

Бәрі осында. Түн басса азынаған.
Көл мен жерге ақырған сазы ұнаған.
Жын иектеп сол көлге түнде барған
Пері болып кетеді азып адам.

Сайқал күлген, жын үрген, түн жылаған.
«Шайтанкөлге» шөккен бұлт жылжымаған.
Шайтан айдап көлге сол бара қалса,
Бір-ақ сәтте кететін жүнжіп адам.

Дүбірінен туатын «Шайтанкөлдің»
Үркіп қалған кезі еді айқайға елдің.
Жылайды түн. Ілесе шығар күлкі
Шайлықтырып жүрегін шайқайды ердің.

Азан-қазан у-шуға толған іші,
Үзілмейтін сол көлдің толғанысы.
Иесі ме,
Қорғаған киесі ме,
Жалғыз жортқан бар еді жолбарысы.

Сол аң патша жүретін ойранды сап,
Қырдан құрап жемтігін, ойдан сұрап.
Арылымен - тірсекті дірілдетіп,
Талай ердің алдына қойған сұрақ.

Қиялайтын жағалап «Шайтанкөлді».
Шайтаны көп шашы ұзын сайқал көлді.
Шайқалатын көл кейде тостағында,
Кететіндей төгіліп, жайқап елді.

Жым-жырт түнді жыртып аң ақыратын,
Жаңғыртатын орман, тау атырабын.
Төбе құйқаң шымырлар сол дауыспен
«Шайтанкөл» ме, шайтан ба бақыратын?

Ақырған үн шың-құзды аралайтын,
Тау сілкініп, тас ырғып домалайтын.
Шайтанынан шоши ма, сайқалынан
Жан баласы сол көлге жоламайтын.

* * *

Тұмшалаған көгінен түрілді бұлт,
Түкпірінде көңілдің тірілді үміт.
Нәрестенің саусағы аймалайды,
Көзін жұмса, кірпігін іліндіріп.

Нәзік саусақ түртініп аймалайды.
Күн күледі, жымиып Ай қарайды.
Көмейінен тәтті әуен төгіледі,
Айтпайды енді өксітер «Арман-айды».

Қымтап, шырмап тербеген жылы толқын
Жүрегінен жанына тайғанайды.

Бір ыстық от шапшиды жүрегінен,
Қапасынан, бұрынғы түнегінен.
Ырзалығы ол Тәңірге, тағдырына,
Табыстырған аңсаған тілегімен.

Жасаған Хақ жаратқан көрікті ғып,
Гүл жайнады Қарқабат сеніп күліп.
Қуанғаны-ай сезгенде табиғаттың
Жібергенін бір дәмге жерік қылып.

Келсе алдына бір тағам тостақтағы,
Қопарылып қолқасы ас батпады.
Іші-бауыры қиналып тұрса-дағы
Ал мерейі бәрібір асқақтады.

Белгі түсіп бетіне ноқталаған,
Шуақ беріп көзіне шоқ қадаған.
Құса-құса жұқарып таусылғанда,
Бір талғақты іштей көп жоқтады адам.

Бір құлпырып, бір оңып түсте көркі,
Қиналады, қинайды іштегі өрті.
Қызыл ерін ақ тіспен арпалысып,
Бағынбастай боп барад күшке дерті.

Қазы, қарта, жал-жая табақтағы,
Өрік, мейіз құрт-май, тамақ бәрі
Көрсе-ақ болды лоблытып ет жүрегін,
Бір де бәрі бетіне қаратпады.

Шайнағанын жұтқызбай жасық қылып,
Тұздай етіп немесе ашытқы қып.
Өңешінен өткізбей қойғаннан соң
Күн күн сайын жіберді ашықтырып.

Үзілердей аш белі қылдай ғана.
Аяқ басса, дөңгелеп тұрды айнала.
Көкейінен есетін бір уілді,
Еміреніп болашақ тындайды ана.

Уілі ме, әні ме ол бөбегінің,
Сол уілмен шуағын төгеді Күн.
Ұрпағына ұмсынған адамзатты
Қуаныштың құлпыртар себебі мың.

Мейіріне бөленген марқабаттың,
Тәні азғанмен жаны жаз Қарқабаттың.
Мөлдіріне шомылтып Ай нұрының,
Сүйінішін жетеді арқалап Күн.

Басқа тірлік, басқа әуен былай қала,
Еркін алған Мейрамның Күнай ғана.
Жерік асын жарының аташы деп,
Жалбарынар кей түнде Құдайға да.

Тіресе де таласып үн көмейді,
Қарқабаты тіс жарып үндемейді.
Аңсағанын айтпайды аяп ерін
Ақтарылсын қолқасы мүлде мейлі.

Таң қылса да бұйығы дел-сал қылық
Қос жүректі қосты үміт ән салдырып.
Кеберсіген еріні келіншектің
Бара жатты бәрібір тамсандырып.

Тамсандырып тапқызбай іздегенін,
Талғақ дәмнен үмітін үзген ерін.
Бәрінен де батады Қарқабатқа
Үйкүшік қып қойғаны түздегі ерін.

Байлағандай, қасынан аттатпауы.
Іздемеуі даланың жоқтап дауы.
Жұбайының телмірген жанарына
Ішкі сырын айтуға дат таппауы.

Қинайды ерін. Өзі де қиналады.
Жауабы жоқ шешімнен күйді амалы.
Орындалмас ешқашан сұм тілегі
Көкірегін, өзегін қидалады.

Қосағының жанары телміреді.
Нәзік кейде аңдасаң ер жүрегі.
«Әйелжанды болған ба жадыланып»,
Деп ызыңдап сырттағы жел күледі.

Жел күлгенін білмеймін. Жұрты бірақ
«Не болған деп мырзаға?» жүр бұрқырап.
Отау үйден бері аттап тысқа шықса,
Жолын тосар көбісі ұмтылып-ақ.

Не дей қойсын жеткенмен алып ұшып.
Күңгірт көзге жым-жырт жүз шағылысып
Мысы басып мырзанын, түсі қашып,
Айтар сөзін айта алмас жаңылысып.

«Апырай, ә, келінжан... қалай бүгін?..»
«... Емдеп жазған тәуіп ше... талайды кім..
«Тәуібің не, ей!» деп қалып бәкене шал
Саусағымен қасыды самайлығын:

«Емші, молда, тәуібің керек емес.
Келін - жерік. Соны айтад зерек елес.
Жерігінін аты не? Гәп осында!
Біле білсең, соны ашу - терең егес!»

Бәкелтекке кимелеп дәу ұрынды:
«Бақсымын деп езгенсің бауырымды.
Өзеуреме!»
Кыңған жоқ анау бірақ:
«Ашқам түнде, Мейрамжан, жауырынды!

Я, пірім! Ақ сөйлеп оңғар істі!
Деп ұстап ем сүйекті, қол қарысты.
Нансаң, мырзам, ой, Аллай, жауырыннан
Көздім құзда ақырған жолбарысты.

Талшық етпек келінжан соның етін,
Не жүрегін, бауырын, тұнық өтін.
Туар сәби түбінде тегін болмас
Байқаймысың құданың құдіретін!»

Дауылдап сөз тұс-тұстан таралды да,
Сүңгіп ұзап жоғалды қараңғыға:
«Ойбай, сонда жыртқышты кім аулайды,
Талап жейтін аң түгіл адамды да!»

«Жолбарыс ол жайратқан талайларды,
Қарпып асар қасынан қарайғанды!»
«Жолбарыс деп... бөлеңді аулак әкет.
Босқа өлердей берерміз қалай жанды...»

«Аң, адамның жыртқышы ол, бәріне де өш
Қабылан емес, бүрсеңдер бөрі де емес.
Сұмдығына сойқанның соқтықпаңдар,
Барлығыңа мен берсем кәрі кеңес!»

Білді Мейрам керегін. Үндемеді.
Түсіндіріп жатпады кімге нені.
Мұзбалақтай жарқ еткен қанат қағып,
Бір-ақ сілкіп тастады мұң немені.

* * *

Ашуына басты да күйіп-піскен,
Боздады жел қуардай күйікті іштен.
Таң алдының түнегі торлап алды,
Дірілдеген айрандай ұйып түскен.

Қара жерге жабуын төседі де,
Қараңғылық құлады төсегіне.
Жел-мыстанның құлағын тоса қалды,
Сырнайлатқан сыпсыңшыл өсегіне.

Алып аспан төменге төніп келіп,
Сұр бояуын тауысты егіп, төгіп.
Ақ шарбыдай шұбалған «Құс жолының»
Жұлдыздары барады сөніп, кеміп.

Тұяқ үнін жаңғыртып жер төсінен,
Қараңғыны сүңгілеп желкесінен,
Жалғыз атты құйғытып бара жатыр
... Мейрам еді ол, қайырсам келтесінен.

Жалғыз тілек билеп ап жан-жүрегін,
Қия құзға тік салды Салкүреңін.
Жетер тұсын болжалап таныды ма,
Сыздықтатып бір кезде алды демін.

Белгі берді белдеулей қысып ақ таң,
Белін жазды ер бабам түсіп аттан.
Қара тасты қақ бөлді саптамасы,
Шіренгенде сықырлап күші батпан.

Жебесі мен ыңғайлап жағын алды.
Білегіне дойырын тағып алды.
Салкүреңнің тізгінін еріне ілді,
Қылыш, найза, қалқанның - бәрі қалды.

Көк жиектен жылт етті қарбыз тілік.
Қырмызы шоқ аспанда жанды үздігіп.
Көлеңкесін тау-тасқа ала қашты,
Күннің көзі қалқайған жалғызды іліп.

Шуылдаған шайтан ба, сайқалы ма,
Сап тиылды таң нұрын байқады да.
Сол-ақ екен «Шайтанкөл» тынши қалды
Ақ көбігін жай ғана шайқады да.

Өпті сәуле шың-құзды шырайланып,
Ұшты көлден құзғын құс шыр айналып.
Жоғалар ма жын, пері, сайқал шайтан
Оралар ма, жеткенде түн айналып?

Ойлаған жоқ өр бабам оны ескеріп,
Сәуе құрып қайтеді ол елеске еріп.
Бар аңсары - тез табу жолбарысты
Таң мен бірге сүңгіген белеске еніп.

Аттай басты көрді де ізді асыға,
Өрмеледі сол ізбен құз басына.
Жау мен аңды індеткіш кәнігі ерді
Жебір желік қояр ма қызбасына.

Қыр арқаға екпіндеп шыға келді.
Қып-қызыл боп қыран көз тұна берді.
Құйрық шайқап тарғыл тұр шабаланып,
Тастайтындай қопарып құба белді.

Жерден өрбіп арылы аспанды алды,
Серейтетін сол үнмен сасқан жанды.
Ә дегенде сескенген Мейрамсопы
Күрт жинады өңіне қашқан қанды.

Дес бермеді алғашқы үрейге енді,
Сұр жебесін садаққа тірей берді.
Аң деген не тәйір-ай,
Талай тартқан
Адамның да жырткышын - дүлейлерді!

Ес тандырып тарғылдың ақырғаны,
Қыбыр етпей аң, құстың жатыр бәрі.
Артқы аяққа шоқиып, бүкшиді де,
Дайындалды адамға аң атылғалы.

Бір-біріне қадалды көз бенен көз.
Бір ажалдың төнерін сезбеген кез.
«Я, пірім!» деп бабамыз сиынып қап,
Тар қолтыққа садағын көздеген кез.

Ұшты жебе. Суылдап жел ыскырды.
Шашыратты жыртқыш көз көк ұшкынды.
Шөге беріп... жалмажан тұяқ қадап,
Қарсы атылып созылып аң ышқынды.

Басардай боп үстіне төне берді,
Жармасарға жер тығыз жебеге енді.
Шынымен-ақ жыртқышқа жыртқызар ма,
Құдай өзі жарылқап жебегенді?..

Бір-ақ сермеп дойырмен тартып өтті.
Жолбарыс та аяқпен тарпып өтті.
Аң да, адам да құлады айқыш-ұйқыш,
Сом тырнақта тайжақы арты кетті.

Жыртқыш өлді. Бабам да қозғалмады.
Кездесті ме шынымен озған бағы.
Таза еді ғой ниеті, пәк еді ғой
Қалай ғана сұм ажал тез қармады?

Құламайды құлдырап аспан неге,
Қазасымен қайғысын шашқанда еге.
Енді қайтіп орнынан тұра алар ма,
Қош айтысып жанынан кашқан дене?

Ытқымайды Күн неге ұясынан,
Тау сілкінбей неге тұр қиясынан.
Ел ағасын асығыс аттандырса,
Мынау әлем - сорлы әлем миы ашыған.

Өксімейді жел неге суылдағыш,
Жылынар ма үмітпен суыған іш?..
Ой, әнеки, тірі екен асыл бабам!
Сездірді ғой кірпіктер жыбырлағыш.

Көз ашылды. Қадалды аспанына.
Адам жеңді ажалды жасқады да.
Жер мен көктің иесі адам-патша
Шіренді әне, жатып ап тас тағына.

Тарғыл жатыр ғұмырын сүріп өтіп,
Жасай алмас ол енді тіріге түк.
Бар болғаны: тырнағы сол иықтан
Кеткен екен сәл ғана іліп өтіп.

Тайжақыны бөлінген шешіп алып,
Таңды иығый етегін кесіп алып.
Бас шайқады, жымиды күрсініп қапап,
Сескенгенін жыртқыштан есіне алып.

Тұрды орнынан, төменге тікті көзді.
Жүйкесіне жабысқан жүкті сезді.
Шарасында мөлдіреп тұп-тұнық көл
Бола қапты ілезде-ақ құт мінезді.

Болды ма аян бір әсем іс біткені,
Қия беттен ұшып кеп түстіктегі,
Көл жағалай үрікпестен қона салып,
Қоя берді сайрап кеп құс біткені.

Арылды ма құрсаған қырсығынан,
«Шайтанкөлде» ойнады нұр шұғыла.
Көл иесі өлгенін тез сездірген
Аң мен құсқа табиғат тылсымы ма?

Ал көтерсін құстардың әні аспанды,
Тау мен көлі үндесіп, жарасқан-ды.
Арыл, ырыл, қиқу шу күндегідей
Естілмеді. Сап тыйып таласқанды.

Бейбіт тірлік орнай қап, маужырады.
Бір шымшығы шетінемей, сау жүр әлі
Көл күлгенде жай шайқап ақ көбігін
Еміреніп адамша тау жылады.

О, Тәңір-ай! Қос аққу айналып жүр!
Айналып жүр, қонуға сайланып жүр.
Аппақ қанат - перiште қанатындай
Қауырсынға қып-қызыл байланып нұр.

Еркесi ғой аққулар көк пен көлдiң.
Шырайы боп құйылар көктен көлдiң!
Тiршiлiктiң сәнi мен мәнi - аққулар
Замандардан әсем боп жеткен белгiң.

Қонды әне қос аққу көл бетiне,
Сырғанайды айдында тербетiле.
Ақ бiлектей мойынын төмен иiп,
Сұқтанады судағы келбетiне.

Аң қанатпен таң нұры шағылысты.
Құя салды-ау мына таң ақ ырысты.
Жақсы нышан сезгендей бабамыздың
Ет жүрегi елжiреп алып ұшты.

Аң терiсiн сыпырды ол тездеп қана.
Жақсы ырымға бой ұрды көздеп сана.
Жайып салды тау, көлiн, назды аққуын
«Тiршiлiктiң рухын сез!» деп Дала.

Iшiн жарып, жүрегiн, өтiн алды.
Терiге орап, атына жетiп алды.
Аққу қалды ақ көлде сыңси жүзiп,
Жолбарыстың жайраған етi қалды.

Бейбіт тірлік әнімен тау жаңғырып,
Табиғатты ұйытты саумал қылық.
Жер мен көкті' ұлы әуен билеп алып,
Құлшындырып әкетгі сау жанды үміт.

Құз-қиядан — аумайтын кәрі беттен
Сайқал кеткен, жын кеткен, пері кеткен.
Иесі мен киесі құрыған соң
Құбыжықтың сескентер бәрі кеткен.

Қос мүйізін ырғалта шайқап кекпен,
«Шайтанкөлмен» коштасып шайтан кеткен.
Мерейленген «Мейрамкөл» дәл бүгінде
Ақ айдынын аялап шайқайды еппен.

* * *

Ұшып кетті ең ақырғы қырғауыл,
Дүрілдетті ойды, қырды сұр дауыл.
Түйе боздап, қой тығылып бұтаға
Салғырт күймен күзеуінде тұрды ауыл.

Жолым үйде түтін ыстап от басын,
Қи қалайды ойрат тұтқын - Тоқтасын.
Бір әуенді ұзақ созып Қарқабат
Тігіп отыр бозтайлақтың ноқтасын.

Дауыл немең болғаннан соң күйгелек,
Желі ышқынған дала бөлек, үй бөлек.
Ошағында от маздаса - жұмақ сол
Көрген емес қазақ басқа күйді елеп.

«Тоқтата алмас тіреп қалып тау Күнді,
Аласамен теңгермейді зәулімді».
Әнін үзіп Күнай кенет тіл қатты:
«Әу, Тоқтасын отқа қойшы шәугімді.

Қалдырмашы мынау жұмсақ бөзде түк.
Астауды шай, керек емес өзге түк.
Жә-жә... таста!.. Шақырып кел осында
Нұрфаяны, Сарыапаны тездетіп!..»

От шалқыды. Жел есікті жұлқыды.
Жетті дауыс «қыраулаған» жылқыны.
Ауыр ыңқыл алып кетті сыпырып,
Қарқабаттың ерніндегі күлкіні.

Жо-жоқ күлкі қайта оралды жүзіне,
Әлгі ыңқылдың байқалмады ізі де.
Сұқ саусақпен маңдайынан сырғытты
Суық терді шыға келген тізіле.

«Асығады-ау жарық күнге бөпешім,
Қуантпаққа іңгәсімен көкесін.
Аялайды алақанда Ай мен Күн
Торсықтай ғып толықсыған шекесін.

Тауып жанның емін-домын, дауасын,
Өзгелердей қинамайды анасын.
Әппақ, әлем, орап алшы ұлымды,
Түскен бойда жарып шығып қанасын!..»

Осы ойымен мерейленіп құлпырды,
Батып кетті ғажайыпқа бір түрлі.
Жылы толқын балбырата тербетіп,
Құлағында елжіреткен үн тұрды.

Дүниенің шадыманы, шаттығы,
Тазалығы, іңкәрлігі, пәктігі
Еркелетіп, емірентіп, сүйсінтіп,
Осы сәтте тапты іздеп тап мұны.

Жел койды ма тыстағы ұзақ ұлуын,
Кеудесіне толып кетті сұлу үн.
Тіршіліктің алақаны сипады,
Бар ғаламның сезінгенде жылуын.

Суық күзде сондай ыстық мекені.
Тірі жанның болмас ешбір бөтені.
Жетімі жоқ, жесірі жоқ аймағы
Жалғыздықпен жүдетпейді жекені.

Тебіренді, еміренді, егілді.
Ырза жасы мөлт-мөлт күліп төгілді.
Ана болу қасиетін сезіну -
Құдіретке айналтады көңілді.

Сол құдірет Қарқабатқа оралды.
Тал бойына шүп-шүп мейірім таралды.
Дүниені бүркей алмас қараңғы,
Дүниеден бар жалғандық жоғалды.

Кездескенде қазір алғаш ұлымен,
Әлдилейді әлемді ана үнімен.
Аялайды орындалған арманын
Жүректегі түртіп тұрар мұңымен.

Мұң да керек кетпес үшін тым шалқып,
Шаттанғанда тұрсын сәл-сәл мұң қалқып.
Таң атады ойлы жанды алқалап,
Парықтыны аймалайды Күн балқып.

Естіледі іңгәсімен қымбат үн.
Тіршіліктің сезер сонда қымбатын.
Ай мандайы туар ұлдың жарқырап,
Тіл табылмас жеткізердей сымбатын.

«Еркелетіп тұрмын ба әлден еркемді,
Құлынымды, қошақанды, бөртемді.
Еркелесін.
Еркелетер елін ол
Ағасы боп, жағасы боп ертеңгі.

Күліп атар бір таңынан бір таңы,
Адалына араласпас бұлтағы.
Әділдік деп ханға қарсы тұратын
Туғызады талай дана
Ұрпағы...

Беу-беу ғұмыр, таусылмасын қызығың.
Шыға қойшы, еркетайым, бұзығым...»
«Аһ!» деді де бір жеңілдік сезініп,
Көмейіне қыстырылды үзік үн.

«Іңгә қайда... үндемейді о несі?..»
Тыным тапты қақ бөлініп денесі.
Міне мынау жұмсақ «етпен» басталды,
Ұлы рудың жаңасы мен көнесі.

От шалқыды... Жел жұлқыды есікті.
Ұйтқып түтін іздеп жатыр тесікті.
Көзін ашты сәл мүлгіген Қарқабат...
... Сарыапасы ұл кіндігін кесіпті.

Ал қошақан жамыратсын іңгәні.
Құшырланған ана жаны тындады.
Сипай тиді жап-жалаңаш «батырға»
Анасының алақаны - құндағы.

Ана, бала - ғажайыптың ғажабы.
Сол ғажапта ғұмырдың тек таза әні.
Туған жердің түтінінен нәр алып,
Туырлықты үйде туып өскен қазағы.

Сол қазақтың дүрі келді Далаға.
Ал Даласы жұмақ болар балаға.
Бүгін - бала, ертең - дана.
Түпқазық!
Қызылшақа нәресте деп қарама.

Күн өтеді жылға айналып көбейіп,
Тал бесігі ел бесік боп кеңейіп.
Өсіп-өнер Азаматы ол Алаштың
Атышулы Азаматқа сенейік.

Бөбек бетін тура өзіне қарата,
Сөйлеп кетті салдыр-күлдір Сарыапа:
«Әу, құлыншақ! Сен - жалғасы Қоданның,
Тыңдар сені бұдан былай бар ата!..

Тыңдар, тыңдар!.. Даусың мүлде зор екен.
Шаш етектен болар ырыс-берекең!
Ата-бабаң... Әкеңнен де озарсың,
Ұрса берсін жақтырмаса мені әкең.

Анаң сенің - баб ұрпағы Қарқабат
Жеткен сені аманат қып арқалап.
Қанша сәби туғызсам да бүйтпеуші ем...
Шер-шеменім кетті-ау бүгін тарқап-ақ.

Тіфә-тіфә! Сақта Тәңрім тіл-көзден.
Мынау Оғлан - жеткен сәлем бір кезден.
Әй, жазған-ай!.. Айтпасты ашып қойдым ба?!
Мен білгенді, айналайын, білме өзгең!»

Үш қайталап күбірімен «шүкірді»,
Сол Сарыапаң жерге еңкейе түкірді.
Өз сезгенін өзгелерден жасырып,
Бүгіп қалды іштегі бір пікірді.

Үлкендер ғой айтпайтұғын білгенін,
Күрсініспен бүркеп қалар күлгенін.
Ал жалаңаш біздің батыр көз ашып,
Үлкендерше алып жатыр құр демін.

Нұрфая тез жұмсақ бөзбен құндақтап,
Шымылдықты сырылдатып түрді аппақ.
Ана, бала ақ төсекке жатқанда,
Сарыапаға иек қақты ымдап қап:

«Оу, Сарыапа! Сөзді неге жұттыңыз?
Түсіне алмай мұныңызды, күптіміз.
Көктен Иса, жерден Мәді жетті ме,
Қандай сырды көмекейде бүктіңіз?»

Басын шайқап Сарыапа жай күрсінді.
Баса алмады бірақ жүрек дүрсілді.
Жаңа ғана жадыраған жанарға,
Кіреукелеп бұлт басқандай мұң сінді:

«Әй, шіркін-ай! Шолақ сайдай тар ма едің.
Үндемес ең парқын ұқсаң әр ненің.
Қалай ғана аз тілекті көпсіндің,
Сындырардай көңілімнін дәрменін?

Сәби болған пайғамбар мен пырғауын.
Ақ ниетті үйген сонда дүр қауым.
Иса, Мәді - дәл мынандай сәби-тін.
Қызғандың ба сондай ұлдың туғанын?»

Сарыапаның тілі солай шешілді.
Ежірейді, Нұрфаяға тесілді.
Сол бір түрі - Әділетгің өзі боп,
Айтқандай боп көрінгені шешімді.

Абдырады Нұрфая лез сасып қап,
Жүрегінің қыл пернесін басып қап,
Кемсеңдеді еріндері еріксіз,
Бара жатты қарашығы қашықтап.

«Әу, Сарыапа, дедіңіз бе сынайын.
Ең жақыным дүниедегі - Күнайым.
Мәдідей боп туса бөбек деп едім,
Оң көзімен қарап өзі Құдайым!»

Боталады, ыстық жасы ыршыды.
Сол тамшыда пәк жанының тұр шыны.
Бір-ақ сәтте айнадай боп тазарды
Көңілдердің былшығы мен қылшығы.

«Әй, әй, жазған! Қарап тұрып босама.
Сендер бар да берік дәйім босаға!
«Бауы берік болсынды!» енді айтайын,
Бөбектерің мықты болсын, қос ана!

Қызғаныш ит - шәуілдегіш қаншықтай.
Жоламандар сол пәлеге жан шықпай.
Мәді болсын, Иса болсын, нар болсын,
Туа берсін балапандар балшықтай!»

Сарыападан бал тамызып тіл-көмей,
Алақаны бет сипады күргелей.
Қосылып ап мырсылдаған қос ана,
Бар алғысын үйіп-төкті... үндемей.

Жасын төге жетті-дағы үш аттап.
Қарқабатты бәйбіше алды құшақтап.
Сол-ақ екен көк түтіні көлбеген
Киіз үйдің бола қалды іші аппақ.

Аппақ екен бірлігі мол пейілдер,
Күндесті емес, құрбыны өпкен мейірлер.
Екі әйелдің адалдығын, ақтығын
Аңыз қылып айтып келген кейінгі ел.

Тербелді ме жүрегінің бір қылы,
Босатты ма кәрілік дейтін құрғыры,
Қос аруға көз сүйінткен апаның
Қос маржаны кірпігінен сырғыды.

Алды солай құшағына өр ұлын
Құндағы - жер,
Түндігі - көк,
Төрі - Күн.
Ал «батыр» ше?
Айдай балқып маңдайы
Аңсап жатыр көкесінің ерінін.

Дуға бөлер,
Шуға көмер өлкені,
Ұлмен бірге туды Алаштың ертегі.
Мынау сәби - Болатқожа бүгінгі.
Қасиетті Каракесек - ертеңі.

Көл болады ол бар жерде шөлдегің.
Ұзартады ол үміт жалғап ел демін.
Ұлы Арғынның болат-тығын сездіріп,
Қожаларға жиен болып келгенін.

XVII

Өтіп жатты жыл жылжи, ай жорғалай.
Кедей байып, шөл болды байлар талай.
Кейбіреулер ырысын арбаласа,
Базбіреуі тасыды жай дорбалай.

Жуасытқан уақыт асауды ұрып.
Жер түлеткен пендесін жасандырып.
Тамылжыған тап-таза тіршілікті
Тас-талқан ғып қиратқан асау қылық.

Бірде жасып адамзат, бірде тасып,
Әділетті іздеген мүлде қашық.
Тапқанынан көбейіп жоғалтқаны,
Өксігі мол арманын түрген ашып.

Қуыс үйге талпынса сия ма адам,
Құз, жартасын тірліктің қиялаған.
Алға ұмтылған асығып, аласұрып,
Үмітімен кеудеге ұялаған.

Кейде жайсаң тұл кеуде, кейде күпті.
Кейде әлсіз бұл пенде, кейде мықты.
Тайғақ жолда тар өткел талай тосса,
Қашан ғана оң, солың сай келіпті.

Қисая алмай көп қыңыр жөнге тіпті,
Қаптапқан сон жалғанға пенделікті,
Ақты қара, дұрысты бұрыс жеңіп,
Адалдықты һарамдық өңгеріпті.

Талай боздақ пәниден өткен жылап,
Саналыдан сыбаға кеткен жырақ.
Ай мен Күні аспаннан құламастан,
Хас азамат межеге жеткен бірақ.

Арындаған, жүйткіген, аяңдаған.
Елін қорғап айқасқан, аянбаған.
Жеңілісті, жеңісті ғұмыр жолын
Иір-қиыр ізімен баяндаған.

Ар мен сордың арасы бір-ақ адым.
Көрген жан жоқ арды аттап құлағанын.
Қазағының сатса да талай езі,
Даттамаған ұлтының бір адамын.

Әзәзіл боп кеудені тырнап, өріп,
Күдік ішке кірсе де ұрлап еніп,
Өзгермеген, ермеген, айнымаған,
Тазалығын сақтаған сырға берік.

Өсек-аяң, ғайбат сөз тындамаған,
Арылуын тілеген мұң даладан.
Зұлымдықтың желкесін сан-сан үзіп,
Әділдікке жүрегі мұндалаған.

Табындырған бұл адам - Мейрамсопы.
Қаным бұрған дүр бабам - Мейрамсопы.
Жалындырған еместі жалған билік,
Бағындырған көңлінің ойран соты.

Халқы ұйыған қайыспас нарлығына,
Қарсы тұрар ханның да жарлығына.
Заманының түтіні теріс шықса,
Жауап берген жасқанбай барлығына.

Өзгелерге демеген: «Ірге бөлек!»
Өзге мұңын өзімен бірге бөлеп,
Жайлауына басқызбай жат тұяғын
Аймағының шер-зарын жүрген елеп.

Біраз ханды жөнелткен аттандырып,
Достан наза таппаған, жаттан қылық.
Әз Жәнібек ұйыған уәзір ғып,
Дербес елге жеткенде ақ таң күліп.

Пенделіктің бүлінбей қатесімен,
Ақиқаттың шықпайтын хаты есінен.
Барлықісін бар кезде отыратын
Салыстырып Ақжолмен - атасымен.

Өтті күндер зымырап, өтті жылдар.
Артта қалды өрт жастық ет тызылдар.
Қара түнде қырық түртіп оятатын,
Құлағының түбіне жетті ызыңдар.

Атыс, шабыс, айқастың өткен бәрі.
Өтке сіңген кеудеге төккен зәрі.
Жігіттіктің жүректі ашықтырар
Бұл күндерде тұшынтпай кеткен дәмі.

Аттандатқан атойлап атылып дем.
Талай аттың тоқымын тақымы үккен.
Қазақ жерін босатқан Жәнібекпен,
Хан ұлдары - Еренжі, Махмұтпен.

Хан, сұлтанның әр кезде қостады оңын.
Елден бұрын созған жоқ асқа қолын.
Бүгінінен елінің ертеңіне
Бірге салды «Қасымның қасқа жолын».

Үзеңгілес жылдары ол әділдікпен.
Әділдік қой жөнсіздің бәрін де үккен.
Отқа түсті халқы үшін, суға батты,
Болған емес бір сәтте жанын күткен.

Азаттығын аңсаумен даласының,
Қадап келді жауына қарашығын.
Ат үстінде күн кешкен қайран тірлік
Білгізбеді өскенін баласының.

Нар тұлғалы шетінен атпал жігіт.
Қарсы келмей қас дұшпан жатқан бұғып.
Дауда - шешен, жауда- ер шеттерінен
Көмейінен ән, жыры аққан жылып.

Қуандығы қуантқан өрлігімен.
Сүйіндігі сүйсінткен кендігімен.
Бегендік пен Шегендік іске мығым,
Шұбыртпалы, Болаты - ерлігімен.

Баурында өскен баласы - Қамбары да,
Шыққан емес қарсы кеп алдарына.
Көкесіне перзенттік мейірімі
Сезілетін жүзінен аңғарыла.

Жеті арыстан жалы ұзын - жеті ұлы да.
Көркіне сай мінез бен ақылы да.
Абзалдары ақиық Арғынының,
Осылар-тын Алаштың батылы да.

Жақсы әдетті сіңірген сүйекпенен
Әке алдынан біреуі қия өтпеген.
Ала қойды бөлектеп қырыққан емес,
Ең әдемі қазақы ниетпенен.

Жауға салса, желкеден түйіп түскен.
Дауға салса, қылыштай қиып түскен.
Жаудан жылқы, айт-тойдан күлкі айырып,
Айналысқан әрқайссы сүйікті іспен.

Өсиетін көкенің жинап өскен,
Үш ананы жетеуі сыйлап өскен.
Ата-ананың әлдебір реніші
Жетеуіне жететін қинап еспен.

Ұлдар білген өнердің түрі де алуан.
Бірі күйші, бірі әнші, бірі палуан.
Ел тілегін жүрекпен қабылдап ап,
Қандасына, халқына нұры жауған.

Салт-санасын, дәстүрін ең бір асыл -
Қазағының сіңірген мол мұрасын
Болатқожа жаңғыртып күйшілікті
Әкесінің ұстаған домбырасын.

Құдірет қой он саусақ билегенде,
Көңілкүйді босатып, илегенде.
Қай алаштың баласы шіміркенбес,
Жүрек қылын шертетін күй дегенде!

Жүрек бар ма күйге елтіп, өртенбеген.
Түлек бар ма күйге еріп дерт ембеген.
Бірде күйдің атойы атқа ұмтылтып,
Бірде естілер құмыр үн «Еркем!» деген.

Бірде балқып тынысың баяулаған.
Күй боп жетіп жанасқан аяулы адам.
Күйіп-жанып толғатып күймен бірге
Көкірегінде Күн тулап, Ай аунаған.

Бірде желпіп құштарлық, бірде жетіп,
Іздеттірген аруды іргелетіп.
Күй құбылып, құйқылжып басылғанда.
Отырасың ойыңмен құр дәметіп.

Ғаламат қой он саусақ жорғалаған.
Тауып берген жоғынды ен даладан.
Күй ашынса,
Құтылып атыласың
Бір-ақ сәтте күйіңнен қорғалаған.

Күй - қазақтың жаны ғой дүрілдеген,
Жүрегі ғой лүпілдеп дірілдеген.
Шамырқаныс шанақтан шапшығанда,
Бір тамшы қан қалмайды тірілмеген.

Суырып ап қараңғы түнегінен,
Болатқожа күй төккен жүрегінен.
Сол күйі кеп кеудемді түрткілейді
Жебеп жетіп бабам боп жыр елінен.

Жапа шегіп жазықсыз налығанда,
Ұрпағының бөккенде жаны қанға,
Жігер беріп, маңдайдан сипайды күй
Тәттімбеттен бабамды танығанда.

Жарамсақтар озғанда көтке кіріп,
Әділетім тоз-тоз боп кеткенде іріп,
Бабам күйі сыпырып әкетеді
Өксігімді қинаған өкпемде ұлып.

Жоғаларын әкімнің әкімі де,
Жойыларын жарлығы, өкімі де,
Бабам күйі ескертіп, сес береді
Мен сияқты биліктің жетіміне.

«Ер» атанған нөкердің көбісі де
Қуан, Ыбыш, Хан, Мырза, Бегіші де,
Жете алмайды - деп қайрар бабам күйі
Бір де бірі дәл сенің жеңісіңе!»

Мінгізгенмен сенімнің күй ала атын,
Төрелерде бір жан жоқ ұялатын.
Мен солардың кеудемді түйгіштеген
Арқалаумен келемін қиянатын.

Тағы біраз ауытқып кеттім білем.
Запыранын өкпенің төктім кілең.
Күйім шертіп күйіме оралайын,
Күтіп қалып жүрмесін тектім кілең.

Казағымның құты ғой - қайран далам.
Жайраңдаған, аунаған, сайрандаған.
Сол даланың перзенті һәм егесі -
Сал төсекке таңылды Мейрам бабам.

Алашына ардақ қып бар қадыры,
Тырнақтай да мін тақпас арға мұны.
Сол ғұмырдың барады өгейсітіп,
Күн күн сайын азайып қарға адымы.

Мимырт күннің қажып көп есебінен,
Жамбас тескен кеселдің төсегінен
Бір түспеспен бақылап байқағаны:
Құтылмапты қазақтың өсегінен.

«Тең түскен-ді - ісінің ақ, қарасы!»
Қыжыртыпты сыртынан бақталасы.
«Жеті ұл ертең айналып жеті жауға,
Отқа оранып күйрейді ақ қаласы!»

Жыбыр-сыбыр жеткенде құлағына,
Еңсе тікті, сәл ғана құлады да,
Оқты көзді қадады заманының
Бас бармағын шошайтқан тылағына.

«Ә, бәтшағар! Өңмендеп тесілесің.
Бойда ақылым. Қашқан жоқ есіл есім.
Жаулар емес, бауырлар бір-біріне,
Бөліп берем жетеудің несібесін!»

Батса да өсек тіксінтіп шымбайына,
Талай төзген жұртының мұңдайына.
«Үш анадан туғандар үш бөлініп
Кете қоймас!» дегенді ілді ойына.

«Әй, қазақтың өзінен сөзі жылдам.
Әзәзіл боп жететін кезі жылдам.
Ағайынды араз қып алауыздық
Қадалар ма қарғыстың көзі жылмаң?

Аса қоймас ұлдарым өнегемнен.
Кеуделерге көп сіңген көне көмбем.
Еншілерін сәтімен бөліп беріп,
Алдын алу керек-ау, не дегенмен»...

Күдік енген бәрібір көңіл алаң.
Салмағынан тағдырдың жеңіл адам.
Күрсінісін көмейден үзіп тастап,
Күбірлейді еріні: «Елім аман!»

* * *

Алақаны сипаса Қарқабаттың,
Қоя берер сірескен тарқап-ақ мұң.
Мейірленіп қадайды қарт бабамыз
Қара көзін астынан жар қабақтың.

Жасы озса да әлі де көркем анам
Саусақтармен құяңды өртеп алаң.
Еміреніп тіл қатты бабам сонда:
«Келер ме екен, сағындым Еркебалам.

Сағынышын жарының анық күшті
Сезінгенде ыршып жас тамып түсті.
От кеуденің шоғындай жалғыз тамшы
Құяң қапқан тас белді қарып түсті.

Еркебала - қызы еді еркелеткен.
Он төртінде-ақ тұрмысқа ерте кеткен.
Қарқабаттан туғанын жариялап,
Анасындай табиғат көркем еткен.

Қара көзді төңкерсе мөлдіреткен,
Есі кетіп еріксіз ер дір еткен.
Көп жүректі тұзақтап іліп кеткен
Көк көйлектің желпейі желбіреткен.

Қос өзендей бұлықсып қос бұрымы,
Қос алманың томпайтқан төсті ұрығы.
Аузын ашса, маржан тіс көздерді арбап,
Аңыз болған ақылы, естілігі.

Ақ мандайлы арудың ажарлысы.
Бәдендісі, бақтылы, базарлысы.
Қайқы кірпік шаншылып қадалғанда,
Тап болатын адамның ажалдысы.

Сай ғып баулып халқының әз ғұрпына,
Анасының өсірген төзді ырқына.
Желкілдеген жауқазын бір-ақ күнде
Қасым ханның айналған көз құртына.

Соза бермей тұқыртсам жаттанды әнді,
Тере бермей көбейтіп жоқтан барды.
Аталардың ұлы әпкем дәстүрімен
Ақ Ордаға келін боп аттанған-ды.

Төркін жұртын сағынса, ойлап елді,
Дірілдейтін қып-қызыл оймақ ерні.
Хан қабағы кей-кейде түйілетін,
Перзентсіз ғып әпкемнен қойған ерді.

«Еркебалам сағындым, келер ме екен?..»
Мейірім-ай көкейде көнермеген.
«Қарашығын жанына нұр құятын
Бір иіскемей, апырай, сөнер ме дем?»

Солай ойлап ұлы анам күрсінді ме,
Ақша беттен нұр қашты мұң сінді де.

«Жібертейін хабаршы қызыңызға,
Сағынғанын көкесі жүрсін біле...»

Отағасы басын жай шайқап тағы,
Басқа ыңғайды құптаған байқатпады.
Тәңір жазса, сездірер еркесіне
Көке даусын қопарып қойқаптағы.

Сұп-суық боп жотасы тершігенін
Көріп сезді кеселдің өршігенін.
Ал бабамыз қас бақты: «Әу, Күнайжан,
Бөлсем деймін ұлдардың еншілерін»

Күйзелсе де, ішінде жайрап сана,
Бас изеді Карқабат жайлап қана.
Күлген болды сыр бермей күдігінен.
Сыртыменен өзінше қайраттана.

Тасасында кірпіктің бұқты да мұң,
Күйзеліс пен күдіктің жұтты бәрін.
Алақанды алақан сипады да,
Тілсіз, үнсіз ұғысты мықтыларым.

XVIII

Жүрегімде даламның шошынғаны,
Алашымның жыртылып... қосылғаны.
Озбырлығын патшаның Жармақ[1] әкеп,
Өтті өмірден қазақтың Көшім ханы.

[1] - Ермак Тимофеевич - Сібірдегі қазақ хандығын аяусыз жаулаушы

Русь жазған тарихи ғұмырымды,
Тым әріге жібермей түбірімді.
Қалың казақ жайлаған бағзы күннен
Қазақтық деп айтқызбай Сібірімді.

Сібір десе ұмытар жұрт азабын,
Көкіректе тізіліп бір таза мұң.
Үштен бірін Алаштың сол өлкеде
Билеп тұрған Көшімі Мұртазаның.

От қарумен сайланып Жармақ келген.
Бейбіт елге ажалын арнап келген.
Шалды шауып, сәбиді отқа тастап,
Жаналғыштар Сібірге саулап төнген.

Қапияда салғызбай атқа тұрман,
Боздақтарым болған-ды жатқа құрбан.
Омырауын оқ тесіп өзектестің,
Теңіздей боп талай қан ақтарылған.

Кісі өлтірген кісіден өледі рас.
Төбесінен төніп құз төгеді тас.
Иттей болып шабылған денесімен
Қара Ертістің түбіне жөнеді қас!

Ел кегінен найза боп көктеп тақыр,
Зұлымдықты ізгілік шектепті ақыр.
Қара қанын қолқадан қорқыратып,
Жер жастантқан Жармақты Сәтбек батыр.

... Русь жеткен далама баяғыдан,
Айырам деп 'қазақты таяғынан.
Бастағанын Жармақ кеп аяқтаған
Жеткен кезде ғасырдың аяғынан.

Бұл оқиға болады кейінірек,
Жүрген кезде Алаштың кейі жүдеп.
Қара жерде қалқайған қыр қазағын
Талап жеуге ақ патша бейімірек.

Русь қадап Сібірге көзді үсіген,
Ен байлыққа батарын сезді ішінен.
«Қысық көзді номадты» шырылдатып,
Босатпаса жүнді қол езгісінен.

Бойлап еніп далама тарап жатты.
Аш өзегін нәрімді талап жапты.
Ана жақта қандасты бауыздаса,
Мына жақта жүрегім қанап жатты.

Қазағымның сан аулын қуып, бекіп,
Ертісіме солдаты жуыпты етік.
Жайлауымды шандатқан, ландатып
Қылқұйрықты үздіксіз қуып кетіп.

Бабам жерін шарпыған осы құйын,
Ойда жоқта тап басып бос иінін.
Жылқышыны бір-екі атып тастап,
Айдап кеткен Мейрамның қос үйірін.

Жасамаса кек қуып ел елдігін,
Жылтпайды бұлт басып төбенді Күн.
Болатқожа жауына кетті бастап,
Шұбыртпалы, Қамбарын, Бегендігін.

Көп тұяқтың ізімен сойғақтаған,
Қуғыншыны жүйткітті қайрап далам.
Жау үстінен түскен кез басып бұлар
Таң атпаған өліара,
Ай батпаған.

Жеңіс шарты - үлгеру бұрын қауып.
Дабылдатып ысқырды зырылдауык.
Жусап жатқан қос үйір тез дүркіреп,
Бері қарай, дыбысқа бұрылды ауып.

Зырылдауық - даламның әні ұрандар.
Жауға сесін танытқан өр ұландар.
Иесіне, жеріне тартты бетті
Қазағымның өзіндей жануарлар.

Тарс-тұрс мылтық атылды қауып түнді.
Сескендірмес оқ төккен қауіп кімді.
Құдайы ма Болаты сақтап қалған
Бүйіріне лез аттың ауып тұрды.

Бір алапат денесін күш кернеді.
Үш кезеніп жебесін, үш сермеді.
Үш ат өлді, үш орыс тірі қалды.
Зая кетті... кетпеді тістенгені?!.

«Жауға мейір кеудемде түнетпем ем.
Тіремедім жебені жүрекке мен.
Неге сөйттім?
Адам деп аядым ба?
Түсініксіз әлдебір тілекпенен...

Басылар ма дәл осы аңырғаным...
Аман ба екен апаттан бауырларым?
Тосқауыл боп калдым ғой, соларды аяп,
Білмесінші жанымның ауырғанын.»

Жетті, көрді. Бауырлар аман екен.
Күтіп мұны олар да алаң екен.
Кеуделерді толтырған бір мейірім
Туыстарды баурады алабөтен.

Атты елжіреп, қызарып дала таңы,
Сипап беттен шуағы - алақаны.
Сол-ақ екен төрт жігіт ал шырқасын
Даласының ұлдары - балапаны!

Даласы ғой - панасы һәм анасы.
Оттай ыстық әр тасы, әр ағашы.
Қанын, терін ағызып қорғап келген
Әр сүйемін жерінің бар алашы.

Қанын құйып қорғаған елін, жерін,
Түспесін деп бойға шер, көңілге мұң.
Құшып өлген даласын,
Көрмейін деп
Жат қолына тауар боп бөлінгенін.

Бұл төртеу де Алаштың қорғаны-тын,
Ел мен жердің сүйреткен ер қамытын.
Ұлан далам жасанған бұлар бар да,
Көлі - мөлдір,
Тауы - асқар,
Орманы - тың.

Дүбірлетті даласын жайлап желіп,
Жетті ауылға жылқысын айдап келіп.
Көкесінің көңлінен шықты ұлдары
Көкқасқасын белдеуге байлап беріп.

* * *

Батқан күнмен әл-қуат күнде азайып,
Ыстық демнің қызуын түнге жайып,
Кейде артына үңіліп күрсінгенмен,
Күткендей боп алдынан бір ғажайып,

Шомды күйге нақ сондай бабам менің,
Қимаса да перзентін дала, көлім,
Өкінбестен өксімей кете алсаң ғой,
Үзілерде таусылып санаң, демің.

Күдігіне үмітін жалғап келіп,
Ілгерісін, кейінін барлап көріп,
Сезді, ұғынды мәрт бабам тез ашуды
Бақилықтың қақпасын таңдап, көніп.

Бөленерде жер-ана құндағына,
Өсиетін айтпақ боп мұндағыға,
Жұбайлар мен жинады туыстарын
Хабар берді малдағы ұлдарына.

Дала қарып, от үрлеп тұр аңызақ.
Сояуланды шөп басы, құрақ ұзап.
Қостан келген Болатын Күнай ана
Отау үйде бөгеді бір азырақ.

«Көп ұзамас. Көз жұмып сөнер көкең.
Мен көнгенге, көңілім көнер ме екен?!.
Амал канша.
Қайғыға төзерміз де...
Балам, қазір еншіңді бөлер көкең.

Ез болады бажылдап ер үлесте.
Тату-тәтті сақтағын өмірді есте.
Төбедегі сұрап ал... ана-ау топты,
Аға-інімен мал үшін керілдеспе.»

«Апа-ау, ол топ бес жүзге жетпейді ғой.
Өкінішім ойымнан кетпейді ғой.
Мың жылқыдан тиетін үлесімнен
Айрылсам азабым өктейді ғой!?.»

«Шобырларды жүрсің ғой күнде көріп.
Көкқасканың тұқымы - мүлде берік.
Қарасаңшы, шобырлар су жалдаса,
Мыналар тұр мандайын күнге беріп!»

Ана сырын қапысыз баласы ұқты.
Бір түйінді бекітіп ала шықты.
Аттағанда ақ үйдің есігінен,
Тікті ұлына әкесі қарашықты.

Сол қарастан құйылды мейірімі.
Орап алды тілсіз-ақ пейіл үні.
Ақтық сәтте қимастан ілгерінің
Нышаны еді аймалар кейінгіні.

Жан-жүйесі ұлының босап кетті.
Бір өксікті байқатпай асап, төкті.
Әке ерніне маңдайын тосты-дағы
Сипады тез ишара жасап бетті.

... Әрең-әрең қимылдап әлсіз ерін
Бөлді ұлдарға қалаған еншілерін.
Шын көңілмен үлестен құр қалдырмай,
Ырза қылды қоңсысын, көршілерін.

Томсырайған жүздер мен жайрандаған
Сағымы ойнап ысыды қайнап далам.
Көз ашқанда төбеден жалғыз жұлдыз
Көзін жұмды мәңгілік Мейрам бабам.

Солқ етті ме қара жер... айта алмаймын.
Жүрегімнің өксігін шайқар қайғым.
Күн тұтылып,
Ай аунап кетпесе де,
Сезем сонда шаңырақ шайқалғанын.

Білем, сезем Даламның өксігенін,
Бұлт басқанын жылауық көк сілемін.
Қарс айырған кеудесін ұлы анамның
Жан жарасын жасымен тепшігенін.

Жұлып тастап тасжарған таңғы гүлін
Ұмыттырып ғұмырдың мәңгілігін.
Алып кетті ажал сұм аңдып жетіп,
Уәзір, биін қазақтың хандығының.

Мұңға бөлеп арасын жер мен көктің,
Азынап жел шың-құзға шерден төкті үн.
Алты алашы арысын жоқтағанда,
Өксіп берді өзі де керден топтың.

Өтті өмірден осылай асыл бабам
Басынбаған ешкімді,
Тасынбаған.
Ұрпағына, біздерге қонсын рухы
Қыр-сырымен әлі де ашылмаған.

Жолға ұзаттым жанымның жыр керуенін,
Жүректегі үнімен қыл перненің.
Бабамды іздеп,
Бабама мінәжат қып,
Ойға баттым,
Шер жұттым,
Мұң тербедім.

* * *

Сайрама, бұлбұл, сайрама.
Тарқатып шашын жайды ана
Жүрекке зілді қайғы ала,
Тындайық мүлгіп жай ғана,
Сұңкылда, бұлбұл, сайрама!

Қан ақты қара көздерден.
Түнеріп өндер өзгерген
Көңілмен еміс елесті
Көрейік сонау кездерден,
Қан аққан қара көздерден.

Мелшиіп дала түнерген.
Ілесіп желге мұң өрген.
Күңірентті қырды өксікпен
Алаштың абзал ұлы өлген.
Қамығып аспан түнерген.

Сарнама, құрай, сарнама,
Зарласын енді зарлы ана.
Егіліп жұрты тыңдасын,
Тыңдасын шұлғып сардала.
Солқылдап, құрай, сарнама!

Ызу да қиқу тоқташы, үн.
Алғанын анам жоқтасын.
Қатайтып жанын бекітсін
Қайғыға бөккен отбасын.
Шулаған улап тоқташы, үн!

Аңырап жоқтау жер-көкті
Сілкінтті, жұлқып тербетті.
Құйылып ыстық көмейден
Даламен ағып шер кетті.
Тілімдеп жаспен әр бетті.

Зарлады анам, зарлады,
Жоқтауын ерге арнады.
Шертілді шердің үнімен
Еңіреп жұрттың қалғаны.
Халқымның арып, талғаны.

Егілді жүрек, егілді.
Басты деп түнек көгімді.
Жерге емес, асыл жан жары
Жүректі жарып көмілді.
Езіліп жаны егілді.

Сайрама, бұлбұл, сайрама.
Жоқтауын қырға жайды ана.
Күйіктен күйген Күн батып,
Аймалап туды Ай ғана!
Тоқташы, бұлбұл, сайрама!

Жас ақты тіліп ақ беттен.
Жоқтаумен зарлап жақ кеткен.
Аялап іздеп арысын
Мейірімсіз ажал ап кеткен.
Жылатып жұртын қап кеткен.

Бөгеші уай, жел, уілді.
Тоқтатшы сәл-сәл шуынды.
Анамның зарлы үнімен
Ішейін зәрлі уымды.
Көкірек жаспен жуылды.

Сұңқылда, аққу, сұңқылда!
Бөленсін әлем ыңқылға.
Жоқтасын анам сыңарын
Адасып қалған жұртында.
Анам боп, аққу, сұңқылда!

Бұлқынба, бұлақ, үндеме.
Жылжи бер сырғып, мұнды еме
Зарлы анам шер мен шеменін
Қамасын жүрек-түрмеге.
Қайғыға бөксін тұл дене.

Жоқтаумен өршіп зар әні,
Өкпемді езіп барады.
Өзекті өртеп күйдіріп,
Кетпестей салды жараны,
Анамның шерлі зар әні.

Өртенді, жанды, күйді ішім.
Қанымда күйік құйғысын.
Тұсар ма жанды жыр-әуен,
Ұшар ма көкке күй-құсым,
Күйікке толы күйді ішім.

Құсамды айтпай не дейін,
Өксікті жұтса көмейім.
Жанымды зары жұлқыса,
Жоқтау боп жетіп өгей үн.
Сол үнді у ғып емейін.

Емейін уды, емейін.
Қаралы түзге енейін.
Қарайын анам жүзіне,
Ауылды барлап көрейін.
Өткенге бойлап енейін...

... Жасырып аппақ сүлдені,
Топырақ жапты мүрдені.
Азалы күннің күрсінген
Қуырып қырды тұр демі,
Тапсырып жерге мүрдені.

Азалы мынау ауылды,
Берген соң жерге тәуірді,
Көшіп кеп қоршап көп ауыл
«Баурымдап!» күтті бауырды.
Жеңіл ғып жетіп ауырды.

Аспанға жетіп зарлап үн,
Елінің ерін, қорғанын,
Оң жағынан шығарған
Он екі қанат орданың,
Алаштың асыл ардағын.

Жеткізсе ажал бітуді,
Қайтесің, зарлап жұт уды.
Бастап та кетті, әне жұрт
Өліктің артын күтуді.
Жыл бойы өксік жұтуды.

Ежелгі дәстүр жаңғырды.
Жылқыдан атын алдырды.
Көкқасқа - бабам меншіті
Шандатқан талай даңғылды,
Бөлісіп қилы тағдырды.

Оң жаққа басы түзелді.
Жұлынды ерден үзеңгі.
Тұлпарды, міне тұл ат қып,
Құйрығы, жалы күзелді.
Қайғыға бөгіп жүз енді.

Егеумен найза қайралды.
Белдеуден сонсоң жайды алды.
Найзаға аппақ шүберек
«Қара ту» болып байланды.
Тігіліп қара, сайланды.

Ағылды Арғын, төгілді.
Бірнеше септер[2] сөгілді.
Беріліп бай, көп підия
Көңшітті біраз көңілді.
Тоғыздар талай бөлінді.

Бабамның мол ғой киесі.
Бас тоғыз болып түйесі.
Тон, кілем, жамбы, тайтұяқ
Табылып жатты иесі,
Қонған соң бабам киесі.

[2] сеп - тең, жасау

Азаға малды салғаны,
Қосқаны және алғаны
Мың-мыңдай тұяқ санымен
Аңызға аңыз жалғады.
Танылып ердің салмағы.

Шаң жұтты көкшіл сағымды.
Тұяқтан дүбір жаңылды.
Беттерін жыртқан үш анам
Басына қара жамылды.
Арысын әлден сағынды.

Құйқалы адыр, бел менен,
Асқар тау, шалқар көл менен,
Кең сала, жайлау, ен өлке
Азаны құшты көлбеген,
Қоштасып абзал ерменен.

Зарлатып жоқтау жұртымды,
Көбесі көктің жыртылды.
Ботасын іздеп боздайтын
Қозғайтын шерлі үн тұрды.
Сілкіді сол бір үн қырды.

Жарылып жүрек құсадан,
Сарнады зарлап үш анам.
Кеудемді қамап тұйыққа,
Жанымды шермен тұсаған
Қайран да менің үш анам!

Іздеді аңсап алғанын.
Аңырап артта қалғанын.
Жоқтаумен жарын
Көтерер
Тағдырдың басқа салғанын
Жанымнан абзал жандарым.

Сұңқылда, аққу, сарна да,
Қосылсын сыңсып зарлы ана.
Бұлқынсын теңіз шерге иіп,
Жұлқынсын мұңмен сардала.
Аналар әні - зар ғана.

Сайрама, бұлбұл, сайрама.
Тарқатып шашын жайды ана.
Жүрекке зілді қайғы ала,
Шертейін күйді жай ғана,
Өксікті жырға айнала,
Тындасын тау, тас. Айдала...

* * *

Шалқар көлім, асқар белім көкпеңбек.
Мамыр айы бұлықсыды көктем кеп.
Май шуағы масатыны құлпыртып,
Құйылады кең төскейге көктен көп.

Қыс қарлы боп, дымқылы мол жер күйлі.
Қызғалдақты қыр самалы желпиді.
Бірін-бірі сағынысқан ғашықтай
Аспан жерге, жер аспанға елтиді.

Елеттірмей қыз-жігітке қыр гүлін,
Бұл ауылда бір қарбалас тұр бүгін.
Кең төскейге қонған келіп сансыз үй
Түріп жатыр оң тілекпен түндігін.

Бұл қарбалас - ертеңгі өтер ас қамы.
Ұмыттырған бұл тірліктен басқаны.
Ер атаулы ат үстінен бір түспей,
Әрекетін тас-түйін ғып бастады.

Белдеуіне қара тіккен тұл үйдің
Көз қаратпай іштей үнсіз ұлиды үн.
Қазалы ойдың азасынан арылып,
Келмейді-ау бір көкірекке мұң үйгің.

Тұл киімдер керегеге ілінген.
Көп үйлердің іргелері түрілген.
Қазақ шіркін ширап, серпіп кетеді
Ауыздары босағанда күбірден.

Жазу үшін сипап, майлап жараны,
Жиылды асқа Оралы мен Аралы.
Жетісуы, Алтайы мен Алатау
Төре, қожа, қалдырмастан қараны.

Ардақтысын, ұлы Оғланын Арғынның
Шын көңілмен сыйлауы бар әркімнің.
Алшын, Қыпшақ, Найман, Керей, Жалайыр,
Жылуындай нұр сеппекші әр Күннің.

Әкеліпті Қоңыраттан күйшіні,
Нағашы жұрт - Ұлы жүздің Үйсіні.
Құрметтейді Алаш елі Мейрамды
Болғаннан соң әділдіктің би - шыңы!

Жапыр-жұпыр кілең үлкен ақ үйлер,
Көптігімен ес тандырып, жан илер.
Күтуші мол, даяшы мен аспазшы,
Жас қыздар жүр көмектесіп нан илер.

Асып кетті бұл ауылдың сәні тым.
Сылаң қаққан аттарының бәрі тың.
Астың қамын үлкендер жүр ескеріп,
Түз салтының өзгертпей бір әріпін.

Төрт тараптан мыңдап адам құйылды.
Ұбақ-шұбақ тұтатып-ақ құйынды.
Адам түгіл табиғат та тамсанды
Алғаш көріп дәл осындай жиынды.

Кең төскейге толды бір күш кернеген,
Шығар даумен не ағызған терменен.
Талай аңыз, талай дақбырт таратар
Дәл мұндайды бұрын-сонды көрмеген

Әр үй сайын семіз байтал сойылды.
Үйтіп жатыр және екіден қойынды.
Қазақ қана барын шашар аямай,
Өткізерде асың менен тойынды.

Жасау, бұйым асып түскен шамадан.
Көрпе-жастық, ыдыс-аяқ жаңадан.
Табақ тартар даяшылар астында
Кілең жорға бауырынан жараған.

Құба жонда шұбатылтып мың ізді,
Сүйретпемен тасып жатыр қымызды.
Күмпілдетіп піскен саба дауысын
Жоқтау айтқан тұл үйдегі мұң үзді.

Дауыс айтқан - Еркебала, үш анам.
Шер-зарымен бар ерікті тұсаған.
Мынау жылас - ең соңғы ағар көз жасы,
Арылады сонсоң жұрты құсадан.

Жетектейді ойды арман, бойды үміт,
Күрсіну мен өксітуді қойдырып.
Ұйығынан жұлып алып қайғының
Өткізеді аза соңын той қылып.

Мезгілімен сөнсе тірлік жас келіп,
Жөнелтеді сыйлап халқы ас беріп.
Бастан қара, іштен нала түскен соң
Жас арулар шыға келер қас керіп.

Ал әзірше жасап тұлдың ырымын,
Тарқатыпты аналарым бұрымын.
Әне, ақсақал қыл белдеуден суырды
Найза менен қара тулы құрығын.

Ақ шүберек найзадағы жыртылды.
Құрық сынды. Құлақты ұрған үн тұрды.
Ерді ескерер тұл белгісі жойылды,
Енді осымен бір азалы жыл тынды.

Асаусыған алып жетіп тұл атты
Төрт-бес жігіт арқан шалып құлатты.
Бауыздады бата жасап ірі Арғын,
Ағызды да жылы қаннан бұлақты.

Қаралы үйдің тең мен себі сөгілді.
Екі-үш тамшы ақ от отбасына төгілді.
«Баста - деген - қызығынды!» - белгі бұл
Көтермекке көптен тынған көңілді.

* * *

Айтылған соң қайдағы мен жайдағы,
Бөліскен соң сағынышты қойманы,
Тысқа шықты нағашы қарт, бой жазып,
Астың осы ең кадірлі мейманы.

Қуандықты ілестіріп қасына,
Дулат ұлы кең аттайды асыға.
Еңсесі тік, кеуде шалқақ, көз - алмас,
Қарамастан шау тартқызған жасына.

Ентеледі бәйгетөбе - көмбеге,
Маңайдағы бұрылмастан өңгеге.
Көп тұяқтан желпіп туған ақ шаңнан
Күн ұқсайды жалғыз алтын теңгеге.

Көлбек қаққан көз тұнады күліктен.
Тықыршиды екі-үш асау үріккен.
Араб аты, қазанаты қазақтың,
Кавказ тұғыр, ахалтеке түрікпен.

Бәйге десе құтыратын жайда тым,
Біздің қазақ табар содан айбатын.
Құйрық-жалын сүзіп, тарап, үкілеп,
Жұтындырып әкеліпті бәйгі атын.

Бар дәрменін билеп, жеңіп құмарлық
Ертіп келді қартты атына Қуандық.
Нағашыдан шын көңілден бата алып,
Жүйрігіне тағып бермек тұмар ғып.

Бір айналып жиенінің бестісін
Қарт аузынан аямастан көшті сын,
Бас шайқады. Сөйлеп кетті саңқылдап,
Дегендей-ақ жұрттың бәрі естісін.

- «Мәстек мынау!
Мұнан артық тай неме.
Мейрам жоқта тартқаны ма Ай көне?
Құланқасқа, Көкқасқаның тұқымы
Азғаны ма?
Қоспа атыңды бәйгеге!»

Қол сілтеді.
Бестіден қарт түңілді.
Тіп-тік еңсе шыдамады, бүгілді.

Кенет... көзде бір жасыл от тұтанып,
Қылқұйрықтың арасына үңілді.

Желіп кетті жерге тимей табаны,
Енесіне ұмтылған тап жабағы.
Жеткен бойда үш айналып көк атты
Ақтарылды лепірумен тамағы:

- Ой, пірім-ай! Қырым етсіз ұзын бас
Кез жарым-ау! Оңайлықпен қызынбас.
Кең кеңсірік,
Талыс танау,
Қасқыр көз
Анау-мынау дүмпуіңнен бұзылмас.

Омырау алшак,
Арқа құдыс,
Төс төмен!
Кеуде шалқақ,
Қарны қашқан, өспеген.
Тұтас жота,
Тартыңқы жон,
Тар мықын
Ерте салсаң шаршамайтын кешпенен.

Көремісің жұдырықтай қабағын?!.
Құлаш мойны жұмарлаған тамағын.
Астыңғы ерні саптыаяқтай салбырап.
Сұлу тістер - үйлеріндей қаланың!

Табан жалпақ,
Жер соғары тым биік.
Қабырғасы дөңгеленген күнге иіп.
Қабырғадан сырт айналып шынтағы
Аулақ жатыр сынық сүйем дүрдиіп.

Ойынды ерні желбіреп тап түндіктей,
Жалпақ жаурын кең топшыны тұр бүкпей.
Тіп-тік аяқ жұр-жұмыр боп сіресіп,
Түк сезбейді-ау не салсаң да бір түктей!

Пай-пай мынау үңгір сағақ,
Қақпан бел!
Биік шоқтық, астау арқа - жатқан бел.
Бұлан мойны шапқан кезде созылып,
Боп кетер-ау алдың - дауыл, арқаң - жел!

Шақпақ еттен ерек біткен шүйдесі.
Қуыс қолтық - өкпе өшірмес күймесі.
Қамыс құлақ,
Шоқпар кекіл,
Қарсақ төс
Жер тесер-ау быртық бақай түйресі.

Бота тірсек,
Тазы тізе,
Серке сан.
Тұлпар шіркін болса осындай әрқашан!
Құлан жалы - құндыздай-ау,
Тәует бас.
Бір жүгіртіп... құмарыңнан тарқасаң!

Батпан жілік,
Аласа ұршық зымырар.
Көк түгіне ақ көбігі жұғылар.
Жамбасының басы делдек,
Қоян жон.
Дәл осы атты мақтамаса, жын ұрар.

Маңдай жалпақ,
Бөрі қарас, көз - жалын.
Ту ғып шайқар шапқан кезде жез жалын.
Сом тұяқпен жер ойғанда дүбірі
Кете берсе шығып сонда өз жаның...

Мойны биік.
Дене жуан, тұрқы ұзын.
Бәсіне аттың берер қазақ бір қызын.
Пай-пай шіркін! Нағыз дүлдүл дәл осы!
Туғызады бүгін бәйге жұлдызын!»

Жетті Болат нағашыға қуанып,
Ырзалықтың қой көзінен нұры ауып.
Арқасынан қаққан кезде қарт оны,
Қуандықтың өңі кетті қуарып.

- «Оу, жиенім, иесі ме ең көк аттың?! -
Маңдайынан сүйді иіп Болаттың. -
- Жылқы жайлы жалықпаймын айтудан.
Ал адамды сипаттауға олақпын.

Ер боларсың жарасса жан күтімі...
Ерекше тым мына атыңның бітімі!
Жоғалмапты-ау қожалардың төл аты,
Үзілмепті-ау Құланқасқа тұқымы.

Дүбірлейді тұяқ бар да дала, жер.
Еліменен көгереді саналы ер.
Сен көкеңнің өзі де бол, көзі бол,
Ал бәйгеңді шапқызбай-ақ ала бер.»

* * *

Ат жарысты қайтем созып шұбатып,
Шамырқантып, көзді жаспен шылатып.
Баяндайын өз халімше жасырмай,
«Ойнағанын» бауырлардың шым атып.

Дүбірлеткен тұяқ теуіп жазықты,
Арна қылып төскейден жол қазыпты.
Кездеспепті жол торығыш батыраш,
Қадамапты ешкім ізге қазықты.

Өңдей емес, елестей боп түстегі,
Оқ бойы озып кепті Болат үш көгі!..
Қуандықтың інісіне өкпесі
Қоздатыпты бар қыжылды іштегі.

Туыстардың реніші қиын ғой.
Ашу деген - ес тандырар құйын ғой.
«Есем кетті!» деумен істі Қуандық
Өштесуден басқасынан тыйылды ой.

Ас біткенмен ес бітпеді санаға.
Қол жүгірді өңеш пенен жағаға.
Қасіретті қамамай ма жүрекке
Балалардың жауласқаны анаға.

Нұрфаяны тыңдамады тұңғышы.
Бір ашуды тыя алмайды мың кісі.
Сыртыменен «араша!» деп сөз қосқан
Күншілдердің қуанғаннан күлді іші.

Көтерген жоқ қолын, көзін інісі.
Тек Болаттың жиіленді тынысы.
Сезді ме екен быт-шыт болса татулық
Ыдырарын Мейрамсопы ырысы.

Дәл сол кезде атып шығып Сүйіндік
Жалт қаратты жұрттың бәрін сүйінтіп.
Ту сыртынан ағасының шап беріп,
Ұстап қалды тырп еткізбей иілтіп.

Иек қақты ол.
Болатқожа ұғынды.
Толды өзегі мейірімге бұрынғы.
Шыға келген кірпігіне моншақты
Сілкіп тастап, анасына бұрылды.

Үндеместен ана ат жақты ымдады.
Жанаспады алақаны - құндағы.
Қала берді Қарқабаттың сүлдері
Жаны елжіреп бірге кетті ұлдағы.

Қонған бойда бір-ақ шапшып еріне,
Тақым қысты Болатқожа көгіне.
Басылғанша ағасының ашуы
Көзге түспей, жүре тұрмақ шегіне.

«Ай аспанда, Күн төбеде тұрғанда,
Бұл қазаққа іздеп келер мұң бар ма!»
Дейтін көңіл май ішкендей кілкіді,
Аттың басын елден аулақ бұрғанда.

«Бір аяқтан бірігіп ас ішілмей,
Кеткені ме аға ініні түсінбей?
Бір атадан туған бауыр едік қой
Аналарға жүрсек күйік түсірмей...

Бауыр болсақ, неге араздық іздейміз,
Қаталдықтың неге жігін үзбейміз?
Шуақ шашқан мейірімді жоғалтып,
Ызғар төккен қабағынан күздейміз.

Аналарым жазықты еді несімен,
Ұлдарының шығып кетсе есінен?
Апам менің Сүйіндікті емізсе,
Нәр алғам мен Дәу апамның[3] төсінен.

Әй, Сүйіндік! Абзалым-ай, құрдасым.
Көрпе астында күңкілдескен сырласым.
Кетеміз бе зардың ашып кақпасын,
Енеміз бе ұғыныспай мұңға шын?

[3] Дәу апасы - Нұрфая шешесі

Қуан ағам кек боп жалғыз сезгені,
Қашан көрер аянышты көздегі.
Өзектесін өзі тепсе өзекке,
Құтыртарын біле ме екен өзгені?!.

Құнымызға тати ма екен мал деген,
Өткізер ол тіршілікті әуремен.
Көкқасқаның бар тұқымын алға сап,
Қиянатты жасадым ба әлде мен?

Алсын көктің қанша алса да үйірін.
Шекпесін тек өкпе-сыздың шиырын.
Қабы бөлек, қаны бірге ағам ғой
Тұрар бұрып бүйрегім мен бүйірім.»

Осы ойымен алданды да күрсінді.
Кеудесіне өкінішті мұң сінді.
... Елең етіп жанарда от тұтатты,
Естіп қалып арттан дүбір-дүрсілді.

Шаң есілді сілекейдей шұбырып,
Қос аттының желкесінде құбылып.
Қас төне ме,
Дос келе ме - білмеді,
Бір ашылып, бір жұмылды жұдырық.

«Түнге айналтып алтын арай таңдарды
Заман осы жауластырған жандарды».
Деді ме екен, артқа үңілді тұра қап,
Тани кетті Шұбыртпалы, Қамбарды!

«Қайран ғана асыл текті ағалар,
Сендер бар да етегім кең, жаға бар!»
Айтып соны үнсіз ғана көзімен,
Сезді күйді жан берісіп, жан алар.

Ләм деместен қас-кабақпен ұғысты.
Бір жылылық жүректерге жұғысты.
Енді үшеуі үзеңгіні кағысып,
Көк сағыммен бірге сырғып, жылысты.

* * *

Тамаша ғой құс дауысты таң әні.
Сол әуеннен жанға дауа тамады.
Перзентіне өнегесін үйреткен
Табиғаттың таусылмайды сабағы.

Таң - даланың нақ періште бейнесі.
Сұлулық ол - киілмеген жейдесі.
Әсемдікке тамсанасың таң қалып,
Шырт ұйқыңнан оянғандай кейде осы.

Аспаның - көк, жерің - жасыл көктемде.
Жарастыққа қызықпайтын жоқ пенде.
Әдемі әлем мың құлпырып кетпей ме,
Зер бояуын таң тамылжып төккеңде.

Күн қызарды шың басына нұр малып,
Сала берді қыр арудай нұрланып.
Болаткожа шым дуалға сүйеніп,
Айналасын ғашық көзбен тұр бағып.

Мынау дала, мынау тау, тас - ғаламат.
Атамекен! - Бабалардан аманат.
Туған жердің топырағы - киесі.
Ал ауасы - қанда ойнақтар аралап.

Еміренді, жаны езіле исінді.
Өзегіне өзектескен күй сінді.
«Сипаттар ма мына танды жылқыдай!..»
Аңсай берді нағашы қарт Үйсінді.

Таң - ғаламат!
Таң - керемет!
Таң - мықты!
Жая сапты әсемдікті, пандықты.
... Таң әуенін ат дүбірі қак бөліп,
Көп бояуды аппақ будақ шаң жұтты!..

Таң алтыны шаң-тозаңға боянды.
Дүбірді естіп екі ағасы оянды.
Елжіретіп атып еді бейбіт таң
Болар ма екен жалғасы оның баянды.

Найза ұшында жарқылдатып қызылды,
Шаңнан бір топ түйдектеле үзілді.
Әлгіндегі әсерленген Болаттың
Таза көңлі бұлт басқандай бұзылды.

Топ алдына түскен - Қуан ағасы.
Сұр бешпенттің алқам-салқам жағасы.

Суық жүздің сұсындай ғып от шашты,
Қарагердің тасқа тиіп тағасы.

Бауыр жалғыз. Қалғандары - нөкері.
Әрқайсысы шатақ, даудың жеке ері.
«Шауып келмен!» «қауып келдің!» әккісі
Олар үшін болмас істің бекері.

Кекті ағамен жетті міне түнеріп,
Күш боп, сес боп қаһар төге тіреліп.
Жендеттерге бар мен жоғың бәрібір
Туыстардың бірі қалсын, бірі өліп.

«Қуан аға! Қатем болса сөк мені,
Құр кептірмей ашуменен өкпені.
Жағалассақ, жанымызды жазалар,
Аналардың қанды жасты төккені.»

Інісінің уәжіне қыңбады.
«Ә, зәндемі! Бала деп пең мұндағы.
Жауаптасар бола қапсың менімен,
Көтіңді қыс! Өз орныңды біл-дағы!

Қапта! Тапта!
Байла мына үшеуін!
Соқ дүрені!
Қолтығын сөк!
Піс өңін!
Кеткен екен көздерінің еті өсіп,
Көрсетейін құлындағы тісеуін!»

Сол-ақ екен жеті жендет ұмтылды.
Шан-тозаңнан тұтатып ап бұлтыңды
Найзаларын түйрейдей боп ұзартып,
Айдаһардай сумандатқан мың тілді.

Абыржыған үш бауыр тұр қорада.
Шым дуал бар жол бөгейтін арада.
Қуандықтың зіркілдеген зілді үні
Тұз сепкендей жүректегі жараға.

Ат - құс емес. Өте алмады дуалдан.
Месел қайтып, көздерден от суалған.
«Әттең шіркін айдап шығып албардан
Сүңгілесе... шығар ек-ау құмардан».

Екіленді. Көмей төкті қарғысты.
Көз ақшиды. Басқа шапшып қан қысты.
Шым дуалға омыраулай соқтығып,
Бір жендеттің аты құлап, шаң құшты.

Сақталып ед түздің қашан қай заңы,
Ал лақтырсын ажал сепкіш найзаны!
Құшар екен сұр масақты қайыссы,
Ұшар екен қай кеуденің қай жаны?..

Суылдатып таңғы ауаны сүңгі үні
Бір өмірге өлім тиеп сүңгіді.
Жалт бергенде Болатқожа, сұр темір
Тар қолтығын Қамбарымның үңгіді...

Сызып өтті. Ақ жейдеге қан тепті.
Көрді Болат. Алаулатты қан бетті.
Шым кесекті жұлып алып лақтырып,
Найза салған жалп еткізді жендетті.

Жерді төсеп айдарлы бір төбеге,
Қара кесек тиді аунатып денеге.
«Қарулыны қарусыздар жеңе ме?»
Деді ме екен. Қол жармасты жебеге.

Сығалады, көздегендей есекті.
Дайындардай топырақтан төсекті.
... Жұлып түсті Болат бұрын әлгіні,
Шұбыртпалы ұстатқанда кесекті.

Нән кесекті Қамбар да енді ұсынды.
Кесек қана құтқарарын түсінді.
Құрыш қолда кесек оқтан кем емес,
Мылтықтыны аттан жұлып түсірді.

... Есін жиып ат-матымен құлаған
Көрді ағасын шым астында сұлаған.
Көкірекке қан ұйытты кек кернеп:
«Өлсін - деді, іштей бекіп, - бір адам!»

Іргеде еді ол. Іштегіні көрмеді.
Қуандыққа көз найзасын сермеді.
«Барлық пәле сен жауыздан келді!» деп
Қолын созды садағына жердегі.

Қыл арқанды сермегеннің асыға,
Тиді кесек дулығалы басына.
Енді ағаға тіл қатқалы Болат ер
Мойын созды шым дуалға асыла.

Көрді іргеден қанталаған төбені.
Көрді қолды туралаған жебені.
Көрді үнсіз құр сүлде боп бағжиған
Қуандықты... оқты күткен денені.

Жан ұшырды. Шым дуалдан секірді.
Көк жендетті көк желкеден жете ұрды.
Сол-ақ екен аға атынан домалап,
Болатты кеп құшақтап ап, өкірді:

«Отқа салмас, оққа қимас, бауырым!
Мен жасаппын ағат қылық, жау ырым.
Өлім, өмір қас қағымда таласты-ау,
Жер жамбастай қала жаздап жауырын.»

Түсіністі. Кеуделерден кек кетті.
Туыстықтың бәйшешегі көктепті.
... Осы кезде ірі Арғын бастаған
Кәрілер мен шешелері кеп жетті.

Татуласқан төрт бауырды көрді олар.
Кесек басқан жендеттерді терді олар.
Әлгілерге ұрсып, таңып жарасын,
Баталарын бауырларға берді олар.

Мерейленіп күн құйылды төбеден:
«Ей, адамзат, жақсы едіндер не деген!
Жауласып қап, ынтымақты таппасаң,
Жетпес ем ғой күйіп-жанып көнеден.
Ырылдасар - жыртқыштар ғой қан жұтар,
Тату-тәтті адалдықта - өнегең!»

Дәл солай деп айтты ма Күн, білмеймін.
Ал мен өзім шуақ шашқан күндеймін.
Адамдықты, адалдықты алқалап,
Жауыздықты, жалғандықты тілдеймін.

Тас бауырлар шабысқанда, қуардым.
Хас бауырлар табысқанда, қуандым.
Қан жаланып таң атпауын тіледім,
Бейбіт күліп жетсін деймін туар күн.

Ұрпағымыз Мейрамсопы бабаның -
Ұлы Алаштың, нақ қазақтық дананың.
Үш ананың уызынан нәр алған
Перзентіміз және шексіз Даланың.

Тарағанбыз бір шаңырақ - бір үйден.
Кеттік шалқып сан мыңдаған мың үймен.
Қайда жүрсек тұтастықты жоймайық,
Кейде шат қып, кейде тірлік мұң үйген.

... Кеттім біраз қиял қуып ауытқып.
Ынтымақты жоғалтардай қауіп қып.

Бар Алаштың ақсүйегі - Арғыным
Ыдырамас, кетсе-дағы тау ытқып.

Бірер күнге берекесін шайқаған
Оралайын бауырларға қайтадан.
Аналарын алақанда аялап,
Жүректері сәби болып айтады ән.

Не жетуші ед татулықтың әніне.
Ән жоқ жерде тіршіліктің мәні не.
Анаға арнап әуелеткен әуенге
Сиып кетер Әлем, ғалам - бәрі де.

Аналарым - асылдарым, күрсінбе.
Жүректерге тек қуаныш кірсін де.
Ана жаны - пәктік және мейірім,
Жер бетінде тазалық боп жүрсін де.

Аналарды жылатпашы, Жаратқан.
Аналармен нұрлы әлемнің таңы атқан.
Жерін, төлін уызымен суарып,
Ең алғашқы махаббатты ол таратқан.

Аналарым - қасиеттім, киелім.
Ақ басымды сәбиің боп иемін.
Бір ананың шытынаса қабағы,
Шыбын жан боп сырқырайды сүйегім.

Аналарым - кемеңгерім, кемелім.
Өздерісің - жаңаның һәм көненің!

(Әлгіндегі бұл емес ед не дегім.
Алып қашып бара жатыр өлеңім).

... Аналарын балалары жұбатты.
Елжіретті, іштей үнсіз жылатты.
Кеуделерге күн қондырып ып-ыстық
Мөлдіретті мейірі мол бұлақты.

Сол шуақтың сәулесі әлі төбемде.
Сол бұлақтың әрі, нәрі - денемде.
Шуағымды шашыратып көгімнен,
Бұлағымды тамшылаттым мен елге.

* * *

Асқар тауым, кен өлкем, жалпақ далам!
Сәбиің боп төсінде қалтақтағам.
Өткендердің ізінен із кестім бе,
Көздеріне түстім бе жалтақтаған?

Ексем деп ем көненің көп үмітін.
Шеше алмадым. Қыр-сырдың көбі бүтін.
Ана, баба жанына еңбек болған
Шарқ ұрды ма ақынның көңілі тым.

Мінгесті ме әнге шер, қиялға мұң,
Шерте алдым ба шежіре күй арманын.
Ақтара алмай қойқапты, баптана алмай,
Тығыла ма кеудеме ұялған үн.

Қарсы алдымнан жайғанда дала төрді,
Жыр ғып төктім мандайдан қара терді.
Ардақ тұттым ағасын аялаған
Қаракесек атанған Болат ерді.

Бабам, Анам - киелім, қасиетім.
Құдіретті бастауым - бас иетін.
Ұл-қыздары Ұлыға айналар ек,
Ұлық көңіл сақтаса өсиетін.

Айтпақ едім халқымның өткендерін.
Бола алды ма сөз - көпір, өткел - демім.
Жеткіздім бе емінтіп қандасыма,
Кеткендердің сүйгенін, жек көргенін.

Өткен күннің бұза алмай тас қамалын,
Тайғанады шың- құздан тас табаным.
Қыран қылып қиялды қияға аттым,
Бағайын деп анамның қас-қабағын.

Тауарихтың алмақ боп тас қамалын,
Тас қақпаның талайын қасқаладым.
Үзіп ендім тылсымның торлы есігін,
Бір көруге сәулесін хас бабаның.

Үміт саудым жалықпай мың арманнан,
Табам деумен тегімді құмарланғам.
Аяды ма, білдірген аяны ма,
Бабам түсте ақ бұлт боп мұнарланған.

Ұлықтаса рухын ұл табына,
Жаңғырар-ма жүректе үн тағы да.
Түсте болса кездесіп жүрсін бабам
Мына біздей бүгінгі ұрпағына.

Ұрпақ өсер ұрпақты алмастыра.
Іздер өшер ғасырлар шаң бастыра.
Бұл жырыммен бір қадам бастым алға
Бабам жолын Мәңгіге жалғастыра!

Уассалам!

***10.08.2009-10.01.2010 жж.***

**Софы СМАТАЕВ**

**МЕЙРАМСОПЫ - ҚАРҚАБАТ**
***(сыр-дастан)***

**Редакторы** Шәмсия Жұмаділқызы
**Беттеген суретші** Нұргелді Серғожаұлы
**Корректоры** Марғұлан Манасұлы

Теруге 11.02.2010 жіберілді. Басуға 30.03.2010 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $1/_{32}$. Қаріп түрі “Таймс”. Көлемі 13 баспа табақ.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 3851.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 9965-9742-8-4

9 789965 974281



Софы СМАТАЕВ

